

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**«АЙНАЛАҒА ҚАРА» («АУЫЛ ӨМІРІ», «ҚАЛА ӨМІРІ»):
«ӘЛЕУМЕТТІК-ТАРИХИ ТӘЖІРИБЕ» БАҒЫТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ
БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАМАЛАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ОРГАНИЗАЦИИ
«АЙНАЛАҒА ҚАРА» («ЖИЗНЬ АУЛА», «ЖИЗНЬ ГОРОДА»):
СОЦИАЛЬНО-ИСТОРИЧЕСКИЙ ОПЫТ»**

**Астана
2018**

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2018 жылғы 22 қазандағы №11)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол №11 от 22 октября 2018 года)

«Айналаға қара» («Ауыл өмірі», «Қала өмірі»): «Әлеуметтік-тарихи тәжірибе» бағытын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдамалар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 224б.

Методические рекомендации по организации «Айналаға қара» («Жизнь аула», «Жизнь города»): социально-исторический опыт – НАО им.И.Алтынсарина, 2018. – 224 с.

«Айналаға қара» («Ауыл өмірі», «Қала өмірі»): «Әлеуметтік-тарихи тәжірибе» бағытын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдамалар: қазіргі заманғы ауыл мен қала даму парадигмасының теңестіру, сәйкестендіру, ықпалдастыру қажеттілігінен туындады.

Бұл ұсынымдамаларда оқушылардың жасы мен ерекшеліктерін ескере отырып адами капиталдың құндылықтарын трансформациялау тұрғысынан қазіргі заманғы ауыл мен қаланың материалдық және рухани мәдениеттерінің өзара ықпалының әлеуметтік-тарихи тәжірибесіне зерттеулер жүргізілген.

Сонымен қатар, «Саналы азамат» базалық бағыты шеңберінде «Айналаға қара» жобасын іске асыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдамалар берілген.

Бұл басылым педагогтерге, мектеп директорларының орынбасарларына, сынып жетекшілеріне, әдіскерлерге, мұғалімдерге, жетекшілер мен ұйымдастырушыларға, сонымен қатар басқа да мамандарға арналған.

В работе рассматриваются социально-исторические и современные аспекты воспитания обучающихся в условиях города и села в контексте формирования человеческого капитала. В целях преодоления различий между обучающимися города и аула и восполнения недостатка ресурсов для их профессионального самоопределения, трудового, семейного воспитания в духе национальных традиций и обычаев разработаны методические рекомендации для организации работы по реализации ключевого направления «Айналаға қара» («Жизнь аула», «Жизнь города») программы «Рухани жаңғыру».

Методическое пособие адресовано учителям, классным руководителям, заместителям директоров по воспитательной работе, методистам общеобразовательной школы.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2018
© Национальная академия
образования им. И. Алтынсарина, 2018

Кіріспе

Кертартпа ескіліктен арылып, санасын жаңғыртпаған ел ешқашан экономикасы дамыған озық елдердің көшіне ілесе алмайды. Қоғамда саналы азаматты қалыптастыру үлкен бетбұрыстың бастауы болып табылады.

Саналы азаматтар қауымдастығы қалыптасқан елде реформалар жедел жүзеге асады.

Саналы азамат дегеніміз-төртінші индустриялық революция жетістіктерін және бірнеше тілді жетік меңгерген білімді, білікті маман.

Сананың ашықтығы дегеніміз- жаһандану мен жаңа технология өмірімізге алып келген өзгерістерді қабылдауға дайын болу деген сөз.

Сингапурдың әкесі атанған әйгілі реформатор Ли Куан Ю журналистің - Үнді елін Сингапурдың дәрежесіне жеткізе аласыз ба?-деген сауалына былай депті:

– Жоқ, себебі үндістер өзіндік бағыт бағдарын, салт дәстүрін берік ұстанып – ежелден келе жатқан халық. Ал ескілікке әбден үйреніп, жаңашылдықтан жасқанатын қауымға экономикалық болсын, әлеуметтік болсын әйтеуір кез келген реформаны іске асыру аса қиын. Негізі әлемге танымал Гандимен Нерудің бірқатар мүмкіндіктері болған, бірақ қанша жерден тырысқанымен халықтың қанына сіңген таптық жүйені түбегейлі құртуға олардың шамалары келмеді. Ал Сингапур болса енді – енді аяққа тұрған, жас бала сынды мемлекет еді. Сондықтанда маған анағұрлым оңайырақ болды...

Біз бұны қалай түсінуіміз керек?

Қазақстан – жас мемлекет. Елбасының бастамасымен дамудың даңғыл жолына түскен ел. Жаһандану жағдайындағы жас қазақстандықтардың санасын өзгерту өзекті мәселеге айналды.

Мінез-құлықтың прагматизмі дегеніміз – нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану [1].

«Айналаға қара» жобасы ТЖБ кіші бағдарламасының «Саналы азамат» базалық бағытына жатады. Мақсаты еліміздің жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жеке тұлғасын танытуға қабілетті, өмір бойы білім алуға дайын, бәсекеге қабілетті, прагматикалық, жауапты, шығармашылық тұлғасын қалыптастыру.

Бұл ұсынымдамада парадигма түрлері олардың шығу себептеріне тоқталады. Қазіргі жаһандану жағдайындағы ауыл мен қала тұрғындарының парадигмасының теңестіру, сәйкестендіру, ықпалдастыру жолдары қарастырылады.

1 Қазіргі заманғы ауыл мен қала: даму парадигмасының ауысуы

Адам баласының табиғаты қызық қой. Қоғамда жылт еткен жаңалық болса қабылдай алмай «заман өзгерді» деп, ал жаңалықты жетік меңгерген жастарды «заманына қарай адамы», «қазіргінің баласы», «қазіргі заман жастары» деп жатады. Ғалымдар адамзат тарихына үңіліп XX ғасырдың соңына қарай даму парадигмасының үш кезеңін нақты анықтады:

Бірінші өнеркәсіпке дейінгі даму кезеңі-аграрлық революция және отырықшылыққа көшу нәтижесінде шамамен 10 мың жыл бұрын басталған;

Екінші, XVI-XVII ғасырлардағы индустриалды революция нәтижесінде орын алған индустриялық даму кезеңі. Яғни қарапайым еңбек құралдарынан машина жасау өнеркәсібіне көшу кезеңі;

Үшінші – 1950 жылдары басталған постиндустриялық даму кезеңі. XX ғасырда АҚШ, одан соң Жапония, Батыс Еуропа елдерін басталған, адамның зияткерлік мүмкіндіктерін кеңейтетін түбегейлі жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуы [2].

«Парадигма» латын тілінен сөзбе-сөз аударғанда «үлгі» деген мағынаны білдіреді. Парадигма зерттеу міндетінің шешім үлгісі ретінде қабылданған теория. Парадигманың бірнеше түрі болады:

Жалпы парадигма – ғылымдағы белгілі бір тарихи кезең аралығында орын алатын мәселені қою мен шешімін табудың, зерттеу тәсілдерінің концептуалды моделі немесе сызбасы [3].

Педагогикалық парадигма – педагогикалық міндеттердің белгілі топтарда қалыптасқан үлгі-стандарты, дағдылы көзқарасы.

Білім парадигмасы мынадай түрлерге бөлінеді:

1. Дәстүрлі-консервативтік (білім парадигмасы);
2. Феноменологиялық (гуманистік парадигмасы);
3. Рационалдық (тәртіптілік парадигмасы);
4. Технократтық;
5. Эзотерикалық.

Әрбір парадигма «не үшін тәрбиелеу керек, оқушыларды қандай мақсатқа дайындау керек, не үшін өмір сүреміз» деген сұрақтарға жауап береді.

Теологиялық парадигма (тео - құдай, логос - ілім) саясатты, билікті құдайдың құдыретімен түсіндіреді, яғни адамға саясат әлемін, саяси қатынастарды түсіндіретін діни пайымдарды Құдай берген деп қабылданады. Теологиялық парадигманың дамуының бастапқы кезеңінде мифология көрнекті орын алды, өйткені мифтер көптеген халықтардың өмірінде әртүрлі дәрежеде өз заманының саяси проблемаларының көрінісі ретінде қызмет етті. Бұл парадигма саясаттану ғылымының алғашқы дами бастаған кезеңінде пайда болды.

Натуралистік парадигма саясатты әлеуметтік сипаты жоқ табиғи себептермен, атап айтқанда, географиялық ортамен, биологиялық және психофизиологиялық ерекшеліктерімен түсіндіреді. Натуралистік парадигма мемлекет пен биліктің шығу тегінің табиғилығын, олардың пайда болуы мен қызмет етуінің табиғи қажеттілігін негізге алады.

Әлеуметтік парадигма саясаттың табиғаты мен пайда болуын әлеуметтік факторлар арқылы түсіндіреді. Қоғамдық өмірдің тұтастай түсінігінен шыға отырып, әлеуметтік парадигма қоғамдық дамуды ішкі қарама қайшылыққа толы үдеріс ретінде қарастырады. Әлеуметтік парадигма топтар мен тап күресі идеологиясының концептуалды тұғыры болып табылады.

Тиімді (рационалды) сыни парадигма саясаттың табиғатын оның өз ішіндегі себептермен, қасиеттермен, элементтермен түсіндіреді. Ол екіге бөлінеді:

Қақтығыстық парадигма (конфликт), XIX ғ. пайда болған. Негізін Маркс, Бентли, Зиммель, Козер және т.б. қалады. Олар саяси өмірде дау жанжал, шиеленістер шешуші роль атқарады дейді.

Мәмілеге келу парадигмасы (консенсус). Өкілдері: М.Вебер, Дьюи, Э. Дюркгейм, Т. Парсонстар жатады. Олар саяси өмірдегі дау жанжал, қайшылықтарды жоққа шығармайды. Алайда оларды мәмілеге келуден кейінгі екінші орынға қояды [4].

Ғалым Н.Н Еременко келесідей парадигмаларды бөліп көрсетеді.

- жалпы, қызмет түріне, білім саласына тәуелсіз қоғамды орындалатын;
- жеке, білімнің әртүрлі саласына теориялық негізді қалыптастыратын және саладағы қызметте қолданылатын;
- локальді, белгілі бір өркениет немесе елдің жеке парадигмаларын қолдану [3].

Парадигма қалыптастыруға негіз факторларға мыналар жатады;

1. Қоғамда реформаларды жүзеге асыру.
2. Технологиялық төңкеріс.
3. Жаһандану әсері.

Осы үш фактор ықпалымен даму жолына түскен Қазақстанда адами капиталды дамыту мәселесі өзекті болып отыр. Осы бағытта «Үздіксіз білім беру» стратегиясы енгізілуде. Қоғамда «өмір бойы білім алу» парадигмасы қалыптасты. Себебі технологиялардың өмірге енуіне байланысты, өндіріс автоматтандырылып, жұмыс күші қысқартылды. Көптеген мамандықтарды құлтемірлер атқаратын болды. Адамдар басқа мамандандықты меңгеруге мәжбүр. Сондықтан формальды емес білім алу негізінде жаңа еңбек қоғамында сұранысқа ие мамандық бойынша білім алуына тура келді.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі №508 бұйрығына сәйкес формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелері техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары тарапынан танылады. Оқу нәтижелерін растайтын құжаттар оқуды аяқтау туралы сертификат немесе оқуды аяқтау туралы куәлік болып табылады.

Динамикалық қарқында дамитын қоғамға әртүрлі салада өнімді жұмыс істей алатын жаңа типтес мамандар қажет. Бұл жағдайда біздің қоғамның аса өзекті проблемаларының бірі тез өзгеріске ұшырап отырған әлеуметтік және экономикалық жағдайларда өмір сүре алатын ғана емес, сонымен қатар қазіргі болмысқа белсенді әсер ететін, оны жақсартуға ат салысатын, бәсекеге қабілетті тұлғаларды қалыптастыру болып табылады. Қазіргі кезеңде мамандарға

талаптарды еңбек нарқы қалыптастырады. Проблемаларды өзі дербес және командада біріккен іс-қимылдар арқылы шеше алатын, тәуекелге баруға мүмкіндік беретін, бастамашылдық, білім деңгейін арттыруға ұмтылу және т.б. біліктер аса құндылық болып табылады. Солармен қатар адамнан жеке жауапкершілік, міндеттілік, сөйлесе білу, жеке және кәсіптік ұтқырлық қасиеттері талап етіледі.

Өңірлердегі еңбекке қатысты идеологияны ілгерілетудің бір жолы – ауыл жастарына жаңа технологияның өмірімізге алып келген жаңалықтарын таныстырып қана қоймай оны меңгерту болып табылады. Адамдар жақсы тұрмыстың кепілі әркімнің терең білімі мен біліктілігі екеніне көз жеткізді.

Ауыл адамдары жаңа технологияны меңгеру үшін жолдама арқылы орталықтарға барып семинарлар мен курстарда, кешкі мектептерде оқиды. Немесе арнайы маманды ауылға шақыру арқылы техниканы тілін үйренуде.

Сонымен қатар, ауылды дамыту стратегиясы бойынша жүзеге асырылған мына бағдарламалар ауыл халқының әлеуметтік парадигмасын өзгертті:

1. «Агротехника» бағдарламасы.
2. «Агрокоммерция» бағдарламасы.
3. «Агроэкспорт» бағдарламасы.
4. «Агробизнес» бағдарламасы.
5. «Агро-Халал» бағдарламасы.
6. «Ақ бұлақ» бағдарламасы.
7. «Дипломмен ауылға» жобасы.
8. «Кең дала» бағдарламасы.
9. «Іскер» бағдарламасы.
10. «Сыбаға» бағдарламасы.
11. «Құлан» бағдарламасы.
12. «Серпін» жалпыұлттық, қоғамдық жобасы.
13. «Нұрлы жол» бағдарламасы.

Бұл бағдарламалар нарықтық қоғамда тұралап қалған ауыл шаруашылығының тамырына қан жүгіртіп, халықтың енсесін көтерді. Бағдарламалар арқасында жергілікті халық кәсіп ашып отыр. Қазіргі ауыл халқының әлеуметтік мінез-құлық прагматизмі мүлде өзгерді.

«Родина» ауылы. Гуменюк Елена, 37 жаста, Целиноград ауданының №33 мектебінің математика пәні мұғалімі.

- Мен 1999 жылдан бері осында тұрамын. Родина Астанадан 70-75 шақырым жерде орналасқан. «Родина» агрофирмасы ауыл тұрғындарына қатты көмектеседі. Ауыл қазір ол гүлденіп келеді. Қазір өмір сүру және жұмыс істеу үшін осында келгісі келетін көптеген адамдар бар. Тіпті қалаға барған жастар да оралады. Родина – жергілікті өнімдердің танымал жеткізушісі және ыңғайлы өмір сүру үшін барлық жағдай жасалған ауыл. Жыл сайын жаңа нәрсе салынып жатады. Бізде музыкалық, спорттық мектеп, балабақша, интерактивті тақталармен және басқа да жабдықтармен қамтылған мектеп бар. Біздің балаларымыздың хоккей командасы Астанада ойнайды. Мәдениет үйінде балаларға арналған би клубы және халық аспаптар оркестрі бар. Зоопарк және үлкен ойын алаңы бар. Мұның бәрі балалар үшін мүлдем тегін.

Ауылда үлкен супермаркет бар, онда көкөніс, жеміс, сүт өнімдері, ет, жуғыш заттар – жалпы бәрі бар. Сондай-ақ, мысалы, бояу мен тұсқағазды, ойыншықтарды сатып алуға болатын тұрмыстық дүкендер бар. Біздің ауылда жұмыссыздардың болмауымен мақтанамыз. Барлығы шаруашылықпен айналысады. Ауылда жас отбасылар үшін коттедждер салынған екі көше бар.

Барлық үйлерде су, кәріз, орталық жылыту орнатылған. Барлық көшелер жарықтандырылған, асфальт, тазалық пен тәртіп сақталады. Біз жайлы үйлерде тұрамыз. Автобустар күн сайын төрт-алты рет жүреді. Осының бәрі «Родина» агрофирмасы тарапынан көрсетілген демеушіліктің арқасында.

Ақмол ауылы. Надежда Кобрусева, 44 жаста, «CAPITAL PROJECTS LTD» ЖСС кадрлар бөлімінің бастығы.

Біздің ауыл Астанаға 30 шақырым қашықтықта орналасқан. Қалаға автобустар әр сағат сайын барады, бұл жағы өте ыңғайлы. Мысалы, көптеген адамдар қаладағы университетте оқиды және күн сайын мектепке барады. Бұған дейін көп автобустар болған жоқ, ол кезде таксимен баруға тура келетін, бірақ қазір мұндай проблема жоқ.

Қазір ауылда барлық жағдайлар бар: су, жылу, жарық. Сондай-ақ, ауылда қаладағыдай жол кептелісі жоқ. Барлығы жаяу жүреді. Мысалы, жұмысқа баратын жол 10-15 минутты алады. Мектеп те жақын, балаңыздың үйге қалай баратыны туралы алаңдамайсыз.

Көптеген дүкендер бар, аптасына екі рет жәрмеңке өтеді, біз өзіміздің жергілікті өнімдерімізді сатып ала аламыз. Сондықтан, қалаға барып бір нәрсе сатып алудың қажеті жоқ. Мектептен басқа, бізде балабақша, түрлі іс-шаралар ұйымдастырылатын клуб, балалар ойын алаңы бар, саябақ аймағы салынып жатыр, барлығы жетілдірілуде.

Сабынды ауылы. Гүлзат Нашкенова, 26 жаста, үй шаруасындағы әйел

Мен Сабындыда 2,5 жыл тұрамын. Бұл қала маңындағы кішкентай ауыл. Айта кетейік, бізде «Бақара» ет зауыты бар, сонымен қатар барлығы балық аулауға келетін өзен бар. Ет комбинатында жұмыс істейміз, кейбіреулер Малиновкадағы құс фабрикасында істейді, жақында жергілікті тұрғындар жұмыс істейтін минералды су өндірісі ашылды. Ауылда мектеп, балабақша бар, сізге керек нәрсенің барлығы бар, 10-ға жуық дүкен, шаштараз бар.

Қалада бар барлық нәрсе бізде де бар: жарық, жылу, су және интернет. Қалаға барудың қажеті жоқ, тек серуендеуге немесе жұмыстармен болмаса. Қалаға жету оңай, өйткені ауылдан сағат сайын микроавтобуска отыруға болады жолда такси ұстасаңыз болады [5].

Ауыл халқы заман ағымына өздерінің меншік иесі екенін, не ексе соны оратынын түсінді. Сондықтан «үкімет өлтірмейді» дегеннен арылып икеміне қарай жеке шаруасын дөңгелетіп отыр. Бір отбасы үкіметтен бірнеше сотық жерді ұзақ мерзімге жалға алып игеруде. Топырақтың құнарлығына қарай, біреулер бақша салса, біреулер егін егеді. Шөбі шүйгін жайылымдарды төрт түлікті өрістетуге алады. Мұндай шаруашылықты бір немесе бірнеше бірігіп жүргізеді. Кейбір ауылдар бір серіктестікке бірігіп күн көруде. Яғни ауылдың барлық сала бойынша тапқан табысы ортақ қазынаға жиналады. Ондай ауылдар әкімін өздері сайлай алады. Бұл нарықтық экономикаға көшкен ауылдың

тыныс-тіршілігі. Табысын үлкен қалаларға, алыс-жақын елдерге экспорттап табысқа кеңеліп отырған ауылдар көп. Мәселен, Түркістан облысындағы бағбандары қауын-қарбыз, жүзімдерін Ресейге экспорттаруда.

Қазір, инфраструктурасы дамыған ауыл адамдары қолға мал ұстағанды қаламайды. Себебі үйдегі азын-аулақ төрт түліктен алған өнім, тәулік бойы теккен тердің есесін қайтармайды. Бозала таңда тұрып сиыр сауып өріске айдау, төлдеріне күтім жасау, өрістен күтіп алу, сүт тартып, май шайқау, жаз бойы жем-шөп дайындау. Осының бәрі физикалық және қаржылық шығынды қажет етеді. Дайын ет-сүт өнімін ауыл дүкенінен арзан бағамен сатып алу әлдеқайда тиімді екенін түсінді. Қазіргі уақытта ауылдарға қалаға тән тіршілік пен тұрмысты қалыптастырмай, халықты ауылдық жерлерде ұстап қалудың ешбір қисыны қалмады. «Тұрмыс сананы билейді» деген. Ауыл адамдарының парадигмасы қаншалықты өзгергенін, олардың ауылдағы өмір жайлы пікірлерінен біле аламыз.

Үкіметтің басқа да салаларда жүзеге асырған осындай реформалары жаңа парадигманың қалыптасуына себепкер болды.

Неміс идеологы Геббельс «Қайталай берсеңіз, қып-қызыл өтірік те ақиқат сияқты көрінеді» деген екен. Бұл жылдар өте келіп қоғамда ортақ парадигма қалыптасатынын білдіреді. Қоғамдағы парадигма ауысуын адамдар әрқилы қабылдайды. Мәселен, суретті әрқалай көретініміз сияқты парадигманы да бірден түсіне алмаймыз.

Парадигмалар біздің мінез-құлқымыздың және әлеуметтік көңіл-күйіміздің негізі болып табылады. Егер біз таныс нәрсені «мүлдем жаңа қырынан көргенде, біз оны бірден қабылдамаймыз, ол біздің санамызға бірте-бірте енеді және күндердің күнінде жеке көзқарасымызға айналады. Жаңалықты алғашқы естігенде «Мен бұл пікірге келісе алмаймын, себебі ол менің ойыма қайшы келеді». Екінші рет естігенде, біз басқаша айта бастаймыз: «Не айтқыңыз келгенді түсінемін, бірақ мен онымен келісе алмаймын». Берілген көлеңке мен жарықты қабылдау арқылы адам парадигмасының қалыптасу процесін көреміз.

Үшінші рет естігенде: «Көріп тұрсыз, мен сіздің ойыңызбен келісемін. Бірақ мұндай жағдайда бұлай ойлау заңды деп санамаймын». Ақыр соңында жаңа идеяға толық сеніп: «Мен сізбен толықтай келісемін, сіз менің ойларымды оқып жатырсыз!» дейміз.

Ең бастысы, мынаны білуіміз керек парадигма өзгергенімен, әлем өзгеріп кетпейді. Тек біздің әлемді қабылдауымыз өзгереді. Тағы бір ескеретін нәрсе, парадигманың мән-мағынасы қалмағанша, жаңа парадигма пайда болмайды. Қоғамдағы парадигмалық ауысуды ғарыштағы аспан денелерінің қақтығысымен салыстыруға болады. Әрбір комета басқа кометаға тап болғанға дейін белгілі бір жолмен жүретіні белгілі. Соқтығысқаннан кейін ережелер өзгереді, жаңа көкжиектер ашылып, тарихы қайта басталады. Адам парадигмалары да осылай өзгереді. Заманына қарай адамы. Ескі заманда адамдар жұлдыздар жерді айналады деп сенген. Сол сеніммен «жер күнді айналады» деген жаңалықты бірден қабылдамағаны белгілі. Біз адамзат

тарихынан парадигманың оңай өзгермейтінін, және оның жаңа идеялар, жаңалықтарды тез қабылдауға кедергі келтіретінін түсінеміз.

Нарықтық қоғам әкелген «бәсекелестік» ұғымы ұлтымызға тансық емес. Қазақтың қатпарлы тарихында өркениетке ұмтылу XVIII ғасырда басталғаны көрінеді. Батыстағы Бөкей ордасының ханы Жәңгір Бөкейұлы алғашқы реформатор еді. Жәңгір көшпелі халықты отырықшыландыру мақсатымен олардың егін егуіне жан-жақты қолдау көрсетті. Орыс хуторлары мен деревняларының үлгісі бойынша тұрақты қоныстар салуға баса көңіл бөлді. Малшы қауым егін құрал саймандарын игеруді қолға алды. Ол өз ордасынан бастап, ауылдарда мектептер, училищелер, мешіттер ашты. Ордаға жаппай іс-қағаздарын жүргізу енгізілді және өздеріне мұрағат қызметін құрды. Прогрессивті ағартушылық бағытты Ыбырай Алтынсарин дамыта түсті.

Көшпенді бабаларымыз көштен қалмау үшін айналаға зер салып, жаңалықты тамыршыдай басып тани білген. Сол заманда қазақ-орыс, қазақ-қытай шекарасында айырбас сауда жәрмеңкелері ашылған. Көзі ашық, көкірегі ояу жандар жәрмеңкелерге мал айдап айырбас сауда жасайтын болған. Мәселен қазақтың тұңғыш жиһанкезі Ә.Жангелдин өз естеліктерінде Орынбор жәрмеңкесі туралы мынадай деректер келтіреді. «Әкем Орынборға келді. Ол Орынбордан үш шақырым жердегі айырбас сарайына тоқтады. Осы сарайда тауар айырбасы жүзеге асатын. Мұнда көптеген дүңгіршектер құрылған. Саудагерлер мал, ет, жүн айырбастайды. Орнына көйлек, аяқ киім, тоқыма бұйымдар, әшекей-салтанат заттарын алатын. Мыңдаған шақырымдар асып, жыл сайын осы жерге қисапсыз үйір-үйір жылқылар, қора-қора қойлар, қотан-қотан түйелер айдалып әкеліп жатады...» дейді. Егер де тірт түлігі, одан өндірілген шикізаты(жүні,терісі) сұранысқа ие болмаса «ит арқасы қияннан» жәрмеңкелерге айдап келмес еді ғой. Мұндай жәрмеңкелер ішкі жақта Қоянды, Қараөткел, Қарқарада пайда болды. Бәсекелестік қазақ сахарасында осылай өріс алған еді.

Оқыған, көзі ашық зиялылары халқын көштен қалмауға, прогресске ұмтылуға шақырып отырды. Олардың идеялары шығармаларының негізгі арқауына айналды. Алғашқы ұстаз, ағартушы-ғалым Ы.Алтынсарин «Кел балалар, оқылық!» өлеңінде техниканың кереметтігін түсіндіре отырып, «Біз де бекерге жатпалық, Осыларға таныспай» деп халқын бәсекелестікке дайын болуға шақырады. Ұлы ағартушы идеясы өміршеңдігімен күн тәртібінен түскен емес.

Феодолдық қоғамда жаңалықтың бәрін «құдайдың кереметі» деп таныған. Ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин «Бір құдайға сиынып, кел балалар оқылық!» десе, Абай Құнанбаев 1866 жылдың 8 наурызында оқудағы інісі Халиуллаға жазған қысқа хатында «Құдайға шүкір», «Алла тағаладан қайтсын», «Құдай тағала қаласа» және «Құдай тағалаға сиынып» деп мәртебелі Жаратушы Иемізді төрт мәрте еске алады. Қазақ халқының ақыл-ойы эталоны саналатын озық ойлы ағартушы демократтардың пікірлері сол замандағы парадигманың айқын көрінісі.

Кеңес үкіметі кезеңінде қоғамдық сана өзгеріске ұшырады. Себебі тоталитарлық қоғам көшпелі қазақ ауылдардың тарихи қалыптасқан өмір

салтын біржола бұзып, жаппай отырықшылыққа бейімдеп колхоз, совхоздарға біріктірді. Осы шағын елді мекендер (олардың ішінде ауыл шаруашылығымен айналыспайтындары да) ауыл деп атала бастады. Жеке меншік ұғымы келмеске кетті. Бәрі де үкіметке өтті. Қазақ халқы бұл реформаға мүлде дайындықсыз кірген еді.

Сондықтан Ф.И. Голощекиннің «кіші октябрь» реформасымен пайда болған алғашқы ауылдар жаппай ашаршылықты бастан кешті. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұрандаған болшевиктік үкімет халықты негізгі күнкөрісінен айырды. Халықтың төрт түлігін тартып алып, колхоздарға күштеп біріктірді. Халық жаңа жағдайға материалдық және моральдық тұрғыдан дайын емес еді. Отырықшылық өмір салтына тез бейімделе алмаған халық мекенін тастап кетуге мәжбүр болды. Ондаған жылдарға созылған қиындықтардан соң жаңа өмірге бейімделді. Жоспарлы экономикаға негізделген кеңестік қоғамда парадигмалар келбеті мүлде басқа арнаға ауысты. Халықтың санасында «социалистік жарыс», «үкімет, партия» деген «күдіретті» ұғым қалыптасты. Ауыл мен қала тұрғындары азын-аулақ мал ұстап, социалистік жарысқа түсті. Жоспарлы экономикада еңбеккерлерді ынталандыру үшін «Стахановшы», «Чемпион малшы, қойшы» деген жалған атақтар берілді. Атеизм етек жайды. Осылайша ой еркіндігі жойылып, кеңестік ережелер шеңберінде шектеулі сана қалыптасты. Осыдан келіп халық санасында «Үкімет өлтірмейді» деген үміт берік орнықты. Бұл идеология барынша насихатталып құдайға емес, үкіметке сену деген қоғамдық сана қалыптастырды.

Бұның салдарын нарықтық экономикаға көшкен Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында көрдік. Сол жылдары жекешелендірілу реформасы бастады. Яғни, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өткенде меншіктік ұғым қайта пайда болды. Ауыл экономикасы мен ауылдар бір-бірімен тығыз байланысты болатын. Ауыл экономикасы құлдырағанда тиісінше ауылдардан күй кетті. Тарихта «тоқырау жылдары» аталған осы жылдары жекешелендіру жүргізіліп, экономика тоқырап, қоғам дағдарысқа түскенде де адамдар «Үкімет өлтірмейді» деген жалпы парадигма жетегінде ұзақ уақыт жүргені ақиқат. Жұмыссыздық жайлап, зейнетақы мен жалақыны жылдап алмаған ауыл халқының әлеуметтік жағдайы оңалмады. Алайда, халық ауылдан көшпей қолындағы азын-аулақ төрт түлігін сатып күн көрді. Қысқы отын-су дайындауға қаржысы болмаған халық амалсыздан қалалар мен қала типтес елді-мекендерге көше бастады. Олар да «қалада халық бар, жұмыс бар, жылу бар» деген үміт басым болды. Урбанизация үрдісі басталды. Қазір халықтың қалаға көшу процесі осылай стихиялы түрде жүрді.

Бұдан шығатын қорытынды, таяу арада «Ішкі көші-қон туралы» заңды бүгінгі қалыптасып отырған әлеуметтік жағдайға сай реттемесек, онда жақын болашақта ауылдарда халықтың тұрақтап қалуы неғайбыл. Сондықтан ішкі көші-қон процесін тоқтату үшін бірнеше бағдарламалар қабылданды.

Біріншісі; барлық аймақтарда өндірісті, әсіресе, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндейтін кәсіпорындарды көбейту.

Екіншісі; болашағы жоқ ауылдарды, өндірісі өркендеген адам күшін қажет ететін ауылдарға көшіру көзделіп отыр.

Үшіншісі; болшағы жоқ ауыл халқын көшіру есебінен шағын қалаларда адам санын арттыру.

Н.Назарбаев сол кездегі ауыл ахуалын «Қазақстанда тарихи, әсіресе өміршіл экономика дәуірінде, адамдарды ауылдық жерлерде қоныстандыру нарықтық экономика тұрғысынан да, әлеуметтік және экологиялық жағынан да сәтсіз қалыптасып келді. Нәтижесінде құлдырау экономикасы көптеген ауылдық аудандардың сипатты белгісіне айналды» - деп атап өтті.

Ауылдың осындай экономикалық, әлеуметтік-мәдени жағынан құлдырауы түрлі қиыншылықтарды туғызды. Мәселен, қоғамдағы жат пиғылды ұйымдардың «жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай» бас көтеруіне себеп болды. Деструктивті діни ағымның миссионерлері өмірден орнын таба алмай дағдарысты бастан кешірген ауыл жастарын шырмауына түсіруге тырысуда. Жаһандану заманында ұлттық құндылықты, әлемдік технология жаңалықтарын мойындамай хижап, паранжа, қысқа балақты шалбар, сақал қою мәселерін қалай түсінуге болады?

Елбасы кертартпа діни ағымдардың қауіптілігі жайлы: - діни экстремизмді алатын болсақ, ол адамдар арасына ірткі салуға, өшпенділік отын тұтатуға, қантөгістер ұйымдастыруға жол ашады. Пиғылы бөтен, қазақтың болмысына жат ағымдарға қазір тосқауыл қоймасақ, онда ертең бірлігімізге сызат түседі» - деп оны алдын алудың маңыздылығын атап өтті.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары орын алған осындай дағдарыс жағдайынан сара сана, сарабал саясат иесі Елбасы Н.Ә.Назарбаев шығара білді. Ол әрдайым ауылдың әл-ауқатын көтермейінше, Қазақстан экономикасы қарыштап дами алмайтынын айтып жүрді. Ауыл өмірін жақсартуға батыл қадамдар жасады.

2003-2005 жылдарды «Ауыл жылы» деп жарияланды. Ауыл жылында 2004-2010 жылдарға арналған ауылды дамытудың бірнеше мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылды.

Бұл бағдарламалар мен жобалар аясында ауылдың тыныс-тіршілігін жақсартуға қыруар қаржы бөлініп, көптеген іс-шаралар атқарылды. Енді олардың кейбіріне қысқаша тоқталып өтейік.

«Дипломмен ауылға!» жобасы.

2008 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Ауылды тұрғылықты пункттерінде әлеуметтік салалардың қызметкерлерін ынталандыру және әлеуметтік қолдау сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң (одан әрі - заң) 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап өз күшіне енді.

- Бағдарламаға жаңа ғана диплом алған оқу орындарының түлектері.
- Бес жылдан кем емес мерзімге өмір сүру және жұмыс істеу үшін ауылға келген еңбек өтілімі бар мамандар.

Ауылды жерлерге өмір сүру және жұмыс істеу үшін қалалардан және басқа да тұрғылықты жерлерден келгендерге (сонымен бірге ауылдан) келесі қолдау көрсету шаралары қарастырылған:

- 70 айлық еңбек көлемінде (129 640 теңге) көлемінде көтерме ақы бір жолғы жәрдемақыны төлеу;
- 1500 айлық еңбек көлемінде (2 778000 теңге) көлемінде 0,01% сыйақы мөлшерлемесімен, 15 жыл мерзімге арналған тұрғын үй алуға және құрылысы үшін бюджеттік несие;
- Ауылды тұрғылықты пункттерінде орналасқан әлеуметтік салалар мекемелерінің мамандарына қызметтік еңбекақыларын 25 % жоғарлату (тарифтік мөлшерлеме).

«Серпін» жалпыұлттық, қоғамдық жобасы.

2014 жылдан бері «Серпін- 2050: Мәңгілік ел жастары - индустрияға» атты әлеуметтік жоба жұмыс жасайды.

Жобанның басты мақсаты еңбек ресурстарының мол артықшылығы орын алып отырған республиканың оңтүстік өңірінің (Алматы, Маңғыстау, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстары) жастарын еңбек ресурстарына сұраныс көп батыс және солтүстік аймақтарда білім алуға жағдай жасап, кейін сол жерлерде жұмысқа орналастыру мүмкіндігін жасау. «Серпін-2050» - жарқын болашақ жобасы. Бұл оңтүстік өңірдің мыңдаған жас өрендеріне солтүстік, батыс, шығыс Қазақстанның колледждері мен ЖОО-нда сапалы білім алуға мүмкіндік береді. Жоба бойынша білім гранттарына ие болған студенттерге жатақхана беріледі және оқу орнын бітіргеннен кейін жұмысқа орналастыру қарастырылған.

Бүгінгі күні «Серпін» жобасының өнімі ретінде бірнеше мысалдарды айта кетпеске болмас. Мысалы Солтүстік Қазақстанда оқып жүрген балаларымыз монша сыпырғыштарын жасап, Оңтүстікке апарып кәсіп жасап жүр. Дәл сол өңірде жастарымыз жерді жалға алып, картоп егіп, шағын бизнестерін дөгелетіп жүр. Одан бөлек балалар, электронды билет сатумен, кептірілген жеміс-жидектермен айналысып, кейбіреулері өздерінің дүкендері мен тігін шеберханаларын, кафелерін ашып, бала бағушы, бармен, шаштараз, аспаз болып жұмыс жасап, сауда-саттықтың айналысуға болатын барлық түрлерімен екі қолға бір күрек алып, балалар үлкен өмірге білім ордасынан бастап өз жағдайларын жасауда.

«Ақ бұлақ» бағдарламасы.

Елімізде ерекше назарға алынған мемлекеттік саясаттың бірі – қазақстандықтарды сапалы әрі таза ауыз сумен қамтамасыз ету. Осыған орай, 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік «Ақбұлақ» салалық бағдарламасы қабылданған болатын. Оны жүзеге асырудың нәтижесінде елді мекендерді орталықтандырылған ауызсумен қамтамасыз ету, суды есептегіш құралдарды қалалық және ауылдық жерлерде орнату, жерасты суларына зерттеу жұмыстарын жүргізу шаралары қарастырылған.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, мемлекеттік «Ақ бұлақ» бағдарламасы қабылданғаннан бергі бес-алты жылдың ішінде ауылдық жерлерді орталықтандырылған ауыз сумен жабдықтауға деген қолжетімділік 50 пайыздан асқан. Қалалық жердегі көрсеткіш те көңіл көншіерліктей өскен. Ал 2020 жылға қарай тұрғындардың 98 пайызы сапалы және санитарлық нормалары талапқа сай келетін таза ауыз суға қол жеткізуі тиіс деген талап

қойылды.

«Нұрлы жол» бағдарламасы.

Экономика өсіміне жағдай жасай отырып, қазіргі бар жұмыс орындарын сақтайды және жаңа жұмыс орындарын ашуды қамтамасыз етеді, іскерлік белсенділікті, өнімділікті және елдің транзиттік әлеуетін арттырады.

«Кең дала» бағдарламасы. Көктемгі егіс және жинау жұмыстарын несиелендіруге арналған.

«Құлан» бағдарламасы. Жылқы шаруашылығын дамытуға арналған.

«Сыбаға» бағдарламасы. Ет бағытындағы мүйізді ірі қара малының экспорттық әлеуетін дамыту мақсатында қабылданған «Сыбаға» бағдарламасы – ауылдағы мал өсіріп отырған, оның басын көбейте түссем деген ағайынға берілген зор мүмкіндік.

«Туған жер» бағдарламасы.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақалада көтерілген «Туған жер» жобасы ауылды дамытуға үлкен демеу болды. Жоба азаматтардың туған жеріне деген перзенттік парызын, сүйіспеншілігін көрсетуге зор мүмкіндік берді. Бүгінде «Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз» деп ұрандаған меценаттық қозғалыстың дүмпуі алыс аймақтарда естіліп жатыр. Елбасымыз «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы жеңімпаздарымен кездесу шарасында – «Туған жер» жобасы бойынша мынаны айтуға болады. Қазір елімізде меценаттар туған жеріне барып, балабақша, мектептер мен ауруханалар салып жатыр. Жалпы алғанда, бүгінде осы бағытта 720-дан астам жоба іске асты - деп атап өтті. Бұл тамаша үрдіс болашақта да жалғасын таба беретіні сөзсіз. Оған себеп биылғы жолдауы. Елбасы 2018 жылы бесінші қазанда жариялаған «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында «Біз ауылдық жерлердің әлеуметтік ортасын жаңғыртуға кірісуіміз қажет. Бұған арнайы «Ауыл – Ел бесігі» жобасының іске қосылуы септігін тигізеді. Бұл жоба арқылы өңірлердегі еңбекке қатысты идеологияны ілгерілетуді қолға алу керек» - деп ауылды дамытудың жаңа бағыты басталғанын жариялады.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлының бастамасымен ауыл шаруашылығында жүргізілген реформалардан ауыл өзгеріп жаңа келбетке ие болды. Бүгінгі республикамызда алыс-жақын шетелдерге үлгі болатын ауылдар көптеп кездеседі. Бұл білікті басшы мен ауылдың техникалық жабдықталуы, еңбеккердің біліктілігі мен білім деңгейіне байланысты болды. Ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптер компания, фирма, акционерлік қоғам, шаруа қожалығы, серіктестік т.б меншік иесіне өткен. Еліміздегі үлгілі ауылдардың бірі «Родина» ауылы. Ауыл «Родина» агрофирма меншігіне қарайды. Фирма басшысы Иван Адамович Сауер кезекті сұхбатында ауылдың нарықтық экономикаға өту тарихын былай деп еске алады;

- «Мемлекет басшысының 1993 жылғы жаңбырлы қыркүйектегі шаруашылығымызға сапары айрықша есімде қалды. Күн жарықтық шайдай ашылды. Президент «мен сіздерге қолайлы ауа райы мен жылылық алып келдім, енді астықты жинап аласыздар» деп қалжыңдап қояды (дәл солай болды да). Одан кейін іс барысына ауысып: «Сен жас директорсың, жекешелендіруді

неге қолдамайсың, реформаларды жақтамағаның ба?» деп, маған сынай қарады. Мен болсам батылданып, - ауыл шаруашылығында шешімін таппаған шаруалар шаш етекпен. Тұйықтан шығар жолды өз шаруашылығым арқылы көрсеткім келеді деп, жеке пікірлерімді ортаға салдым. Ол мені мұқият тыңдап, қолымды алып сәттілік тіледі. Әрқашан да қолдап келеді. Жалпы, Елбасы елдің игілігі үшін бәрін жасады. Бүгінгі бақ дарып, Қыдыр қонған Қазақстан – Елбасы жүргізген реформалардың айқын көрінісі.

Бүгінде тұрғындар маған дән риза. Олар қазір айранын ұрттап, қойын құрттап дегендей, мамыражай тіршілік кешіп жатыр. Ауылдың үйлері орталықтан жылытылады. Су жүйелерінің өзі 40,6 шақырымды, электр шамы тартылған асфальтты көшелердің аумағы 40 шақырымды алып жатыр. Бізде қоқысты сенбілікте тазалаймыз деген ұғым жоқ. Тазала деген бұйрық жоқ, тәртіп қана бар. Әрбір тұрғын сол тәртіпті орындауға міндетті. Ауылымыздың жыл он екі ай айнадай жарқырап тұруы тұрғындар ауызбірлігінің айқын айғағы.

Мектепті жөндеу, оқушыларды тамақтандыру, мұғалімге үй беру, т.б. керекті тауып беру шаруашылықтың мойнында. Нәтижесі сіздерге де белгілі ғой. Түлектеріміздің 99 пайызы жоғары оқу орнына түсіп жатыр. «Жыл оқушысы» мен «Алтын белгі» иегерлері 150 000 теңгені иемденеді. Шаруашылық 20 жыл ішінде мектептің 200 түлегіне ақылы жоғары білім алып берді. Үйлену тойы мен сәби туғандағы дәстүрлі базарлық 50000 теңгеден беріп келеміз.

Ауылдың мәдениет ошағы республиканың «Үздік клубы» атанса, алдыңғы жылы шаруашылық «Жылдың үздік әлеуметтік жобасы» номинациясы бойынша республикалық «Парыз» байқауының жеңімпазы атанды

Шаруашылық мүшелері 13-ші жалақы алады. Ауылшаруашылық саласы бойынша бес ауданнан артық салық төлейміз. Кеден одағы бізге ешқандай бәсекелестік тудыра алмайды. Біздің басты өнім – астық. Ал оның сапасы Ресейдікінен де анағұрлым жоғары. Екінші басты өнім – сүт. Асыл тұқымды сиырларды Канададан ұшақпен алғыздық. Басқа елдер Астанаға майы алынбаған сүт әкеле алмайды. Ал біздің өндіретініміз майы алынбаған сүт. Бізде қазір германиялық компьютерлік қондырғылармен жабдықталған кластерлі сүт зауыты 100 пайыз сарт-сұрт етіп істеп тұр. Қондырғыларды шетелден әкеліп орнаттық. Бұдан кейін бәсекелестік жайлы сөз болуы да мүмкін емес [6].

Тәуелсіз елімізде кеңестік «социалистік жарыстың» орынына «бәсекелік қабілет» деген ұғым қалыптасты. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Ауылдың ғана емес, әлемнің жаңа бағытын Елбасымыз былайша түсіндіреді;

- Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек [1].

Бүгінде әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді. Олар іштей бір-бірімен тығыз байланыста.

Физикалық. Басым технологиялық мегатрендтердің төрт түрлі физикалық көрінісі бар: Олар материалдық табиғатына байланысты біздің көз алдымызда:

1. Автономды көлік құралдары;
2. 3D басып шығару;
3. озық робототехника;
4. жаңа материалдар.

Автономды көлік құралдары. Ең басты жаңалық болып саналатын жүргізушісіз көлік құралдары қазір басқа да жекелеген көлік түрлерінен бастап дрондарда, ауа және су кемелерінде де тәжірибелік қолданысқа еніп жатыр.

Дрондар шалғайдағы электр желілерін тексеру немесе әскери қауіпті аймақтарға медициналық жабдықтарды жеткізу сияқты қызметтерді орындай алады. Еліміздегі пошта қызметі дрондарды тиімді пайдалануда. Тауарды 500 шақырым жерге дрон арқылы жеткізу жолға қойылған. Сол сияқты, ол ауыл шаруашылығында деректерді талдаумен астарластыра пайдалану, жер суару мен тыңайтқыш сіңіруді әлдеқайда тиімді қамтамасыз ете алады.

3D-басып шығару. 3D басып шығарудың артықшылығы ол шикізат түріндегі материалдан басталады және цифрлық шаблонның негізінде нысанның үшөлшемді пішінін жасап шығарады.

Бұл технология ауқымды салалардан бастап (жел қондырғыларынан) ең кішкентай (медициналық имплантаттар) қосымшаларға дейін кең қолданысқа енеді. Қазіргі уақытта бұл әдіс-автомобильдік,аэроғарыштық және медициналық салаларда ғана қолданылуда.

Жаңа материалдар. Қазіргі уақытта осыдан бірнеше жыл бұрын көзімізге елестете алмайтын қасиеттері бар жаңа материалдар нарыққа толассыз келуде. Мәселен,жаңа материалдан жасалған матаға оранып алсаңыз, сіз қоршаған ортаға көрінбейсіз.

*Цифрлық технология.*Еліміздің үшінші жаңғыру жолындағы басым бағыты цифрлық жүйеге көшіру. Оның тиімділігі зор. Қоғамда жемқорлықтың жолы кесіліп айқындылық пен тазалық салтанат құрды. Цифрлық технология өндірістің барлық салаларында, өнеркәсіп пен инфрақұрылымнан бастап, денсаулық сақтауға дейін трансформациялық қызмет көрсететін болады.

*Озық робототехника.*Бүгінде роботтарды пайдалану жер өңдеуден бастап сырқат адамды бағып-қағуға дейінгі барлық салалар мен міндеттерді түгелге жуық қамтиды. Қытайда алғаш рет жаңалықтар жүргізетін робот жасалды. Оның түр әлпеті, мінез-құлқы адамды айнытпай салады. Жасанды интеллект арқасында ол «тірі» әріптестерінен үлгі алып, дами алады.

Робот дикторлар жаңалықты бірнеше тілде жүргізетін болады. Және тәулігіне 24 сағат жұмыс істей алады. Таяу болашақта көптеген мамандықтарды осындай роботтар атқаратын болады. Сондықтан адамдар формальды емес білім алу негізінде жаңа еңбек қоғамында сұранысқа ие мамандықты қайта оқуына тура келді. Бұл үрдіс қоғамда «өмір бойы білім алу» парадигмасын қалыптастырды [7].

Біз жаһандық өзгерістер мен сын-кәтерлерге дайын болу қажеттігін ескеріп, «Қазақстан-2050» даму стратегиясын қабылдадық [8]. «Цифрлы Қазақстан» стратегияның басым бағыттарын бірі болып табылады.

Елбасы тапсырмасымен «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын ел өміріне енгізу Үкіметтің күн тәртібіне қойылды. Бағдарламаның 4 негізгі бағыты бар:

Бірінші – ауыл-аймақты кең жолақты интернетпен қамтамасыз етіп, еліміздің транзиттік мүмкіндіктерін арттыру.

Екінші бағыт – экономиканың салаларына (көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы және электронды сауда) цифрлы технологияны енгізу.

Үшіншісі – мемлекеттік органдар жұмысының сапасын арттыру.

Төртінші – IT мамандарды даярлау.

Елбасы кезекті сұхбатында мемлекеттің «Цифрлы Қазақстан» аясында трансформацияға қаншалықты дайындығы жайлы:

«Шынымен бұл өте көкейтесті мәселе. Біз кезінде нарықтық экономиканы да түсінген жоқпыз ғой, инфляция, девальвация, кредит дегеннің не екенін білмедік. Кеңестік кезеңде ондай болған жоқ қой. Уақыт өте мұны да ұғынып, түсіндік. Енді цифрландыруға көшкелі отырмыз. Мен өткен жылы үшінші жаңғыру туралы айтқан едім, ал қазір индустрияландыру 4.0. Индустрияландыру 4.0 – бұл бүгінгі бренд, біз ілесіп жүруге тиіс жаңа бағыт. Мұнда қорқатын ештеңе жоқ. Азаматтарға қарапайым тілмен түсіндіру керек. Бізде электронды үкімет бар, халыққа қызмет көрсету орталықтары бар. Оның көмегімен азаматтар шенеуніктермен бетпе-бет жүздеспей-ақ, өзіне қажетті ақпарат алады. Мәселен, дрондар. Ауыл шаруашылығында қай жерде егін жақсы өсіп-өспейтінін көрсетеді, тиісті ақпарат береді. Мұның бәрі Цифрлы Қазақстанның элементтері» - деді [9].

Қоғамдағы парадигманың ауысуы технологиялық жаңалықтардың адам санасына ықпалынан туындайды. Яғни, тұрмыс сананы билейді. Қазір қажетті құжат үшін ауыл адамдары жүздеген шақырым жол жүріп, сағаттап уақыт жоғалтып, «Халыққа қызмет көрсету орталығына» барудың қажеті болмай қалды. Үйде отырып-ақ кез-келген құжаттарды алуға болады. Ол үшін электронды кілт, интернет желісіне қосылған компьютер және құжатты басып шығаруға арналған принтер болса болғаны. Тіпті Қазақстандықтар бұдан былай мекен-жай туралы анықтама мен неке туралы анықтама секілді бірқатар құжаттарды қолындағы смартфонмен-ақ ала алады. Бұл туралы «Азаматтарға арналған үкімет» корпорациясының қоғаммен байланыс департаменті былай деп хабарлайды:

- Ең жиі көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің бір бөлігіне бұдан былай электронды-цифрлы қолтаңбасыз қол жеткізуге болады. Мекенжай туралы

анықтама, архив анықтамасы мен неке туралы анықтаманы ендігі кезекте электронды-цифрлы қолтаңбасыз алуға жол ашылып отыр. Бұл үшін тек мобильді телефон мен бір реттік СМС-хабарлама ғана керек.

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасынан интернет қосымшаларды пайдалана білу арқылы үйде отырып пайда табуға болады. Оның тиімділігі зор.. Ең бастысы, жұмыссыздықтан құтыласыз. Жұмыс режимін ыңғайыңызға қарай құрасыз. Ешкімге тәуелді емессіз. Тапқан табысыңызға ешқандай салық салынбайды. Мұндай жұмыстармен таза табыс табасыз. Оның жолы қалай десеңіз?

Ең алдымен өзіңіздің қай іске икемділігіңіз бар екенін анықтаңыз. Мүмкін тігін машинасында жұмыс істей алатын шығарсыз? Көршілеріңіздің балаларымен тату шығарсыз? Мақала жазатын боларсыз? Осы секілді жұмыстардың ішінен өзіңіздің қолыңыздан келетінін таңдасаңыз дұрыс шешім қабылдайсыз. Үйде отырып табыс табу түрлері.

Бүгінде қоғам бұл санадан арылып, адамдар партияның бөлшегі емес, өздерінің шексіз мүмкіндік иесі болып табылатын жеке тұлға екенін түсінді. Жақсы тұрмыс пен баянды бақытқа өзін заманға лайық жетілдіру барысында жететінін білді.

Ауылдық елді мекенде «Үш тілде білім беру» бағдарламасын жүзеге асырудың маңызы зор. Қоғамда қазақ тілі – қоғамды біріктіруге, орыс тілі қарым-қатынас жасауға, ағылшын тілі әлемдік экономикаға, қауымдастыққа қосуға қызмет ететін тіл болып табылады. Ауыл жастарының әлемдік өркениетке ілесе алмай, қалада кәсіп таба алмай қара жұмыс істеуіне тіл білмеуі де кедергі болады. Ауыл мен қала баласына ортақ құндылық – білім болғанымен, оған қол жеткізуде кедергілер бар. Қазақстанда білім стандарты біркелкі болғанымен қала мен ауыл баласына білім беру мүмкіндігі теңесе қойған жоқ. Шалғай ауылдардағы шағын магниттік мектептерді қашықтықтан оқыту әдісі енді дами бастады. Егер бұл идея дұрыс жолға қойылса, ауыл мен қала балалары арасындағы айырмашылық теңесер еді.

Ауыл мен қала баласын жан-жақты теңестірудің өзектілігін, және мәселені шешудің жолдары Президенттің жолдауында баса айтылды.

Мысалы, «...компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында» делінген Елбасының «Рухани жаңғыру» мақаласында. Осы мақсатқа жету үшін, яғни заман талабына сай қазақстандықтарды қалыптастыру үшін «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар қабылданды. Бұл – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың алғашқы баспалдағы. Саналы азаматтар жаңа технологиялардың көмегімен қаржы тауып, жағдайын жақсартуға жол ашады. Ауыл жастарының еңсесі биік болса, ауыл да көркейіп сала бермек.

Орта мектеп пен колледждер және жоғары оқу орындары үздік оқытушыларының видеосабақтары мен видеолекцияларын интернетте орналастыру керек. Бұл барлық қазақстандықтарға, оның ішінде шалғайдағы елді мекен тұрғындарына озық білім мен құзыреттілікке қол жеткізуге жол

ашады. Жоғары білім беру ісінде жасанды интеллектпен және «үлкен деректермен» жұмыс істеу үшін ақпараттық технологиялар бойынша білім алған түлектер санын көбейту керек. Осыған орай металлургия, мұнай-газ химиясы, агроөнеркәсіп кешені, био және IT-технологиялар салаларын зерттеу ісінде басымдық беретін жоғары оқу орны ғылымын дамыту керек [8].

Бүгінде шалғайдағы елді-мекендердегі балаларға ағылшын тілін үйрету мақсатында «Жас отан» жастар қанаты мен «Болашақ» қауымдастығы бірлескен жоба жүзеге асыруда. Жоба «English for Jastar» деп аталады. Жоба барысында ауыл балаларына ағылшын тілін үйрету үшін ауылдарға еріктілерді жіберді. Еріктілерді іріктеуде сабақ бере білуі, балалармен жұмыс істей алуы, шет тілдерін еркін меңгеруі басты назарға алынған. Еріктілердің тамақтануы, жатар орындары тегін. Еріктілер жоғары оқу орындарында білім алып жатқан 3-4-курсардың студенттері. Олар ағылшын тілін жетік меңгерген болашақ шет тілі мамандары. Еріктілер ағылшын тіліндегі әдістемелік оқу-құралдары мен аудиожазбалар қамтылған. Еріктілер екі ай бойы болып ауылдағы оқушыларға шет тілдерін үйретеді. Жобада шамамен 500-ге жуық баланы қамту жоспарланып отыр [10].

Болашақта ауыл мен қала балаларының даму парадигмасын саралап, құндылықтарды тасымалдау қасиетін анықтап, теңсіздік балансын жою жұмыстары жалғаса береді. Мақсатымыз компьютерлік сауатты, бірнеше тіл білетін, бәсекеге қабілетті толерантты тұлға тәрбиелеу. Дамыған 30 елдің қатарына қосылу үшін білікті маман даярлау.

2 Қазіргі заманғы қала адами капиталдың құндылықтарын трансформациялау тұрғысынан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрлігі Статистика комитетінің деректеріне сүйенсек 2017 жылдың 1 желтоқсанында қала тұрғындарының саны – 1,7%, шамамен 10 млн 250 мың адамға таяу, ал ауыл тұрғындарының саны – 0,8%, шамамен 7 млн 670 мың адам шамасында болып отыр. БҰҰ-ның зерттеулеріне сәйкес, 2030 жылдары қалаларда жер шарының 60 пайызға жуықтайды. Сонымен қатар, 2050 жылға қарай болжам бойынша, әлем тұрғындарының 67%, пайызы қалаларда тұратын болады.

Қазір елімізде 86 ірілі-ұсақты қала, 200 қала тектес кенттер бар. Тұрғындары 50 мыңнан аспайтын 60 шағын қала бар, олардың 41-і әкімшілік орталық, қалған 19-ы аудан орталығына жатпайды. Олардың даму ерекшеліктері де әртүрлі [11].

Кеңес үкіметі Қазақстанды шикізат көзі ретінде қарады. Сондықтан кен рудалары табылған жерлерде қала жасаушы алып зауыттар тұрғызылды. Зауыттарды адам күшімен қамту мақсатында жоғарыда айтылған шағын қалалар тұрғызылды.

Қазақстанда шағын қалалардың қалыптасу тарихына назар салайық.

1. Өнеркәсіп өндірісі орталығы болып саналатын 15 қала:

көмір өндіру – Екібастұз, Абай, Шахтинск;

мұнай мен газ – Жанаөзен, Құлсары, Ақсай;

металлургия – Рудный, Зыряновск, Қаражал, Лисаковск, Хромтау;

шикізат көзі ресурстары - Жаңатас, Қаратау, Арқалық, Жітіқара.

2. Өнеркәсіпті өңдеу дамыған орталықтар 9 қала:

химия өндірісі – Саран, Алға, Степногорск;

металлургия өндірісі – Ақсу;

машина жасау, құрылыс, текстиль және азық-түлік өндірісі – Макинск, Ерейментау, Қапшағай, Леңгір, Арал.

3. Ауыл шаруашылығы өндірісі салалары дамыған 19 қала: Ақкөл, Арқалық, Атбасар, Есіл, Степняк, Сарканд, Жаркент, Қаскелең, Үштөбе, Есік, Үшарал, Талғар, Шемонаиха, Зайсан, Булаево, Мамлют, Сергеевка, Тайынша, Жетісай.

4. Электрэнергия өндіруі саласы бойынша екеу: Шардара, Серебрянск.

5. Транспорт өндірісі орталықтары 8 қала: Қандыағаш, Ембі, Шалқар, Аягөз, Шар, Шу, Арыс.

6. Ғылыми эксперименттік орталықтар: Курчатов, Приозёрск, Степногорск;

7. Курорттық қалалар: Сарыағаш, Щучинск, Қарқаралы, Бурабай;

8. Өнеркәсіптік функциялары дамыған: Жем, Темір, Державинск, Текелі, Ақтау, Қазалы орталықтары болды [12].

Осы қалалардың пайда болуына негіз болған өндіріс орындарының банкротқа ұшырағанда қала тынысы тарылды. Өндіріс орындарындағы желілік байланыс кеңестік әдіс болатын. Экспортқа дайындалатын өнім бірнеше қалада орналасқан әртүрлі зауыттарда дайындалатын. Тәуелсіздік алған мемлекеттер

арасындағы экономикалық байланыстардың үзілуі дағдарысқа тіреді. Өндірісі тоқтаған қалаларда жұмыссыздық белең алды. Халық шағын қалалардан үлкен қалаларға, ал өзге ұлт өкілдерінің, әсіресе, орыстардың, украиндардың, немістердің, кавказ халықтарының т.б. өз ата-мекендеріне көше бастады. Шағынаудандар қаңырап бос қалды. Жергілікті билік «онтайландыру» әдісін қолданып, шеткі аудандарды жауып, халықты орталықтандыра білді. Нәтижесінде ауылдар саны азайды. 1997 жылы ауылдардың жалпы саны 8172, оның ішінде 1 мыңнан астам адам қоныстанған ауылдар 1624 болды [13].

Ғалымдардың болжамы бойынша, таяу жылдары халқымыздың басым бөлігі ірі қалаларда шоғырланатын көрінеді. Егер ғасыр басында қалаға көшушілердің саны 1,5-2 миллионды құраса, соңғы үш жыл ішінде 867000 адам ауылдан қалаларға қоныс аударыпты. Ауылдан қалаларға қоныс аударушылардың басым көпшілігі Алматы, Астана, Шымкент, Ақтөбе сияқты экономикасы мен мәдениеті өсіп отырған қалаларға көшуде екен.

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N903 Жарғысына сәйкес шағын қалаларды дамыту туралы арнайы бағдарламасы әзірленді. Ол бойынша шағын қалалардың әлеуметтік-әл ауқатын көтеру, тұрғындардың жұмыспен қамтумен қатар, қаланың географиялық жағдайына қарай инфрақұрылымын қайта қарап өркендету қолға алынды.

«Қазақстан Республикасының аумақтың дамуының 2015 жылға дейінгі стратегиясын жүзеге асырудың негізгі бағыттары» деген тақырыпта жиында Парламент Сенатының төрағасы Қасымжомарт Тоқаев: «Қазір бізде 7 мыңға жуық ауыл болса, солардың мыңнан астамының даму әлеуеті бүгінгі күн жағдайына жауап береді деп табылып отыр. Демек, мұндай ауылдарды өңірлер бойынша сұрыптап, олардың арасында шағын қалаға айналуға мүмкіндігі барларын анықтап, ол жерлерде қалалық инфрақұрылымды қалыптастыру қажет» - деді.

ҚР Үкіметі ауылдарды сорттап, бірнеше топқа бөлді. Елді мекендер «болашағы бар ауыл», «болашағы орташа ауыл», және «болашағы жоқ ауыл» деген топтарға жіктелді. Зерттеу нәтижесінде 3 мыңы «болашағы бар ауыл» санатына жатқызылса, 2 мыңында «жағдайды дұрыстауға болады» деген шешім шығарылды. Ал 1 мың 500 ауыл «болашағы жоқ» деген статусқа ие болған. Бүгінде елімізде 10-12 адамдар тұратын ауылдар кездеседі. Мұндай ауылдарға мектеп, аурухана, балабақша салуға, жолдарды жөндеп, су құбырын тартуға және тағы басқа құрылыс жұмыстарына мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлу артық шығын болып табылады. Сондықтан, «болашағы жоқ» ауылдарды шағын қалаларға көшіру, ал болашағы бар елді-мекендерді ірілендіру саясатын жүргізуде. Халық тығыз қоныстанған жерде орта және жеңіл өнеркәсіпті дамиды. Кәсіпкерлік дамыған жерде жұмыс орындары ашылатыны сөзсіз.

Ауыл халқының қалаларға көшуін процесін урбанизация дейміз. Урбанизацияның бірнеше түрі болады.

- Біріншісі, табиғи жолмен. Егер қалада табысы мол, жағдайынды жақсартатын білімін мен білігіне қарамайтын қандай да бір өнім шығаратын жаңа өндіріс орындары пайда болғанда.

- Екіншісі, мәжбүрлі түрде. Аз да болса нәпақа табу мақсатында халықтың ауылдық жерлерден көшіп кетуіне байланысты.

Өкінішке орай, Қазақстанның урбанизациясы екінші типке жатады.

Қазір халықтың қаладан қалаға көшу процесі стихиялы түрде жүріп жатыр. Жалпы, жаңа қатынастарға негізделген индустриалды қоғам құру дәуірінде урбанизация процесін ешкім тоқтата алмайды. Ол – уақыт талабы. Бірақ урбанизация дәстүрі қазіргі деңгейде қандай да бір қарсылықтарсыз жүзеге аса алмайтынын уақыттың өзі көрсетуде.

Саясатта әлеуметтік жауапкершілік деген ұғым бар. Үкімет қалаға келген ауыл адамдарына баспана алу немесе пәтер жалдап тұру үшін мемлекеттік әлеуметтік көмек беруді барынша қолдап келеді.

Соңғы кезде біздің елімізде де мемлекеттік бағдарлама бойынша арендалық және ипотекалық тұрғын үй салу жүйесі қарқынды жүргізіле бастады. Мұндай бағдарламаларға жатады:

- «Нұрлы жер» тұрғын үй бағдарламасы;
- «7-20-25» ипотекалық бағдарламасы;
- «Баспана» бағдарламасы;
- «Өз үйім» бағдарламасы;
- «Қол жетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасы.

Бұл бағдарламалар бойынша қалалардың шекарасы кеңейіп, халқы еселенді. Елімізде Астана, Алматы Шымкент қалалары «миллионер қала» атанды. Бүгінде осындай ірі мегаполистерді азық түлікпен қамту мәселесі көтеріле бастады. Оның халықаралық тәжірибедегі бір жолы «серіктес қалалар» салу.

«Серіктес қала» тарихы тым әріден басталады. Ресейде ХІХ ғасырдың екінші жартысында Александр ІІ-нің тұсында сот реформасы, земство реформасы, әскери реформа мен қала реформасы қатар жүргізілді. Сол арқылы Ресей барлық аймақтарда қала мәдениетін қалыптастырып, оны үнемі дамытып отырды. Қазіргі Ресей өңіріндегі үлкен қалалардың жанында серіктес қалалардың бой көтеруі қала реформасын жүргізу кезінде бастау алған саясаттың жемісі.

Қазір Мәскеу маңында – 14, Рязанның айналасында – 9, Новосибирскіде – 11, Дондағы Ростовта – 10, Саратовта – 8 серіктес қалалар орналасқан. Олардың кейбірінде жүз мыңнан астам халық тұрса, кейбірінде 50-60 мың тұрғын тұрады. Мұндай серіктес қалалар да Украина мен Белоруссияның ірі қалаларының жанынан да бой көтерген. Мұның өзі ішкі көші-қон саясатын реттеудегі негізгі фактор болып отыр.

Қытай әлеуметтік-экономикалық реформаларын ауылдан көтеруден бастады. Өйткені, оларға миллиардтан астам халық үшін азық-түлік проблемасын шешу ең басты мәселе болды. Сондықтан олар халықты ауылда ұстау үшін оларға сервистік қызмет көрсету мәдениеті жоғары агроиндустриялық серіктес қалалар тұрғызу саясатын жүргізді. Пекин қаласының әкімшілігі Олимпиада ойындарына орай қала маңында серіктес үш қала салған. Болашақта Қытай астанасының күншығысында орын тепкен

Шуньи, Тунджо және Ичжуан атты үш қалада 900 мың халық тұратын болады. Бұл қалаларда осы заманғы жоғары технологиялар мен көрме және ойын индустриясы орналастырылған көрінеді. Көршіміз біздің Харгос шекаралық аймағымызға таяу маңнан болашақта екіжүз мыңға жуық халық тұратын орасан зор әлеуеті күшті қала салуды жоспарлауда.

Қазақстан үшін серіктес қалалар салу үрдісі тосын шара емес. Мәселен, Қарағандының маңында мұндай қала өткен ғасырдың орта кезеңінде бой көтерген. Абай, Шахтинск, Сарань қалалары кешегі алып индустрияның орталықтарына айналған шағын қалалар санатына жатады.

Сол сияқты Ақтөбенің жанында да Алға, Октябрьск, Хромтау қалалары қазбалы жер асты байлықтарының арқасында химия, мұнай, тау-кен индустриясының орталықтары ретінде қарыштап дамыды.

Мемлекет басшысы Алматыға келген сапарында Алматы қаласының жанынан серіктес қалалар тұрғызу жөнінде мәселе көтерген болатын. Осыған сай Алматы мен Қапшағай трассасының төңірегінде тұрғызылатын Алматының серіктес қалаларының құрылыстары басталмақ. Осы себепті Алматы қаласы мен облысында коммерциялық жер телімдерін сатуға қатаң тыйым салынды. Осыған сай облыс аумағынан қалаға біраз жер телімдері беріліп отыр.

Осы ретте серіктес қала мен қалаға іргелес елдімекеннің айырмасы қандай деген сұрақ туындайтыны айқын. Қазір Алматыға іргелес жатқан елді-мекендер тек қана Алматының емес, бүкіл Қазақстанның проблемасына айналып отыр. Қалаға қосылған елдімекендердің инфрақұрылымдарын жақсарту үшін қала бюджетінен қомақты қаржы жұмсалған. Мұның өзі аз қаржы емес. Алайда, мұнымен Алматы маңындағы елдімекендердің бар проблемасы шешілген жоқ. Кезінде іргелес мекен болып саналып келген Өжет, Қарасу, Горный Гигант, Қалқаман сияқты ауылдар бертін келіп қалаға қосылып, үлкен проблема тудырғаны айқын. Оның үстіне Алматы облысының Талғар, Іле, Қаскелең аудандары тұрғындарының 70-80 пайызы Алматы қаласының өндіріс орындарында жұмыс істеп өз нәпақаларын қаладан айырып отыр.

Қазірдің өзінде Алматы мен Қапшағай қалалары арасында салынатын серіктес қалалардың техникалық шарттары жасалған. Онда Алматы маңында төрт серіктес қала салу жоспары бекітіліп әр қалаға жеке дара міндеттер жүктелген. Бекітілген жоспарға сәйкес алғашқы қала халықаралық бизнес орталығы ретінде Байсерке ауылында да салынбақ. Қапшағай күре жолының Қаскелең өзені қиып өтетін тұсында Заречный кентінде сәулетті екінші қала салу көзделген. Ол өндіріс ошақтары шоғырланған индустриялы әрі курорттық-туристік қала болмақ. Бүгінгі өркениет дамуына сай Жетіген ауылында мәдениет ошақтары көптеп қарастырылған әдемі қала тұрғызылады.

Ал төртінші қала бай тарихи негізі бар Қапшағай қаласы болып отыр. Серіктес қалалар бой көтерген жағдайда Алматыдағы көптеген өндіріс кәсіпорындары солардың біріне көшірілмек. Бұл Алматының ауасын тазартып, оның ежелгі сұлулығын орнықтыруға негіз қалайтын болады [11].

Болашақта Аршалы, Шортанды, Ақмол елді мекендері Астана қаласының серіктес қалаларына айналмақ.

Елімізде халықаралық статусқа ие болған Алматы, Астана, Түркістан қалалары бар. Олар әртүрлі халықаралық зерттеулер барысында анықталған.

Астана қаласы 1999 жылы ЮНЕСКО шешімімен «әлем қаласы» атағын алды. Қазақстанның бас қаласы 2000 жылдан бастап астаналар мен ірі қалалардың халықаралық ассамблеясының мүшесі. Астана – Азияның ең солтүстігінде орналасқан елорда. Бүгінде Астана халқы миллионнан асып жығылады.

Түркістан қаласына 2016 жылы желтоқсанның 1-2 күндері Әзербайжанның Шеки қаласында өткен «ТҮРКСОЙ» тұрақты кеңесінің 34-отырысында Түркі әлемінің 2017 жылғы «Мәдени астанасы» етіп бекіту туралы шешім қабылданды.

2018 жылы 29 маусымда «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңның 3-бабының 1-тармағына сәйкес, Шымкент республикалық маңызы бар қала мәртебесіне ие болды. Бұл әкімшілік бірлік еліміздің он жетінші аймағы атанды. Ал қазақ хандығы мен түркі әлемінің жүрегіне айналған Түркістан қаласы облыс орталығы болып бекітілді.

2018 жылы 29 қыркүйекте Түркістан қаласын түркі әлемінің мәдени-рухани орталығы ретінде дамыту жөніндегі бас жоспардың тұжырымдамасын мақұлданды.

Алматы қаласы 19 наурыз 2014 жылы ресми түрде Достастық елдерінің мәдени астанасы атанды «Достастықтың мәдени астаналары» бағдарламасы бойынша берілетін сертификатты достастықтың Халықаралық қорының Төрағаларының бірі Михаил Швыдкой арнайы Алматы әкіміне табыс етті.

Төртінші индустриялық революция әсері қалаларға қатты әсер етуде. әсіресе салалардың цифрлық жүйеге көшірілудің тиімділігі зор. Өнімділік артты. Қоғамда жемқорлықтың жолы кесіліп айқындылық пен тазалық салтанат құрды.

Цифрлық технология өндірістің барлық салаларында, өнеркәсіп пен инфрақұрылымнан бастап, денсаулық сақтауға дейін трансформациялық қызмет көрсететін болады.

Мысалға, интернет бұйымдардың қосымшасы ретінде кең таралған оқшауланған мониторингті қарастырып көрейік. Кез-келген пакет, қапшық немесе контейнер компанияларға тасымал тізбегі арқылы оның жылжуын, ахуалын, қолданылу тәсілін және тағы басқаларды бақылап отыратын сенсорлармен, радиобелгі бергішпен, радиожилікті сигналды анықтағышпен (RFID) жабдықталуы мүмкін.

Осылайша тұтынушылар тұрақты түрде (шынайы уақыт өлшемімен) тапсырыс берген заты мен құжатын жіті қадағалап отыра алады. Жеткізудің ұзын да, күрделі тізбектерін басқарушы компаниялардың жұмысы үшін бұл – түбегейлі өзгеріс. Жақын келешекте мониторингтің мұндай жүйесі адамдар қозғалысын қадағалауға да қолданылады.

Цифрлық революция жекелеген адамдар мен кәсіпорындар арасындағы қарым-қатынас пен серіктестік тәсілдерін түбегейлі өзгертетін мүлде жаңа талпыныстар туғызады [7].

Елімізде «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында «Smart Astana» жобасын жүзеге асыру қарқынды жүріп жатыр.

Заманауи жоба елордамыздың тұрмыс-тіршілігінің барлық саласын қамтитын болады. Атап айтқанда, бұл жоба қалалық инфрақұрылымды, әлеуметтік саланы, экологиялық ахуалды, ақпараттық-коммуникациялық жүйелерді, мәдениет және демалыс саласын жаңғыртуда өміршең озық технологияларды пайдалануға кең жол ашады. Бұл жоба Астана қаласының болашақтағы дамуына түбегейлі өзгерістер енгізумен қатар, елеулі тиімділік әкеледі. Мәселен, Смарт-сити жобасы және Сергек бейнебақылау камералары орнатылып, қаланың тазалығы мен тәртібін қадағалауда елеулі үлес қосуда. Ақылды үйлер мен бағдаршамдар да қаланың ақылды қалалар қатарына қосылуына септігін тигізуде.

«Smart City» негізгі мақсаты – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы барлық қалалық қызметтердің тиімділігін арттыру. Қазіргі уақытта әлемнің 2500-ден астам ірі және кіші қалалары «ақылды қала» концепсиясының әртүрлі компоненттерін белсенді түрде еңгізуде. «Ақылды қалалар» концепциясы «Цифрлық Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасының бір бөлігі болып табылады. Қазіргі уақытта Үкімет Smart City жобасын Астана, Алматы, Қарағанды, Шымкент және Ақтөбе сияқты ірі қалаларда біртіндеп еңгізуді жүзеге асыруда.

Бұл ретте Астана әлемнің көшбастаушы «ақылды» қалаларының тәжірибесін үлгі тұтуда. Мәселен;

Сеул қаласында жол қозғалысын басқару технологияларын барынша жетілдірудің нәтижесінде сапалы да қауіпсіз көлік қозғалысына қол жеткізілді.

Гонконг қаласының тұрғындары қала қызметінің барлық түрлеріне, атап айтқанда, дүкендерден қажетті заттарын сатып алуға, парковкаларға ақы төлеуге, қалалық қоғамдық көліктің жолақысын төлеуге бір ғана электронды картаны пайдаланады.

Токио қаласының тұрғындары құбырлармен келетін судың шығынын анықтайтын өлшегіш құралдарды қолдану арқылы сенімді де арзан су көзіне қол жеткізіп, адамзат үшін аса қымбат ауыз суды тиімді үнемдеуге бет бұрған.

Міне, әлемдік озық қалалардың тұрғындарға және қала қонақтарына қызмет көрсету жұмысындағы осындай озық үлгілерін тәжірибеге ала отырып, Астана болашақта әлемдік «ақылды» қалалар көшбасшысына айналмақ [14].

Цифрлық технологиямен қатар көптеген құралдар, физикалық әлемнің виртуалды желілермен байланыстыра таң қаларлық қарқынмен дамып келеді.

Цифрлы технология адамдарды әр қадамын санап жүруге тәрбиелейді. Мәселен сіз қоғамдық көлікте көліктік картамен төлем жасасаңыз жарты сағат ішінде келесі қоғамдық көлікке тегін ауысып отыра аласыз. Карточканын осындай тиімділігін білетін қала тұрғындары уақытты есептеуге көшті. Қоғамдық көлікке алдыңғы есіктен кіріп артқы есіктен шығуға дағдыланады. Қоғамдық көліктермен қатар сауда, ойын-сауық орталықтарында, қоғамдық тамақтану орындарында төлемдер электронды карточкалар арқылы жүргізілетін болды. Әлемнің бір түкпірінде өндірілген тауарды сіз интернет сауда жүйесі арқылы тауып, тапсырыс бере аласыз. Компания курьерлері пошта арқылы

үйіңізге жеткізіп береді. Еліміздегі пошта қызметі дрондарды тиімді пайдалануда. Тауарды 500 шақырым жерге дрон арқылы жеткізу жолға қойылған.

Үйлерге, киімдерге, аксессуарларға, қалаларға, көліктерге, электр желілерге, сондай-ақ өндірістік процестерге ықшам да арзан және ақылды сенсорлар толассыз орнатылуда. Қарапайым даяшы мен кондуктордың қызметінен бастап 100 адамның жұмысын атқаратын цифрлы технология қала өміріне батыл енуде. Бірақ өндірістің осыншалық автоматтандырылуына байланысты адам күшіне тәуелділік төмендеп кетті. Бұл жұмыссыздыққа бірден бір себепкер болуда. Жұмыссыз қалған мамандарды қайта даярлау арқылы жұмысқа орналастыру бүгінгінің өзекті мәселесі болып табылады.

Жаһандану жағдайына қарап отырсаңыз, болашақта адамзатты цифрлы технологиялар тәрбиелейтін заманға келе жатқанымызды байқаймыз.

Жаһандану жағдайында өркениет биігіне ұмтылған дамыған елдерде «ақылды» қалалар қалыптастыру бүгінде әлемдік үрдіске айналған. Бұл үрдісті ұстанған елдердің басты мақсаты қалалардың тұрмыстық қызмет көрсету деңгейін барынша дамыту арқылы тұрғындардың өмір сүру дәрежесін биік деңгейге көтеру болып табылады. Нәтижесінде қалалықтар мен қалаға келген ауыл адамдары жаңа технологиялар енгізген қоғамдағы жаңалықтарды меңгеру арқылы автоматтандырылады. «Ақылды» қалалар қатарына экономикалық, экологиялық және әлеуметтік деңгейлері тұрақты, қызмет көрсету инфрақұрылымы дамыған қалалар жатады. Өз кезегінде «ақылды» қала жобасына қосылған қалаларға дарынды мамандар және заманауи инновациялар көптеп тартылады. Еліміздегі ірі мегаполистер «Smart City» – «Ақылды қала» халықаралық форматына көшірілуде.

Елбасымыз 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында қазіргі заманғы қала парадигмасын атап көрсетті: «Әлемде инвесторлар үшін қалалар бәсекеге түседі деген түсінік қалыптасты. Олар елді емес, жайлы өмір сүріп, жұмыс істейтін қаланы таңдайды. «Ақылды қалалар» өңірлік дамудың, инновацияны таратудың және еліміздің барлық аумағында тұрмыс сапасын арттырудың локомотивтеріне айналады [8].

Сонымен жайлы өмір сүріп, жұмыс істейтін қазіргі заманғы қала қандай болуы керек?

Біріккен Ұлттар Ұйымы 2016 жылы Найробиде өткен үлкен форумда «Бізге қажет қала-қалалардың жаңа парадигма жолында дамуы» тұжырымдамасын алғаш рет жариялады. Тұжырымдамада ХХІ ғасырда қаланы дамытудың жаңа парадигмасы ретінде 10 принципті атап көрсетілген. Бізге қажет қаланың принциптері мынадай:

1-принцип:

«Бізге қажет қала» - әлеуметтік тұрғыдан бәрі қамтылған және жан-жақты.

2-принцип:

«Бізге қажет қала» қолжетімді, ашық және әділетті.

3-принцип:

«Бізге қажет қала» экономикалық тұрғыдан қарқынды және жан-жақты.

4-принцип:

«Бізге қажет қала» ұжымдық түрде басқарылады және демократия қағидаттарына негізделеді.

5-принцип.

«Бізге қажет қала» аумақтардың өркендеуіне ықпал етеді.

6-принцип.

«Бізге қажет қала» – өзін-өзі сауықтыруға қабілетті және іргесі бекем қала.

7-принцип:

«Бізге қажет қала» әртүрлі өзіндік ерекшеліктерді біріктіреді және мақтаныш сезімін шабыттандырады.

8-принцип:

«Бізге қажет қала» – жақсы жоспарланған, жаяу жүргіншілерге ыңғайлы және әртүрлі көлік түрлері бойынша қол жетімді.

9-принцип:

«Бізге қажет қала» – бұл қауіпсіз, саламатты және әл-ауқатқа ықпал етеді.

10-принцип:

«Бізге қажет қала» – оқыту және инновацияларға бастама болады [15].

Адами капитал – негізгі байлық. Адами капитал болмаса, ел дамымайды. Өйткені ғылыми прогресті, тілді, ғылымды дамытатын – адам баласы. Адам баласының интеллекті, ақыл-ойы, білімі болмаса, қалай дамиды? Сондықтан барлық бағдарламалардың бастауында адам капиталы тұруы керек. Мәселен, Кеңес Одағы кезінде оның ешқандай басқа мемлекеттермен байланысы болған жоқ. Десек те, мамандардың арқасында барлық сала ілгерілеп отырды. Мұнайы да, түсті металы да жоқ Жапония адам капиталының арқасында дамыған елдердің алдыңғы қатарында келеді. Ал енді өз елімізге тоқталатын болсақ. Адами капиталдың сапасы білім деңгейіне байланысты. Білімнің рөлі ғылыми-техникалық прогрестің дамуы мен механизацияланған және автоматтандырылған еңбек үлесінің ұлғаюына қарай жоғарылайды [16].

«Жаңа технологиялық қалып біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді түбегейлі өзгертуде [1].

Адам капиталы – таусылмайтын жинақы ресурс, үнемі жаңғырып, жалғасын табатын үдемелі қуат пен шабыт бастауы. Оның өтімді мәні-адамның кісілігі мен кірісін қатар көбейтетін қаражат көзін демеуінде, әрі тұлғалық қабілет-қасиетті ту етіп, соған тұрақтауында, соны өндіре жүзеге асыруда. Адамның қимыл-әрекетінде тұлғалық, кәсіби және әлеуметтік қабілеттер бірін-бірі толықтырған сайын, оның бойынан қосымша қасиет, қабілет қуаты өмірлік күш алады. Адам капиталының бастамасы жалқы емес әрқалай, оның қалыптасу бағыты бірсарында емес, түрлі деңгейде тарамдалып жатады деген тоқтам туындайды. Ал, оның өлшемдері салыстырмалы түрде дара және бір-бірімен түрлі байланыста болатынын аңғарамыз. Әйтседе, адам капиталын тану

жолдары мен өзгерту тәсілдері нақты да кешенді болатынын да күмәнданбаймыз. Адам келбеті мен кісілігі оның капиталын құрастырады. Адам капиталы іргелі де түрлі ерекше идеяларға негізделеді, солардан демеу табады. Оның экономикалық, саяси, ұлттық және тұлғалық түрлері қомақты идеяларды жинақтайды, жебелейді. Адам құндылығы игілік пен ізгілікті жасауда жалғасын табады, арнасын кеңейтеді. Еңбектегі құлшыныс, жасампаз күш-қуат – құндылықтың темірқазығы, қажеттіліктің құрамы және құралы. Қосымша күш-қуаттың қарқындауы, оның айналымда алмасу – мәдени капиталдың құнары. Сондықтан бүгінгі таңда *білімді де білікті жоғары моральдық тұлғаны, рухани және жоғары интеллектуалды ұрпақты қалыптастыру мемлекеттік деңгейдегі басты мәселеге айналу қажет* [16].

2015 жылы Елордада «ШАГ» Компьютерлік академиясының қазақстандық филиалы ашылды. Онда әлемнің ақпараттану және компьютер саласында кәсіптік IT-білім алуға болады. Жастар желілік технологиялар және жүйелік әкімшілік, бағдарламалық қамтуды әзірлеу және компьютерлік графика мен дизайн сынды үш бағыт бойынша білім алады. Оқыту жүйесі оқу бағдарламаларын әлемдік деңгейде жетекші вендорлардың (Cisco, Microsoft, Oracle, Autodesk және т.б.) кейстарын қосу арқылы үнемі жаңалау үрдісіне негізделген.

«ШАГ» Компьютерлік Академиясы – 1999 жылы Одесса қаласында (Украина) негізі қаланған бірегей оқыту орталығы. Бүгінгі таңда Украина, Ресей, Чехия, Эстония және Белорусия елдерінде және Қазақстанда 21 филиалы бар. Айта кетейік, академияда 40 мыңнан астам түлек пен 15 мыңнан аса студент білім алып, жетістіктерін халықаралық конкурстар мен олимпиадаларда жоғары деңгейде көрсетуде [17].

Адами капитал мәнінің өсу тұжырымдамасы адамды басты мақсат ретінде қарастырады, мұның мәні қоғамдағы оң өзгерістер мен экономикалық көрсеткіштердің өсуі адамның негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз етуге әсер етуі және ерікті таңдауға мүмкіндік ашуы қажет. Ал адамда өз әлемін басқару үшін өзін-өзі басқару мүмкіндігі мен ынта жігерін дамытуға негізгі күштің бәрі бағытталу керек [16].

Экономикада адами капитал – білім, білік және дағдының жиынтығы ретінде пайдаланады. Сол себепті біздің елімізде адами капиталды дамыту үшін көптеген стратегиялық жобалар жүргізілуде. Бұл жобалар негізінде білім берудің жаңа парадигмасы қалыптасты. Қазақстандықтар халықаралық «Болашақ» бағдарламасымен шетелдің іргелі оқу орындарында білім алуда. Олар адам капиталының сапасы білім деңгейіне байланысты, өмір бойы білім алу басты кредомыз екенін түсінді. «Үздіксіз білім беру» жүйесімен жеке қалауымен курстар мен семинарларда инновациялық білімін жетілдіруде. Өз мамандығын жақсы білетін адамдар әлемнің түкпір-түкпірінде табысты еңбек етуде. Бүгінгі күні өмірі өнеге адамдар туралы ақпараттарды көптеп келтіре аламыз. Солардың бірнешеуі тоқталайық, Моңғолиядан шыққан этникалық қазақ қызы Айгерім Саулетханқызы балалық шағындағы бұзылған электротехникаларды жөндеуге әуес болған. Оның бұл қызығушылығы табысқа жетуге жол ашты. АҚШ-тың Хьюстондағы Солтүстік Америка университетінде

оқып, IT-технологиялар саласында білікті маман атанды. Ол Америкада тұрады, әйгілі Apple компаниясының БАҚ-да жұмыс істейді [18].

Біз жоғарыда айтылған жастардың жетістігі арқылы заман талабына сай болуды меңзеп отырмыз. Елбасымыз «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында жаһандану жағдайындағы өмірімізге жаңа технологиялар алып келген жаңалықты қабылдауға дайын болуға шақырады. Және сананың ашықтығы үшін зерденің ерекшеліктері қандай болатынын атап көрсетеді:

біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз еліңнің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек.

Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Азиядағы екі ұлы держава – Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті – осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нағыз үлгісі.

Өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі – қаңсық» деп кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл – табыстың кілті [1].

Қазіргі нарықтық қоғамда, жаһандану жағдайында жастардың тұлғалық қасиеттерін қандай идеал негізінде тәрбиелеу – ең маңызды тәрбиелік мәселеге жатады. Цифрлы Қазақстанда ақпараттық-коммуникация технологиялар саласында ғажап идеяларды іске асырған әлемге әйгілі адамдар идеал болуы тиіс.

Ал олардың кейбірінің іргелі оқу орындарында оқымағанын, кітап арқалап, көз майын тауыспағанын, бірақ толағай табысқа жеткенін былайша түсіндіруге болады. Олар қызығушылығына қарай мамандықты таңдауға мүмкіндігі болған. Өзіне инвестиция құйып, таңдаған бағыты бойынша өмір бойы білім – білігін еркін жетілдіріп отырған. Олардың жеке қызығушылығының туындаған жаңалықтары тұтас мемлекетке, тіпті әлемге зор пайдасын тигізгені ақиқат. Бұл адамдар жай ғана табысты кәсіпкер емес, әлем парадигмасын өзгертуге үлес қосқан өнертапқыштар. Осындай жандар қатарында компьютерлер мүмкіндіктерін алақандай айфондарға сыйғызған, оны күллі әлемге қолжетімді етіп кеткен, өкінішке қарай, 56 жасында өмірден озған Стив Джобсті айтуға болады.

Стив тағдырдың тәлкегімен Джобстар отбасы асырап алған тастанды бала болатын.

Жасөспірім Стив есейе келе, өгей әкесінің кәсіп істейтін гаражын жиі жағалап, онда жөнделіп жатқан көліктердің электрондық жүйелерінің қыр-сырын ұға бастайды. Келе-келе әлгі гаражға Стивтің өзімен аттас әрі мүдделес досы әрі болашақ «Apple 1»-дің құрылтайшыларының бірі Стив Возняк та жиі төбе көрсетіп, олар әртүрлі жобаларды ортаға салып, ұзақ ақылдасатын. Осы күндері, қос Стив жинастырған «Apple 1» компьютерінің алғашқы нұсқасы жоғарыда аталған жұпыны ғана гаражда жасалып еді дегенге дәл қазір біреу сенсе, біреу сенбесі анық. Сонымен қатар, Стив Джобстің университет тұрмақ, колледжді де бітіре алмай, оқудан шығып қалғаны да

адам сенгісіз оқиға. Бірақ тереңірек зер салсақ, ол әлгі оқу орнын дарынсыздығынан емес, ұнатпағандығынан тастап кеткен болатын.

Сонымен Стив Джобс өзінің стратегиялық жоспарларын өте қысқа мерзім ішінде іске асырып үлгерді. Мұны жер жүзі мойындайды. Ол бас-аяғы 40 жылдың ішінде жеке тұтынушыларға арналған компьютерлер, анимациялық фильмдер мен музыкалық өнімдер, сондай-ақ заманауи ұялы телефондар мен портативті компьютерлер мен цифрлық принтерлер шығару саласында алты индустриялық революция жасады [19].

Біз нарықтық нарықтық қоғамда өмір сүрудеміз. Нарықтық қоғам – кәсіпкерлікке негізделіп құрылған. Сондықтан оны, басқаша айтқанда, кәсіпкерлік қоғам деп те атайды. Кәсіпкерлік қоғамның қозғаушы күші – кәсіпкер. Мұның себебін қоғамдық-экономикалық формациялық заңдылықтан табуға болады. Өйткені, нарықтық қоғамның базисі – жекеменшік, ол адамдардың еркін экономикалық қарекет негізінде жүргізіледі. Жастар үшін үздіксіз іздену мен білімнің арқасында табысқа кеңелген кәсіпкерлерді де идеалға жатқызамыз.

Солардың қатарында, интернет сауда жүйесін ойлап тауып, бүгінде байлығы 36,9 миллиард доллар болатын қытайдың ең бай адамы – Джек Ма. Оның өмірі – табанды төзімділік, сенім мен стратегиялық ойлаудың жарқын мысалы.

Джек Ма «Alibaba» онлайн-сауда платформасының негізін қалаушы. Ол өзі туралы «Мен қарапайым отбасында өмірге келдім. Мектепте үздік болған жоқпын. Жақсы оқуға ұмтылдым, бірақ бұл қолымнан келмеді. Бәлкім менің мектебімнің білім беру деңгейі төмен болған шығар. Сол себепті мектепті тәмамдағасын біраз уақыт жұмыс таба алмадым. Университетке үш рет тапсырып, құладым. Бірақ ешқашан жеңілмедім. Табысқа жете алмаған адамнан оның себебін сұрасаң біреуді кінәлайды. Шындығына мұның бәріне өзі кінәлі екендігін сезбейді. Қолынан іс келмейтіндер үнемі солай сөйлейді. Ал қолынан іс келетіндер үнемі қозғалыста болады. Тыным таппай еңбек етеді...

«..... Тура жолдан кетіп бара жатқан болсаңыз, ақшаның өзі сізді іздеп табады. Егер ақшам болғанда үйтер едім, бүйтер едім дейтіндерге былай жауап қайтарамын: Сізде ешқашан ақша болмайды. Егер бір нәрсені шынында да жүзеге асырмақшы болсаңыз, оны ақшасыз жасап көріңіз. Нәтиже болса, сізге ақшаның өзі келеді деймін» – дейді Ма [20].

Қызығушылықтан, ізденуден әлемге әйгілі болған осындай табысты өнертапқыштардың тағдырымен таныса отырып, шығыс данышпаны айтқан «Кітап пен есек» пәлсафасын еріксіз еске аласыз. Пәлсафада «Есекке қанша ақылды кітаптарды артсаң да оның есек болып қала беретінін білеміз. Ал бойына кітап артқан, бірақ дегеніне жете алмаған, нәтижесіз ой-пікірлері мен жазба-сызбаларды арқалаған адамды данаға ұқсататынымыз қалай?»-дейді данышпан.

Жоғарыда айтылған әйгілі адамдардың өмірінен кереғар екі бағытты білдік.

Біріншісі, олар арнайы жоғары оқу орындарында оқымаған, мамандық бойынша диплом алмаған;

Екіншісі; олар қалада туып-өскен. Қызығушылығы бойынша кәсібін бастаған.

Бұдан шығатын қорытынды, қалада білім кеңістігі бар. «Ізденген жетер мұратқа». Қалада қажетті дүниенің бәрі қолжетімді. Сондықтан бала өзіне керекті білімін дамыта алады. Ол үшін қосымша білім беру орталығына бара алады. Онда робототехникалық шеберханалар, бейіндік үйірмелер бар.

Президент Н.Назарбаев әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дегі оқыған дәрісінде «Біздің ендігі міндет – Қазақстандықтардың, бірінші кезекте жастардың, білімділікке, интелектіге деген көзқарастарын өзгерту» керек екендігін атап өтті.

Динамикалық қарқынды дамитын қоғамға әртүрлі салада өнімді жұмыс істей алатын жаңа типтес мамандар қажет. Бұл жағдайда біздің қоғамның аса өзекті проблемаларының бірі тез өзгеріске ұшырап отырған әлеуметтік және экономикалық жағдайларда өмір сүре алатын ғана емес, сонымен қатар қазіргі болмысқа белсенді әсер ететін, оны жақсартуға ат салысатын, бәсекеге қабілетті тұлғаларды қалыптастыру болып табылады. Қазіргі кезеңде мамандарға талаптарды еңбек нарқы қалыптастырады. Проблемаларды өзі дербес және командада біріккен іс-қимылдар арқылы шеше алатын, тәуекелге баруға мүмкіндік беретін, бастамашылдық, білім деңгейін арттыруға ұмтылу және т.б. біліктер аса құндылық болып табылады. Солармен қатар адамнан жеке жауапкершілік, міндеттілік, сөйлесе білу, жеке және кәсіптік ұтқырлық қасиеттері талап етіледі.

ҚР орта білім мазмұнын жаңарту – білім беру мен ғылым салаларының бәсекеге қабілеттіліктерін арттырудың, экономиканы тұрақты көтеру үшін адами капиталды дамытудың негізгі шарттарының бірі болып табылады. Кәсіптік білімге және кәсіптік қызметке дейінгі дайындық кезеңінде жоғарғы сынып оқушыларында қосалқы кұзіреттер мен кәсіпке дейінгі білім мен дағдыларды қалыптастырудың жаңа тетіктері мен тәсілдері қажет.

Қазіргі кезде жалпы білім беру мектептеріне қоғам тарапынан әлеуметтік тапсырыс тек қана белсенді, жоғары мәдениетті және білімді адамдарды даярлап қана қоймай, сонымен қатар Жалпыға ортақ еңбек қоғамының кәсіптік анықталған мүшелерін даярлау болып табылады. Жаңа индустриалды-инновациялы экономика жағдайында жастарды өмірге даярлау мектептегі жоғарғы сыныптарда бастау алады. Қазіргі жастар болашақта саяси, экономикалық және ғылыми элитаның негізін құрайтын болады. Сондықтан, жастардың жеке және кәсіптік тұрғыда қалай бағдарланғандарына, Қазақстан мәдениетінің, тарихының қандай құндылықтары олардың тұлғалық дүниетанымдық ядросын құрайтынына, олардың азаматтық жауапкершіліктері деңгейі қандай болуына байланысты Қазақстан қоғамының дамуының табыстылығы да соларға тікелей байланысты болады.

Әлемнің динамикалық даму жағдайында іргелі пәндер бойынша білімдер міндетті бола отырса да, оларқоғамның талаптарына, мемлекеттің тапсырыстарына және еңбек нарқына толық жауап бере алмайды. Білім алушылар білім, білік және дағдылар жиынтығын меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар олардың өте жоғары дәрежеде өзін-өзі іске асыруы үшін

акпараттарды өзі дербес табуды, талдауды және тиімді қолдануды олардың бойына сіңіру өте маңызды. Былайша айтқанда, оқушыларды алған білімдерін жаңа білім алу үшін қолдана білуге, белгілі бір біліктер мен дағдыларды, әлеуметтік тәжірибелерді меңгеруге үйрету қажет.

Еңбек нарқының, жекеленген оқыту негізінде оқушыларды өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі іске асыруға даярлаудағы әлеуметтік серіктестер қажеттілігі, кәсіптік білімді меңгеруге дайындықтары кәсіби педагогиканың ғылыми зерттеулерінің маңызды және өзекті бағыттары болып табылады. Бүгінгі күні жалпы білім беру мектептері шеңберінде білімді және жоғары мәдениетті жастарды даярлап қана қоймай, сонымен қатар кәсіпті саналы таңдай білетін, қоғамның заманауи қажеттіліктеріне сәйкес өзін-өзі іске асыруға және өзін-өзі дамытуға қабілетті және соған дайын жастарды даярлау аса өзекті міндетке айналып отыр.

Білім берудің қазіргі жағдайы білім беру қызметінің аса тиімді нысандарын белсенді іздестірілуімен, оқушылардың қабілеттерін толық ашып көрсетуге мүмкіндік беретін оларды оқыту мен дамытудың шарттарын жасаумен сипатталады. Қоғамның қазіргі кездегі даму кезеңінде әрбір тұлғаның интеллектуалдық және психологиялық ресурстарын максимал диапозонда дамуын қамтамасыз ететін білім беру моделін әзірлеу болып табылады. Білім беруде баланың жеке дара ерекшеліктерін толық ескере отырып, оның өзін-өзі жетілдірудің (өзін-өзі танудан бастап өзін-өзі іске асыруға дейін) кешенді біліктерін қалыптастыру үшін жекеленген білім беруді идеал деп қарастыруға болады.

Шетелдік білім беру үдерісінде теориядан гөрі тәжірибе көп. Айналаны тану үшін бұл өте тиімді әдіс. Оқушылар дүние, ғылым туралы білімдерін кітаптан гөрі тәжірибеден молырақ жинайды. Мәселен, Англияда бастауыш сынып оқушыларын табиғаттану сабағында орманға жиі апарады. «Жанды сабақ» деп аталатын сабақта «бес шұбалшанды, екі өрмекшіні, төрт құмырсқаны, бір ұлуды тап» деген секілді нақты тапсырмалар береді. Ортаға от жағып, әр балаға маршмэллоу түйрелген таяқтарды үлестіреді де, оны отқа қалай қақтау керектігін үйретеді. Сол сәтте балада да оттың пайдасы туралы білім пайда болады. Сыныпта әр оқушыға құмыраға дән еккізіп, соны баптатады. Өсімдіктің қалай гүл жаратынын, жеміс беретінін бала содан кейін жақсырақ ұғады. Музейлердің бәрі тегін, онда да балаларға арналған қызықты іс-шаралар жиі өтеді. Музей экспонаттарынан тақырыптық қоржындар дайындап қояды. Мысалы, оқушы ғаламшарлар туралы тақырыптық бұрышқа барды делік.. Үстелге тоғыз құты қойылып, іші әр планетаның құрамындағы химиялық қоспалармен толтырылыпты. Соларды иіскеп, әр планетаның иісі қандай болатынын білуге болады. Балалар түгіл, үлкендер қызығатындай-ақ! Мұражайдың бір күні тіске арналды. Ортада шоколад, сағыз, газды сусын тұр да, қастарына қант салынған қапшықтар орналастырылған. Оны көріп, қай өнімде неше пайыз қант болатынын және оның тіске зияны қаншалықты екенін бүлдіршіндер оңай түсінеді.

Бізге шетелдің білім беру саласында ең озық технологиялары мен тәжірибелерін талдауға, оларды қолдануға тырысу қажет. Осындай көзқарас

тұрғысынан үш мемлекеттің – Германияның, Францияның, Финляндияның тәжірибелері аса қызығушылық тудырады.

Германияда оқушылардың кәсіптік бейімделуі – өмірбаяндық тұжырымдамада кәсіпті таңдауға дайындық болып табылады, ол үш қадамнан тұрады: өмірге құрылған жоспар аясында жеке тұлғалық сапаны талдау; оқу, өмірдегі мақсат, нормалар, құндылықтар туралы көзқарастар; оқу кешенін іске асыру стратегиясы тұрғысынан кәсіптің мүмкіндігін тексеру. Бұл тұжырымдаманың қызықты технологияларының бірі мектеп фирмаларында оқушылардың кәсіптік бейімделуі болып табылады. Болашақ кәсіпті таңдау – өте қиын іс. Кәсіптік оқыту – осы таңдауға оң әсер ететін процесс, бірақ мектептерде классикалық білім береді, «кәсіппен жолығуды» қарастырмайды десе де болады. Қалыптасқан білім, бойда бар қабілет теория жүзінде қалып қоюы әбден мүмкін. Осы қарама-қайшылықты жою үшін Германияда NEBS жобасы жасалды, оған Берлиннің 47 арнайы педагогикалық орталықтары (250 фирма, 2000 оқушы) қатысады. Бұл өндірістегі оқушылардың негізгі міндеттері – дербес мектеп фирмаларында жұмыс істей жүріп, өмірдегі еңбекке дайындала жүріп (250 фирма), оқуларын жалғастыру.

Бұл педагогикалық жоба тек фирманың өндірістік жағдайын модельдейді, ол нақты ұйым болып табылмайды. Ондай фирмалар, әдетте, мектеп ғимаратына орналасады және нағыз экономикалық процессті – өндіріс өнімін шығаруды және сатуды, қызмет көрсетуді, қаржы және тауар ағындарын басқаруды көрсетеді. Жас балалар әртүрлі рольдерде командада жұмыс істей алу, жеке жауапкершілік, тәуелсіздік сияқты қабілеттерін және біліктіліктерін дамытады. Нарық экономикасының құралдары арқылы балалар кәсіпкерлер сияқты ойланып іс-қимылдар жасауға үйренеді. Бұл жобада жеке тұлғалық қабілеттер де, қоршаған ортамен қарым-қатынасы да (өндірістуралы ақпараттар беріледі, өндірістік практика өтіледі) дамытылады. Мұғалім бұл жағдайда модератор қызметін атқарады [21].

Оқушылар бизнес-процесспен іштей танысып, біледі, меңгерілген дағдыларды келесі оқыту бағдарламалары арқылы өзіндік дамытуға мүмкіндіктері мол. Кәсіптік бейімделу интегративтік іскерлік ойын түрінде осындай нақты өндіріс процессінің моделі арқылы іске асырылады.

Германияда оқушылардың кәсіптік бейімделуі сауалнама, тестілер және консультациялар арқылы, ата-аналар мен ұйымдардың өкілдері бірігіп өткізетін іс-шаралар арқылы жүргізіледі. Ерекшелігі оқушылар жұмыс дәптерлеріне отбасы, жеке қызығушылықтары, өзіндік кәсіптік анықталуы, бейімділігі, болашақ мамандығы, үлгерімі, тест нәтижелері туралы ақпарат жазады.

Францияда негізінде жұмыстың топтық нысандары қолданылады. Францияның Білім туралы заңы білім беру мекемелерінен бірінші сыныптан бастап кәсіптік бейімделу проблемасы бойынша жүйелі жұмыс жүргізуді талап етеді. Француз ғалымдары оқушылардың кәсіптік бейімделуінің негізгі бағыттары ретінде педагогикалық және ақпараттық бағыттарды айтады. Ақпараттық бағыт – кәсіпті таңдауға әсер ететін уақтылы объективтік ақпарат алу, ал субъективтік деп ақпараттарды жеке тұлғалық қабыл алу ерекшеліктерін айтады. Педагогикалық – объективтік және субъективтік факторларды ескере

отырып, таңдау қабілеттерін қалыптастыру және дамыту болып табылады, саналы таңдау оқушыларды өз өмірлерінде, әлеуметтік және экономикалық өмірде дербес шешім қабылдай білуін қамтамасыз етеді.

Францияда кәсіптік бейімделу жұмысында «бейімделуге тәрбиелеу» тұжырымдамасын бекіту бағыты қолға алынған. Бұл жағдайда оқушылардың өздері кәсіптік бейімделу субъектілері болып табылады.

Мектепішілік кәсіптік бейімделу жұмысы бес педагогикалық циклдерге сәйкес жүргізіледі: байқау және бейімделу; орталық; бағытталу; анықтау; соңғы шығару циклі. Алғашқы үш цикл колледжде оқуға арналған, төртінші және бесінші цикл лицейде оқуды көрсетеді [22].

Бірінші циклде тестілек арқылы оқушының тұлғасы, қабілеті, бейімділігі, білім деңгейі, мінез ерекшелігі зерделенеді. Колледждің орталық циклінде (V-IV сыныптар) оқушылар кәсіптер әлемімен танысады. V сыныптан бастап, өз қызығушылықтарына және мүмкіндіктеріне байланысты қосымша пәндерді таңдауларына болады. Таңдау үшін тілдерді оқу, технологиялық және тәжірибелік ғылымдарды оқу ұсынылады. VI сыныптан бастап, оқушылар өз тілектері бойынша өндіріс орындарында «сапар» немесе «бақылау» нысандары бойынша стажировкадан өту мүмкіндіктері бар. Колледждің бейімделу циклі (III сынып) әрі қарай оқу жолын көрсетеді: жалпыбілімдік және технологиялық лицей; кәсіптік лицей; кәсіптік оқыту орталығы. Бұл циклдің кәсіптік бейімделу жоспары оқушыларды әртүрлі оқу бағыттары, өздері даярлайтын кәсіптер (2005 жылдан бастап, француз колледждерінде «Кәсіптермен танысу» міндетті пәні енгізілген, ол пән кәсіптік қызметтермен, ұйымдармен, даярлау орындарымен және әдістерімен таныстырады) туралы ақпараттандырудан тұрады. Келесі екі цикл лицейге қатысты (Францияда екі түрлі лицейлер бар:

– жалпы білім беретін және технологиялық; кәсіптік). Оқыту бейінді түрде жүргізіледі (бағыттар, секциялар және бейіндер бойынша дифференциациялау). Жалпы білімді және технологиялық лицейлерде (11 сынып) анықтау циклі – бейін алды кезеңді қамтиды, оқушы өзінің оқу нәтижелеріне байланысты бейінді таңдайды. Осыған байланысты қажетті кәсіптіктерді және пәндерді таңдайды (өндіріске стажировкаға барады, бұрынғы оқушылармен (қазіргі студенттермен) кездеседі), сонымен қатар әртүрлі мамандық салаларындағы мамандармен кездеседі. Жалпы білім беру және технологиялық лицейді бітіретін цикл (1-сыныпты бітіргенге дейін) – аяқтайтын этап, оның барысында лицейістер қорытынды емтихан тапсыруға дайындалады. Кәсіптік бейімделу жұмысы әртүрлі кәсіптік білім беретін оқу орындары туралы, оларға түсу ережелері туралы және т.б. ақпарат беруге арналады. 1-сынып барысында оқу бейінін, сонымен қатар оқу бағытын өзгертуге болады (қайта бейімделу мүмкіндігі). Кәсіптік лицейде оқыту нақты бір мамандықты (кәсіпті) меңгеруге бағытталған. Бұл жерде жалпы білім беру дайындығы өндірістік практикадан өтумен ұштасады. Кәсіптік бейімделу мақсаты таңдалған кәсіппен, еңбекті ұйымдастырумен, жұмыс орнымен, кәсіп құзыреттерімен, жұмысқа орналасу мүмкіндігімен танысу болып табылады. Осылай біртіндеп оқу бағыттары бойынша (колледжден кейін), оқу секциялары

және бейіндері бойынша (лицейдің 1 және бітіруші сыныптары) оқушылардың дифференциациясы іске асырылады [22].

Мұндай кәсіптік бейімделу жүйесі білім беру жүйесіне толықтай кіріктірілген, өзінің көп сатылылығымен, пәндік дифференциациясымен, тұлғаның қалыптасуы және дамуы барысында жеке ұмтылыстарға жасалған мүмкіндіктер, болашақ кәсіптік қызметті саналы таңдауымен қызықты.

Финляндияда кәсіптік бейімделу практикасы да көңіл бөлуге тұрарлықтай. Оқушылардың кәсіптік бейімделуі мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі болып табылады.

Финляндияда кәсіптік орта білім жүйесі жоғары білім жүйесімен салыстырғанда көп сұранысқа ие және танымал болып табылады, оның бірнеше себептері бар. Финляндияда кәсіптік бейімделу курстары жетінші сыныптан басталады, олар еңбек өміріне кіріспеден (1-3 апта) басталады, оның барысында оқушылар нақты өндіріс жағдайында жұмыс істейді. Сегізінші сыныпта мансапты құру мәселелері қарастырылады, ал тоғызыншы сыныпта кәсіпті таңдауға өндіріс орындарының кадр қызметкерлері және қызметке қабылдау қызметі араласады. Тоғызыншы сыныпты аяқтағаннан кейін оқушы кәсіптік жолын таңдауы тиіс, егер қажет болған жағдайда оған өзіндік кәсіптік анықталуы үшін тағы да бір жыл уақыт беріледі. Маман-консультанттар оқушыға дұрыс таңдау жүргізуіне көмектеседі. Осы кезең барысында ол оқушымен кәсіпкер консультанттар белсенді жұмыс жасайды және оқушының мамандықты (кәсіпті) дұрыс таңдауына (талабына, мүмкіндігіне, мемлекетке қажетті кадрларға сұранысты ескере отырып) қол жеткізеді. Еңбек жолын дұрыс таңдағаннан кейін фин мектептерін бітірушілерге жеті кәсіптік оқу орындарына құжаттарын тапсыру үшін өтініш беруге құқық беріледі.

Оқушылардың жұмыс мамандықтарын таңдауына қызықтыру үшін Интернет желісі бойынша жастарға ақпараттар таратылады, онда барлық сұрақтарға жауап беріледі, қажеттіліктері және еңбек ақыларының жоғары екендігі бойынша деректер бере отырып, жұмыс кәсіптерінің престижін көтереді. Таңдауға мүмкіндік жоқ жағдайда, оқушы белгілі бір уақыт аралығында жай жұмысқа (терезені бояу, көшені сыпыру) орналастырылады. Оның мақсаты елдің бүкіл еңбекке жарамды халқы қатысып жатқан еңбек процессіне деген қатысушылықты және жауапкершілікті сезіндіру болып табылады.

Бұндай «тәжірибе» тұлғаның қалыптасуына, оның кәсіптік өзіндік анықталуына оң әсерін тигізеді, сонымен қатар тұлғаның қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуге мүмкіндік береді.

Бұл елдердің кәсіптік бейімделу практикасына жасалған шолу арқасында мұндай технологияларды отандық педагогикада және кәсіптік анықталуда қолдану туралы кейбір қорытынды жасауға болады.

Германия тәжірибесі «мектеп фирмасы» атты интерактивті жоба кәсіптік бағдарға өзінің бағыттылығымен пайдалы деп қорытынды жасауға болады. Алайда, бұл іс-шараны жүйе ретінде отандық практикада толық қолдану мүмкін емес, себебі мектеп практикасы немесе «кәсіптер фестивалі»,

«фирманың бір күні» (іскерлік ойын), немесе экономика бойынша ОӨП және т.б.ретінде бір реттен қолданылатын нысан ретінде іске асырылуы мүмкін.

Францияның білім беру жүйесіне кіріктірілген кәсіптік бейімделудің көп сатылы жүйесі толық құрылым ретінде қызықты. Кәсіптік өзіндік анықталу жолы болашақ кәсіптік қоғамдыстықты қалыптастыру үшін аса маңызды, мұндай жүйе оқушылар үшін сөзсіз пайдалы болар еді.

Кәсіптік бейімделудің *Фин тәжірибесі* нәтижеге, қоғам алдындағы оқушылардың жауапкершілігіне бағыттылығымен қызықты, тіпті өзіндік кәсіптік анықталу дұрыс болмаған жағдайда да бұрынғы оқушы «өз нанын тегін жемеу үшін» жай жұмысқа қабылданады.

Мемлекеттің барлық экономикасы дамыған елдерде жастардың кәсіптік бағдарлану және өзіндік кәсіптік анықталу мәселелеріне терең көңіл бөлуі еңбек нарқының құрылымын өзгертетін және қызметкерлерге жаңа талаптарды қойып отырған инновациялық технологиялардың аса қарқынды дамуымен, жастардың еңбек қызметіне араласуына тиімді дайындық жасаудың қажеттілігімен түсіндіріледі. Шет елдерде, әсіресе, Еуропада және АҚШ-да кәсіптік бейімделудің ұзақ және жоспарлы даму тәжірибесі бар, ол іргелі теориялық-әдістемелік негізге сүйенеді, бұл тәжірибе қоғамның экономикалық, саяси және әлеуметтік сұраныстарын ескере отырып, тұрақты даму үстінде.

Кәсіптік бейімделу қызметінің теоретикалық-әдістемелік базасы шет елдерде әртүрлі. АҚШ-да кәсіптік бейімділу идеясын алғаш рет Ф.Парсонс ұсынды, одан кейін оны Д.Сьюпер, Дж.Холланд және т.б. әрі қарай дамытты. Қазіргі кезде осы жұмысты әдістемелік қамтамасыз етуді Ұлттық мансапты дамыту ассоциациясы (National Career Association -NCDA) жүргізеді, ол кәсіптік қызметтің стандарттарын жасайды, кәсіптік консультанттардың қызмет принциптерін анықтайды, осы қызметке байланысты әдістемелік және ақпараттық материалдарға, заңдардың жобаларына сараптама жүргізеді [22].

АҚШ-да кәсіптік бейімделудің бірнеше теориясы дамыды: еркін даму тұжырымдамасы, (Э. Гинзберг, Д. Сьюпер, Дж. Холланд), әлеуметтік тұжырымдама (А. Лоуренс, М. И. Томас), кездейсоқ таңдау теориясы, ішкі импульс тұжырымдамасы (Э. Джоун). Оқушылардың алдына бүкіл өзінің өміріндегі бәсекеге қабілеттілігін және ұтқырлығын анықтау міндеті қойылады. Оқушылардың кәсіптік бейімделуі өзінің мансабын өз бетінше тұрғызу білігін, өмір бойы жауапты шешімдер қабылдауды қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. АҚШ-да білім алуды жалғастыру мәселесін шешу барысында тұлғалық досье кең таралды [22].

Ағылшын оқушыларының кәсіптік бейімделу тәсілінің француздардан айырмашылығы бар, олар кәсіпті таңдап қана қоймай, сонымен қатар еңбек нарқының талаптарының контекстінде іс-қимылдарына өзіндік баға береді. Мектептерде акцент оқудың белсенді нысандарына және әдістеріне: имитациялық бағдарламаларға, еңбек практикасына, диалогтік консультацияларға, психологиялық тренингтерге жасалады. Ұлыбританияда білім мекемелерінің базасында шағын-өндірістер жасау практикасы қолға алынған, солардың арқасында оқушылар өндіріс орындарының еңбек қызметтеріне араласады: өнімдер шығарады және қызмет көрсетеді,

маркетингпен және сатумен айналысады. Британ ғалымдарының ойынша, оқушылардың іс-қимылдарын осылай ұйымдастыру олардың қабілеттерінің дамуына, кәсіпкерлік дағдылардың, жауапкершіліктің, бастамашылықтыңартуына оң әсер етеді.

Ұлыбританияда кәсіптік бейімделу жүйесі бір-бірінен өзгеше бірнеше концептуалдық тәсілдерге сүйенеді (Г. Еган, К. Роджер, Д. Баретт, Д. Вильямс және т.б.). Францияның кәсіптік бейімделу жүйесі когнитивтік тәсілге және Ж.Пиаженің тұлғаның кәсіптік даму теориясына негізделген. Кәсіптік бейімделу жүйесін басқаруды Білім және кәсіп жөніндегі ақпараттық Ұлттық бюросы (ONISEP) іске асырады, ол өңірлік өкілдіктердің басшылық жасайды және олардың жұмысын бақылайды. ONISEP құжаттарды дайындайды және кәсіптер, білім беру бағыттары, кәсіптік оқу орындарына оқуға түсу ережелері, еңбек нарқының сұраныстары және т.б. туралы ақпараттар таратады.

Жапонияның кәсіптік бейімделу жүйесі әлемдегі ең тиімді жүйе деп саналады, ол профессор С.Фукуяманың тұжырымдамасына және оның «F-тест» диагностикалық әдісіне негізделеді. Кәсіптік бейімделу жұмысы толық емес орта мектепте бітіруші сыныпқа екі жыл қалғанда басталады. Кәсіптік бейімделу жүйесі оқу процессіне кіріктірілген, ол орта мектептің оқу бағдарламаларының негізін қалайды және екі негізгі принциптерге: өзіндік талдау қабілетіне және кәсіптерді талдай білу қабілетіне сүйенеді. С.Фукуяманың ойынша, 13-14 жас кәсіпті саналы таңдауға дайындық үшін ең қолайлы жас болып саналады. Мектепте оқу барысында оқушылар бір мезгілде практикалық еңбек тәжірибесін меңгереді, кәсіптік қызметке өзінің мүмкіндігін және қызығушылығын сезінеді [23].

Жапонияда оқушылардың кәсіптік бейімделуі мансапқа дайындық, кәсіптер туралы білім алу, кәсіптік дағдыларды дамыту және өзінің бейімділігіне, сапасына және қызығушылығына сәйкес курстарды таңдау мақсатында жүргізіледі. Бұл жерде жасөспірімдердің кәсіпті таңдауға дайындығын анықтау үшін С.Фукуяма дайындаған тестілерді қолдану өзекті болып табылады. Автор кәсіпті таңдауда үш фактордың маңызын атап көрсетеді: кәсіптік сынамалар (таңдалған іс-қимылдың оқушының қабілетіне және білігіне сәйкестігі), өзіндік талдау (оқушының өзіндік бағалауына уақтылы өзгерістер енгізу үшін бақылаумен және сараптамалық бағалаумен бірігіп өткізіледі), кәсіптерді талдау (оқушының әртүрлі сабақтарын зерделеу). Тестілеумен қатар, оқушылар таңдау бойынша әртүрлі іс-қимыл түрлеріне қатысады: табиғатпен, техникамен, белгілі жүйелермен, көркем бейнелермен, атақты адамдармен қарым-қатынас. Үш жыл бойы оқушылардың 48 кәсіптік сынамалар алуға мүмкіндіктері бар, олар F-тестіде белгіленеді және оқушылардың кәсіпті таңдап алуға өзінің дайындығын анықтауға мүмкіндік береді.

Францияның және Швецияның кәсіптік бейімделу жүйелері жоғары деңгейде мемлекеттік реттеумен, білім беру жүйесі мен еңбек нарқының өзара қарым-қатынасымен сипатталады. Француз кәсіптік бейімделу жүйесінің тән белгісі – мемлекеттік мәселелерді, отбасының және оқушының жеке басының қызығушылықтарын кешенді шешуге бағыттылығы болып табылады [22].

Швецияның кәсіптік бейімделу жүйесінің АҚШ-нан және батысеуропа елдерінен айырмасы бар, швед мектептерінде кәсіптік бейімделу жұмысын мектеп директорының басшылығымен педагогикалық ұжым жүргізеді. Мамандандырылған мекемелердің жоқтығын жастарды еңбекке орналастыру жөніндегі өңірлік комитеттер толықтырады, олардың құрамына тұрғын, кәсіподақ, өндіріс орындары және билік өкілдерінен басқа мектеп түлектерінің қызығушылықтарын қорғайтын мектеп директорлары кіреді [22]. Мектептегі негізгі кәсіптік бейімделу іс-шараларына мыналар жатады:

- тұлғаның кәсіптік бағыталуының психологиялық бағыттылығы; оқушылардың жеке психологиялық консультациялары;
- жоғарғы сынып оқушыларының өзіндік кәсіптік анықталуы мәселелері бойынша отбасылық консультация;
- әртүрлі мамандық өкілдерінің қатысуымен өтетін кәсіптік бейімделу жөніндегі сынып сағаттары;
- кәсіптік бейімделу сабақтары;
- кәсіпорындарға тақырыптық экскурсия;
- ашық есік күндеріне қатысу; кәсіптік бейімделу бойынша қалалық іс-шараларға қатысу.

Швецияда мамандықтар және еңбек нарқындағы жағдайлар бойынша барлық адамдарға қолжетімді толық ақпараттар бар деректер банкі жасалған. АҚШ-да 1998 жылдан бері ақпараттық желілік деректер базасы (Occupational Information Network) жасалған, онда әртүрлі кәсіптік қызмет түрлерінің мазмұны және талаптары, біліктілік жіне медициналық талаптар, ұқсас кәсіптер туралы ақпараттар, сонымен қатар әртүрлі мамандар даярлайтын оқу орындарының тізімі берілген. Францияда көптеген ақпараттар және бейімделу орталықтары бар, олар түрлі қоғамдық ұйымдармен, ақпараттық қызметтермен өзара қарым-қатынас жасайды және еңбек нарқындағы жағдай туралы ақпараттарды жинайды және өңдейді [22].

Канадада білім беру оқушылардың қабілеттерін дамытуға бағытталған. Оқушылардың кәсіптік бейімделуінің міндеті оның жұмыс күшіне нақты қажеттілікпен өзара қарым-қатынасының күшеюі болып табылады. Оқушылардың кәсіптер (мамандықтар) әлемін танып білу нысандарының біріне кәсіптік арнайы бейімделу орталықтарындағы – таңдау орталықтарындағы өзіндік сабақтар жатады. Орталықтарда төрт мыңға жуық мамандықтар мен кәсіптер бойынша ақпараттар жүйеленіп жиналған, әрбір мамандық бойынша еңбек функциялары, білім деңгейі, жеке тұлғалық сапалар, кәсіптік өсу жолдары, қосалқы мамандықтар, қызметкерлерге сұраныс анықталып көрсетілген.

Канадада оқушыларды кәсіптік бейімдеудің ұтқырлық орталықтарында оқушылар заманауи компьютерлік құралдарды қолдана отырып, әрбір мамандық, әрбір мамандыққа қажетті жеке сапалық қасиеттер, кәсіптік білім алу мүкіндіктері, жергілікті жердегі және мемлекет көлемінде еңбек нарқына кәсіптің (мамандықтың) қажеттілігі туралы ақпаратты шығарып ала алады [22].

Кәсіптік бейімделу жөніндегі жұмыстың ең тиімді бағыттарының бірі оқушылардың кәсіптік дағдылануы болып табылады, мұндай тәжірибе

Жапония мен Ұлыбританияда көп жылдан бері қолданыс тауып келеді. Мысалы, ағылшын мектептерінде кәсіптік бейімделу жұмыстарының белсенді нысандары және әдістері ретінде шағын өнеркәсіп орындары қолданылады, ал Жапонияда оқушылар кәсіптік сынамадан өтеді, ол практикалық тәжірибе жинауға көмектеседі және ол тәжірибені оқушылар өзінің қабілеттері мен білігіне салыстырып көреді.

Шет елдерде адами капиталды қалыптастыру жұмысы жүйелі сипатта жүргізіледі, оның белгісі осы бағытта мемлекеттік реттеу кең қолданылады, кәсіптік бейімделу жұмысының ұзақтығы, оны жүргізудің нысандары мен әдістері, сонымен қатар осы саладағы мамандарға біліктілік талаптар нақты жасалып әзірленген.

Адами капиталдың жақсы жақтарын ажыратып көрсетер болсақ:

- құндылықтар құру арқылы нарықтық ортада әлеуметтік мәселелерді жеңілдету;

- негізгі әлеуметтік жетістіктерді, экономика және әлеуметтік қатынастар саласындағы тәжірибелік біліктілікті игеру арқылы өзінің және қоғамның жағдайы үшін жауапкершілікті нығайту;

- алкогольді өнімдерді тұтынуға, нашақорлықтың және қылмыстың тарауына қарсы тұру, қоғамға жат қылықтарды болдырмау;

- жас өспірімдердің әлеуметтік және экономикалық рөлдерінің жедел өзгертуін игеру арқылы, соның ішінде денсаулығы шектеу қоятын тұлғаларға білім беруді дамыту арқылы, әлеуметтік шығу тегіне қарамастан талантты, білімді жастарды қолдау арқылы қоғамдағы әлеуметтік мобильділікті қамтамасыз ету;

- жастарды ғаламдық әлемге, ашық ақпараттық құрылымға кіруіне қолдау көрсету [16].

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды зерделей келе мынадай қорытындылар жасаймыз:

Біріншіден, адам дамуының толқындық циклдық табиғаты қоғам мен тұлға болудың өзінің жеке парадигмасын анықтайды.

Екіншіден, қоғамның қазіргі заманғы даму парадигмасы, ең алдымен, үлкен мәртебелі қауымдастықтардың кешенді ұйымдастырылу сипаттамаларын, әлеуметтік-экономикалық жүйенің және мәдениеттің сапалы жаңа түрін көрсету және тарихи құбылыстың тарихи жағдайға ие болуын біріктіреді.

Үшіншіден, дамудың жаңа кезеңіне көшудің оң аспектілері қоғамның объективті мұқтаждарын адамның мүддесі мен оның шығармашылық, белсенділігін дамытумен бірге көрінетін, гуманизация мен экономиканы әлеуметтендіру үрдісінде көрініс табады.

Төртіншіден, қоғамның қазіргі заманғы даму парадигмасы қалыптасудың бастапқы кезеңінде, бірақ бүгінгі таңда біз қазіргі заманғы қоғамның табиғатпен өзара әрекеттесуге негізделген интегралды, әлеуметтік бағдарланған гуманистік қоғам екенін, шешуші факторы ұжымдық ақыл-ой мен негізді адам белсенділік екенін білдік [2].

Дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсатында жаһандану жаңалықтарына құшағын айқара ашқан Қазақстанда жаңа бір мәселе туындады. Бұл қоғамдағы маңызды да, өткір мәселелердің бірі-адами капитал мәселесі болатын. Адами капиталдың ел экономикасындағы рөлін бағалап, оның дамуына тікелей ықпал етіп, көп күш жұмсаған Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап, адами капиталды дамыту, оның ішінде халықты сапалы біліммен қамтамасыз ету – бұл елімізде білім арқылы болашаққа интеллектуалдық секіріс жасалатындығын білдіреді. Ендеше, «өмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс» деген Президентіміздің заманауи маңызды қағидасын әрқайсысымыз жүзеге асыруға ұмтылатын боламыз.

3 Ауыл мен қаланың материалдық және рухани мәдениеттерінің өзара әсерінің әлеуметтік-тарихи тәжірибесі

«Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады» [1].

Қазақ халқы - мемлекет құраушы халық. Ғасырлар бойы көшпенді тұрмыс кешкен қазақ халқының болмысын ауылдан көреміз.

Ауыл – дәстүрлі қазақ қоғамында ежелден қалыптасқан қауымдастық. Қазақ халқындағы «Ауыл түбі – бірлік, қауым түбі – тірлік» деген мақал ауылдың этникалық, экономикалық және рухани маңыздылығын білдіреді. Иен даланы қоныс еткен көшпелілер үшін табиғатпен үйлесімді тіршілік ету жеткіліксіз еді. Олардың әлеуметтік ортасы да адамға қолайлы болуы қажет. Бұл қажеттілік жеті аталық үрдіс деп аталатын қоғамдық құрылымды тудырды. Дәстүрлі қазақ ауылы бір атадан тараған (аздаған кірме, қоңсыларды қоспағанда) ру мүшелерінен тұрды. Ауыл ішінде негізінен некелік қатынастарға тыйым салынған. Жеті аталық үрдіс дегеніміз экзогамиялық некенің ең қатты сақталатын түріне жатады. Осындай некелік қатынастар аралары жүздеген-мыңдаған шақырым ауылдарды бір-біріне жақындатты, туысқан етті. «Құда – мың жылдық» деген ұғым осыдан пайда болған. Қазақ тілінде диалектілердің жоқтығы да осыдан. Ауылдар арасындағы ынтымақтастықтың артуы этностық тұтастықты нығайтып, бүкіл ұлт адамдарын бір әулет сияқты туыстастырды («Қарға тамырлы қазақ»). Ауылдың әлеуметтік құрылымына келсек, онда батыстық тұрғыдан қаралып жүрген тап, тап күресі, феодал, шаруа, қанау тәрізді ұғымдардың мәнсіздігін аңғарамыз. Біріншіден, рулық-ауылдық қоғамда отырықшы мәдениеттердегідей жерге деген жеке меншік дамымаған. Ол рудың меншігі болып есептелген. Бай ауылдастардың малы да бүкіл ауыл мүшелерінің игілігі ретінде табыс көзіне айналған. Екіншіден, ауылдар арасындағы әр түрлі қайшылықтар мен күрделі мәселелерді ауылдың беделді адамдары – ақсақалдар мен билер реттеп отырған. Қазақ ауылын үлкен отбасылық патриархалдық қоғам деген пікір шындықпен сыйыспайды. Себебі, мүмкіндігі бар адамдар ер жеткен балаларына енші беріп жеке шығарған ауылдан ауыл бөлініп, көрші орналасқан. Кенже ұл әкесінің, «қара шаңырақтың» мұрагері болып есептелген [24].

2013 жылы алғаш рет аталып өткен «Отбасы күні» мерекесінде Елбасымыз «...Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады» - деп туыстық қатынастар маңызын атап өтті.

Қазақтың әлеуметтік таным парадигмасы отбасыдан басталады. Баланың алғаш айналаны ата-анасын танудан бастайтыны шындық. Естияр жасқа жеткен баланың таным ауқымы «үш жұрт», «жеті атаға» ұласады. «Үш жұрт» пен «жеті ата» бойынша сараланатын, туыстық байланыс шежіренің тарихи айқындамасын анықтап отырған. Қан тазалығын сақтау үшін аралары жеті атаға толғанша некеге тұрмаған. Ал осы туыстық қарым-қатынасты сақтамағандар «ата салтты аттаған», «жеті атасын білмеген – жетесіз»,

қазақ халқы сыйластықтың дәнекері – алыс-берістің өзіне ерекше мән беріп, сый-сияпаттың жол-жоралғысын жіктеп таратқан. «Алмасаң-бермесен жат боласың» деп кімнен, не үшін, қандай жағдайда алыс-беріс жасалатынын салт-дәстүріміздің шеңберіне еңгізіп қойған.

Халқымызда «тарту-таралғы», «енші беру», «жасау жасау», бәсіре атау», «күміс салу», кимешек кигізу», «бәйге тігу», «ат мінгізіп, шапан жабу», «ат әбзелін сыйлау», «көгентүп» байлау, «жиен құрық» бөлу, «тана тағу», «қалау», «тарту», «шырға тастау», «селт еткізер», «хұснихат», «сырға тағу», «байғазы беру», «жүзік кигізу», «киіт кигізу», «үш тоғыз», «кіндік кесер», т.б. ірілі-ұсақты дәстүрлер бар.

Енді осы аталғандардың кейбіреулеріне қысқаша тоқталайық.

Ағайын-туыс, құда-жекжаттың арасын жақындастыра түсудегі жарасымды құрметтің белгісі – «тарту-таралғы» деп аталады. Ел көргендей, ауыз толтырып айтатын белгілі бір адамға берілетін кәделі сыйлық – тарту, ал, көпшілікке сыяпат ретінде үлестіру – таралғының жолы саналатын болу керек. Әркім қал-қадірінше, әлеуметтік деңгейіне, шама-шарқына байланысты көрпесіне қарай көсіледі. «Бай мен бай құда болса арасында жорға жүреді, шаруа мен шаруа құда болса арасында дорба жүреді, кедей мен кедей жекжат болса шықпаған жаны зорға жүреді» деген осыған байланысты айтылса керек.

«Енші» – көне түркі тіліндегі «инчу», яғни, «мұра» деген мағынаны білдіреді. Балаларды ер жеткенде, жеке отау болып бөлініп шыққанда, ата-анасы жинап-тергеннің бір бөлігін атап береді.

«Жасау» – «еншіге» қарағанда сәнді де салтанатты қыз баланың бойжетіп тұрмысқа шыққан ұзату тойында берілетін «көрпе-төсегі», кейбір жерде «сандығы» деп аталады. Ауқатты адамдар қыз жасауын бірнеше атан түйеге артып, тіпті «отау үйден» бастап құлы мен күнін де қосып ұзатқан. Жат жерге келін болып түскен қыздың жасауының деңгейі тұрмыстық қажетін өтеумен қатар, беделін көтеріп тастайтын алғашқы қадамы.

«Жиенқұрық» қыздан туған баланың қалағанын қалт еткізбей беру. Еркелігін көтеру. «Жиенді ұрғанның қолы қалтырайды», «Адамның жақсы болмағы нағашыдан», деп өзі де мақтанып, жиенін де мақтан тұтады. Үш рет қалауына қарай алған сыйлық – «жиенқұрық» деп аталдады.

«Тана тағу» – тілі шыққан сәби үйге алғаш келгенде тіл-көзден аман болсын, нәрестені елемесен «босаға сықырлайды» дейтін ырыммен таралғы ретінде беріледі.

«Көгентүп» – ағайын-туыстардың жас отауға сыйлығы болса, «шырға» салу – тұрмысқа шыққан қыздың «қызыл орамалын» сіңлісіне аманат етуі. Менің жолымды беріп ендігі той сенікі болсын деген ишара.

«Ерулік» – дәстүрлі халықтық жоралғының жарқын үлгісі. Жаңадан көшіп келген, жапсарлас қонған отбасына бұрыннан отырған көршілері қонақасы береді, дәм-тұз татырып, ықылас-пейіл білдіреді. Ерулік беру арқылы ауыл тұрғындары жаңа көршілерін өздеріне етене жақындастыруды, бөтенсітпеуді де көздейді. Ерулік қысқы соғымның сүбелі мүшелерінен (қазы-қарта, жал-жая т.б.) пісіріледі немесе қой сойылып шақырылады.

«Көңіл шай» – адам өмірінде қуанышты да, ренішті де жайлар болады. Басына іс түскенде, тұрмыста кездесетін қиын жағдайда, ренішті, күйінішті кездерде адамдар бір-біріне көңіл білдіріп, қиыншылыққа ортақтасып, ақыл-кеңес береді. Ашулы сәтте басу айтады. Міне, осындай кездерде ауылы аралас ағайын-туыс көңіл білдіріп, дастарқан жаяды. Аталған жағдайларда жайылған дастарқан «көңіл шай» деп аталады.

«Тұсау кесер» – сәби қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып, ырым. Тұсаукесердің жібін дайындаудың бірнеше түрлері, жолдары, сенімдері де бар. Көбейіп, көгере берсін деп көк шөптен есіп жасайды. Бай болсын деп малдың тоқ ішегінен де өреді. Адал болсын деп ала жіптен де жасайды. Ғұрыптың негізгі жабдықтары 1,5 метр ала жіп, өткір қайшы немесе пышақ. Тойға келгендер шашуға құрт, май, тәтті тағамдар, балаға ойыншық, асық, сылдырмақ, т.б. әкеледі. Бұдан кейін 2-3 жасар балаларды жарыстырып, озғандарына бәйге береді. Балаларға өлең, жыр, тақпақ, жаңылтпаш айтқызады. Той тарқарда әжелер тойдан немерелеріне сарқыт деп қалталарына тәтті, бауырсақ, құрт-ірімшік салып алады. Тұсау кескен әйелге көйлек немесе аяқ киім сыйлайды.

«Беташар» – қазақтың келін түсіргенде жасалатын салтының бірі. Беташардың тәрбиелік мәні зор болғандықтан, келіншектің екі жағына тұратын әйелдер жесір, жеңілтек, т.б. болмауы қатаң ескеріледі. Орамалдың теңге түйілген ұшын домбыраның мойнына не таяқтың ұшына байлап, жырау беташар жырын бастайды. Ол шаңыраққа жаңа түскен келінге ата-енесін, үйішін таныстырады, қандай туысқандық жақындығы бар екенін, беделін, қадір-қасиетін шебер тілімен жеткізіп, әрқайсысына жеке-жеке сәлем жасатады. Сәлем алған адам жас келінге беретін сый-сыяпатын атайды.

«Келіншай» – беташар айтылып болған соң сол үйге туыс жасы үлкендер, көрші-қоландар жас келіннің қолынан «шәй ішу» рәсімін өткізген. Бұл кезде жас келінге өзіне тетелес сол үйдегі не жақын абысыны көмекке келген. Абысын-ажын арасындағы болашақ татулық осы арадан басталған.

«Бата беру» – адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Дастарқан басында, түрлі жиын-тойларда, т.б. адам өмірінде кездесер ірілі-ұсақты қуаныштар кезінде той, қуаныш иесіне арнап қол жайып, бата береді. Сондай-ақ, қиын сапар, алыс жолға аттанған азаматына ақ жол тілейтін халқымыздың ежелден келе жатқан, кең таралған дәстүрлерінің бірі. Бата беретіндер, көбіне, көпті көрген ақсақалдар мен кемеңгер де дуалы ауызды билер болып келеді. Бата қысылғанда – қуат, қиналғанда – медет беріп, әрбір іс-әрекетіңе даңғыл жол ашып, бәле-жаладан қорғайды деп есептелген. Бата көзі тірілерге ғана емес, аруақтарға да жасалған. Батасыз, тілексіз өмір болмайды. «Батамен ер көгереді, жаңбырмен жер көгереді» деп халқымыз текке айтпаған. Батаның да қисыны, айтылатын, айтылмайтын жері болады, қуаныш пен тойдың ретіне қарай, соған лайық Бата тілегі болады.

Ауыл халқының табиғатына тән дәстүрлердің бірі – еңбек дәстүрі. Жетімін жылатпаған, жесірін қаңғыртпаған мейірімді қазақ халқы жоқшылыққа, жұтқа, табиғи апатқа ұшыраған адамдарға көмек қолын созған.

Бірлік пен ынтымақты насихаттайтын бұл дәстүрлер қатарына Шүлен тарату, шүлен тарту, асар, жылу жинау дәстүрлері жатады.

Шүлен тарату, шүлен тарту – дәстүрлі қазақ қоғамына жәрдем мен қамқорлық түрі. Бұл діни парыз, уәжіп, садақа, құдайы немесе зекет те емес, ол тегін таратылатын дүние-мүлік. Шүлен таратуды қазақ байлары тарапынан кедейлерге көрсетілетін жомарттық пен мырзалық деуге болады. Күз түсіп, мал саны көбейгенде ауқатты, дәулетті азаматтар алыс-жақын жерлердегі адамдарға тегін мал, ақша, бұйым, тамақ үлестірген. Шүлен таратушылар бұл рәсімді пайда үшін емес, көптің алғысын, сауабын алу үшін, сондай-ақ кедей-кепшікке қол ұшын беру мақсатында атқарып отырған. Шүлен тарату халық арасындағы күрделі қатынастарды реттейтін әлеуметтік институттың маңызды тетіктерінің бірі болып табылады.

Асар. Ертеден келе жатқан әдет-ғұрыптың бір түрі. Қол күшін керек ететін, көпшіліктің қатысуымен орындалатын жұмыс. Ол жанадан үй салу, шөп шабу, қой қырқу, малды жайлауға не қыстауға айдап салу сияқты. Көмекке келген адамдар еңбек ақы сұрамаған. Үй иесі оларға арнайы мал сойып, ас дайындаған. «Асар» халқымыздың бірлігін, көмек қолын беруге, жақын дос адамдарға қамқорлық жасайтынын көрсетеді. Бұл әдет қазірде бар көңіл қуантарлық жай. Бұл дәстүр қырғыз, қазақ, өзбек, тәжік, түркімен халықтарына ортақ, өте ертеде пайда болған.

Жылу жинау. Бір бақытсыздыққа ұшырағанында, үй-мүлкі, малынан айырылғанында ауыл тұрғындары, көрші-көлемі, туған-туыстары мал, дүние, ақшалай көмек көрсетеді. Мұны олардың ортасынан бір адам ұйымдас- тырады. Бұл жәрдем – жылу жинау деп аталады. Арам жолмен шығынға ұшырағандарға жылу жиналмайды [25].

«Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта тірілтуіміз керек» делінген жолдар мен осыған қоса «Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес» дейтін тұжырымға кім-кім де ойлана мән берері кәдік.

Қазір шетелдің кез келген галереясынан қазақ қылқалам шеберлерінің ғажайып туындыларын кезіктіруіңіз ғажап емес. Бірақ бұл отандық суретшілердің туындыларын жаһан жұртшылығына таныстырудың қажеті жоқ деген сөз емес. Сол сияқты халқымыздың қолөнер туындылары – кілем тоқу, киіз басу, ат әбзелдері, әшекейлі бұйымдар сияқты кейбірі ұмыт бола бастаған баға жетпес құндылықтарымызды заманауи сұранысқа сай дамытудың тамаша сәті туып тұрғанын айта кетсек пе дейміз.

Қазақ қолөнерінде пайдаланылған негізгі шикізаттың бірі және ең бастысы – жүн. Халық шеберлері қой жүнінің табиғи қасиеттеріне зер салып, оны барынша тиімді және күнделікті тұрмысқа ең қолайлы жақтарын қарастыра отырып, әсемдік, әдемілік дүниесіне де көңіл бөле білген. Күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпай келген сондай дәстүрлі қолөнер үлгілерінің бірі – киіз басу. Қолөнердің бұл түрінде жүн талшықтарының бір-бірімен ұйыса байланысатын қасиеті негізге алынған.

Павлодар қаласы Ы.Алтынсарин атындағы гимназия-интернаты оқушылары ұлттық нақыштағы мектеп формасын әзірлейді.

1-қадам. «Жүнді жаю процесі». Ең алдымен, жібек матаны жайып, оның үстіне жүнді ақырын үзіп жаямыз. Жайып болған соң, оның үстіне тағы бір қабат диагональ бойынша жаямыз.

2-қадам. Біріншіден, сабынды үгітіп алып, оның үстіне қайнаған суды ақырындап құйып отырып, араластырамыз. Нәтижесінде сабынды, көпірген су ала аламыз.

3-қадам. Көпірген суды, жүннің үстіне ақырындап себеміз. Содан кейін көпіршікті пленканы жауып, үстіне ақырындап 5 минут қолмен басу. Басып болғаннан кейін, бір тәулік көлемінде жүннің жібек матасына жабысуын күтеміз.

4-қадам. Көпіршікті пленканы ашып, жүннің үстінен аяқпен, қолмен басамыз. Басып болған соң, жақсылап тұрып қолмен жібек матасын толық жабыспаған жерлерін қайта бастырамыз.

5-қадам. Шыққан нәтижені жылы сумен жуып, жайып қоямыз. Осылайша, біздің матамыз дайын болады.

6-қадам. Өлшемдерді қиып алып, қиындыларды біріктіріп, киім тігудің негізгі бөліміне көшеміз.

7-қадам. Тігін машинкасымен жұмыс істегеннен кейін, тігістердің үстіне қайтадан жүн жаямыз. Себебі, тігістерді жабу үшін. Осылайша барлық қадамнан кейін біздің киіміздің негізгі бөлімі дайын болады.

8-қадам. Енді біз киімімізді ою-өрнекпен бастырып, әшекейлейміз. Шыққан жұмысты ұлттық нақыштағы мектеп формасы деп атаймыз (2-сурет).



2-сурет. Жүннен әзірленген мектеп формасы

- Киіз басу

Киіз басуға қолданылатын жүн таза болуы үшін жүнді алдын-ала жуып кептіреді, кей кезде қойды қырқар алдында 3-4 рет ағынды суға тоғытады.

Киіз басу барысы бірнеше кезеңдерден тұрады:

Сабау. Алдымен жүнді ақ, қара түстерге бөлініп жинақтайды, оны ешкі терісінен жасалған тулаққа салып, сабайды.

Шабақтау. Жүн сабалып болған соң, басылатын киіздің көлеміне қарай, шиді жаяды да, оның үстіне жүнді салып, шабақтайды.

Булау. Қайнап тұрған ыстық суды шелекпен әкеліп, шидің үстіндегі жүнге бір жақ шетінен бастап шөмішпен себелеп құяды. Жоғарыдан шашырап құйылған су өз салмағымен жүнді басып, шабақталған жүн мен тартылған жүнді біріне-бірін қосып жабыстырады. Ыстық су жүннің талшықтарын буландырып жібітеді де, оның өзара кірігіп, тез киізденуіне жағдай жасайды. Су себіле басталысымен қатар отырған 3-4 әйел басылып жатқан жүнді сыртындағы шимен қабаттай шиыршықтап, жинап отырады.

Білектеу. Ыстық буыда балбырап жатқан киізді мөлшерлі уақыт өткен соң шешіп алып, қайтадана ширатып, тағы да жіппен шандып байлайды. Қатарласа отырған киізшілер шидің үстінде көлденең жатқан киізді өздеріне қарай жұла тартып алып, тізесіне соғады, білегімен ұрып басады.

Қарпу. Киіз басушылар киізді ақ шидің үстіне салып, айнала отырады. Қусырылған киіздің әр жерінен қамти ұстап, оңды-солды қарпиды. Қарпылған киіздің шет-шеті жиналып тегістеледі де, екі жақ бетіндегі кірікпей қалған бос қылшықтары түседі. Білектеу мен қарпудан кейін кірігіп, ширай түскен киіз біраз қуырылғандай болып көлемі шағындалады. Дайын болған киізді арналған мақсатына қарай өре киіз, кесек киіз, текемет киіз, сырмақ киіз, сатымсақ киіз, қозы жүнді киіз деп бірнеше түрге бөледі.

Сырмақ сыру қой жүнінен әзірленетін қолөнердің бір түрі. Киізді қабаттап сыру, тігу немесе төсеніш ретінде жерге сыра салу, сырғыта салу, сусыта салу, сүйрете салу сияқты мазмұннан туындайды [26].

Жүннің медициналық қасиеті

Жүннен жасалған бұйымдардың денсаулыққа пайдасы

1. Киізді қой жүнінен жасаймыз ғой, ал қой жүнінің жылу реттейтін қасиеті бар. Дәрігерлердің пікірінше, құрғақ жылу суық тигенде бірден-бір ем.

2. Жүннен жасалған киімдер мен бұйымдар жараның тез жазылуына, сынықтың тез бітуіне көмектеседі.

3. Қой жүнінде ланолин деген табиғи май болады. Ал ланолин – бағалы өнім, ол түрлі майлар мен кремдердің негізі ретінде қолданылады. Ланолин 35-37 градус температурада ериді, әрі теріге тез сіңеді. Бұлшық етке, тамырларға, омыртқаға, тыныс алу жүйесіне оң әсер етіп, қан айналысын жақсартады.

4. Жүннің емдік қасиеті бар. Мәселен, ит жүнінен тоқылған киімді ревматизммен ауырған науқастар кесе, пайдалы. Тіпті, ертеде адамдар бастарын шарқатпен таңып, сол арқылы тіс немесе бас ауруларынан айыққан деседі. Жүннен жасалған бұйымдар, әсіресе, ревматизм, остеохондроз және радикулитпен ауыратын науқастарға ұсынылатын болған.

5. Киіз ұлтрақтары қан айналымды реттеп, аяқтың шаршағандығы мен ауырғандығын басады, суық тию мен түрлі аурулардың алдын алады.

6. Сондықтан киізден, анығы, жүннен жасалған киімдер тері астындағы қан айналысын жақсартады, адам терісінің қартаюын тежейді.

Қарағанды облысында биенің таза сүтінен құрғақ ұнтақ өндіріледі. «ҚазАгроҚаржы» АҚ қолдауымен іске қосылған жоба Қарағанды облысының Осакаровка ауданы Шалғай ауылдық округында биенің таза сүтінен сублимациялық әдіс арқылы құрғақ ұнтақ өндіру мақсатында, жылқы фермасы кешені құрылды.

Жобаның қуаты – жылына 10 тонна құрғақ ұнтақты Қазақстанның тамақ, фармацевтикалық және косметологиялық өнеркәсіптерінде пайдаланылатын, сондай-ақ Еуроодақ елдеріне экспортталатын құрғақ ұнтақ өндіру.

Бұл тамақ өнімдері, фармацевтика және медицина технологиялары салаларындағы соңғы әлемдік зерттемелерді қолдана отырып, жоғары технологиялы қазіргі заман инновациялық өндіріс болып табылады.

Бие сүтінен алынатын сублимиленген құрғақ ұнтақ арнайы қондырғыда вакуумдық кептіру арқылы әзірленеді. Сублимациялық кептіру бойынша технологиялық желінің жабдығы тікелей жануарлардың орналасқан орнына жақын жерге орнатылған. Бұл технологиялық талаптармен себептеледі – сауыла бастаған сәтінен технологиялық қайта өңделе бастағанға дейін 15-20 минуттан артық уақыт өтпеуге тиісті.

Бұл жаңа сауылған бие сүтінің барлық пайдалы сапасын ұзақ уақытқа толық сақтап қалуға мүмкіндік береді [28].

Нарықтық экономикада бәсекелестікке қабілетті болуымыз керек. Сондықтан, төртінші технологиялық төңкерістің жаңалықтары өндіріске батыл енгізілуде. Мәселен, Астана қаласына таяу маңдағы «Родина» агро фирмасы инновациялық технологияларды тиімді қолдануда. Агрофирма басшысы Иван Адамович Сауердің мына сұхбатында ауылшаруашылығына енгізілген жаңалықтар жан-жақты түсіндіріледі.

Екінші басты өнім – сүт. Басқа елдер Астанаға майы алынбаған сүт әкеле алмайды. Әкелсе, залалсыздандырылған, қойытылған сүт немесе сүт ұнтағын әкеледі. Ал біздің өндіретініміз майы алынбаған сүт. Біз қазір арнайы компьютерлік қондырғылармен жабдықталған үлкен сүт зауытын іске қосу үшін құжаттарын дайындау үстіндеміз. Қондырғыларды шетелден әкеліп орнаттық. 100 пайыз сарт-сұрт етіп істеп тұр. Бұдан кейін бәсекелестік жайлы сөз болуы да мүмкін емес...

– Бұл – асыл тұқымды сиырлар. Канададан ұшақпен алғыздық. Өріске айдамаймыз. Қысы-жазы осында. Бас жіп дегенді білмейді. Жемі төгулі, шөбі салулы. Мына жеп жатқандары жеті түрлі минералдан байытылып дайындалған азық. Құлақтарындағы арнайы чип белгі. Соған қарап сиырдың жасын, тегін, қанша төлдегенін, қанша жем жегенін білуге болады. Бұларға таяқ сілтеуге, айкайлауға, дабыл беруге болмайды. Сүті кетіп қалады. Астын ақырын ғана дыбыссыз жылжитын лентамен тазартып алып отырамыз. Тіпті қасынатын тарақ та автоматтандырылған....

.....Мынау кластерлі сүт зауыты, технологияның бәрі Германиядан әкеліп орнатылған. Қаймақ, май, ірімшік, құрт, тағы басқалары осында өндіріледі. Мына жерде сиыр сауылады. Оны «карусель» деп атайды. Бұл айналып тұрғанда Бетховеннің жанға жайлы симфониясы ойналады. Музыка сиырды ісінтеді. Ісінген бір сиырдың сүттілігі 40 литрге дейін жетеді [6].

Ауыл мен қала баласының болмысынан мынаны байқаймыз. Қала баласы ұлттық мәдениеттен гөрі жаһандану салтына бейімделген. Маргиналды жағдайға жеткендерін де кездестіруге болады. Бірақ бірнеше тіл біледі, компьютерлік сауатты, білімі заманауи болады. Олар қызығушылығы бойынша ізденуге, білімін жетілдіруге қосымша білім беру орталықтарына бара алады.

Қала мүмкіндігін мүлтіксіз пайдаланған озат оқушылар алдыңғы қатарлы шетелдік оқу орнында білім алып, ірі компанияларда қызмет атқарып жүр. Солардың бірі Қуат Есенов.

Қуат Есенов – Павлодар қаласындағы дарынды балаларға арналған №8 мектеп-лицейінің түлегі. «100 жаңа есім» жобасының мүшесі. Phd докторы IT технологиялар саласында қызмет етеді. Әлемдегі ең әйгілі оқушы Гиннестің рекордтар кітабына енген. Бүгінде АҚШ-тың Калифорния штатындағы Google компаниясында жұмыс істейді. 30 жасар инженер Google компаниясына Массачусетс технологиялық институтын тәмамдаған соң жұмысқа орналасқан.

Қуат павлодарлықтармен кездесуде ағылшын тілін меңгеріп, математиканы оқу жетістікке жеткізетінін айтты. «Егер шетелдік компанияға жұмысқа орналасқыңыз келсе, ағылшын тілін үйреніңіз. Қазір дамыған заман барлығын ғаламтор арқылы табуға болады. Осы елде де, шетелде де жұмыс істеуге болады», – дейді ол [27].

Ауыл баласының болмысында ұлттық-мәдени калорит басымдыққа ие. Үлкенді сыйлау, тыңдау, жол беру, сәлем беру ауыл баласының қалыпты әдеті. Отансүйгіштік сезімі жоғары, физикалық жағынан мығым, күшті болып келеді. Бірақ компьютерлік, тілдік білімі мен білігі төмен. Себебі, ауылда қосымша білім беру орындары жоқ. Орталықтарда орналасқан қосымша білім беру орындарына баруға жолдың, қашықтығы мен қаржылық қиындықтар кедергі. Ауыл мен қала баласын теңестіру таяу болашақтың еншісінде.

Қала баласы бос уақытында физикалық шынығу үшін арнайы спорт алаңдарына, стадиондарға баруына тура келсе, ауыл баласы үшін арнайы ондай орындардың қажеті жоқ. Оларға бар керегі аспан асты, ашық алаң болса жеткілікті. Себебі ауыл балалары ұлттық ойындар ойнайды. Ұлттық ойындардың түрлері көп. Ауыл райы қолайлы болса, тәулік бойы тегін ойнауға мүмкіндіктері бар. Ауыл балаларының физикалық жағынан күшті болып елетіні осыдан болса керек. Олар бос уақытын компьютерлік клубтарда емес, ауылда қара жұмыс істеп, ойын ойнап өседі. Енді ауылда ойналатын ұлттық ойындардың бірнешеуіне тоқталайық.

Алтыбақан – қазақтың ұлттық ойыны. Жаздың тымық кешінде, айлы түнде, ауыл сыртында ойналады. Қыз бен жігіт қарама-қарсы орналасып, бел арқанның екі жақтауынан бекем ұстап, үшінші адамның демеуімен тербетіледі. Тербелушілер қосылып ән бастайды да оған тамашалаушылар қосылып, думандатып әкетеді [29].

Асық ойындары – қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі. Асық ойындарының түрлері: алшы ойыны, омп, асықты тігіп ойнау, тас қала, хан, хан талапай, құмар. «Асық ату ойыны – ұлттық рухани байлығымыздың асыл қазынасы» атты сыныптан тыс іс-шарасын қосымшада берілген [26].

Өкінішке орай, бүгінгі қала балалары асық ойыны туралы білмей өсіп келеді. Асық ойынын насихаттау, дамыту мақсатында Республикалық «Асық» ойынының ережесі бекітілді. Қазақтың ұлан-байтақ даласының төрт құбыласы мындаған шақырым жер ғой, әр өңірде асық әр түрлі ойналған. Солардың бәрін қорытып алып, ортақ ережесі шығарылды. Әлемде спорт ойындарының түрлері

бір жүйеге келтірілгені белгілі. Сондықтан «біздің ауылда былай ойнайтын еді, біздің ауылда былай ойнайды» дегенді ұмытып жалпыға ортақ ережесі бекітілді. Осылайша, асық ойынын әлемдік деңгейге шығарудың жолы іздестірілуде. Түрік халқының қай-қайсы асық ойнай алады. Асықты қарашай-балқарлар «ашық» десе, түрік бауырларымыз «ашик», тәжіктер «ошук», монғолдар «шагай», қырғыздар «чүкө» дейді екен.

Қызық дерек. Халқымызда «Асығың алшысынан түссін» деген жақсы тілек бар. Асық ойынында кімнің сақасы алшысынан түссе, сол бірінші атады немесе басымдыққа ие болады. Яғни, асықтың алшы тұруы оның иесіне сәттілік жолдас болып тұрғанын білдіреді. Сондықтан адамдар белгілі бір оқиғаға болмаса жағдайға байланысты мерейлі болғанын қалайтын адамына осындай тілек айтқан. Бұл сөз қандай да бір даулы мәселеде, айтыс – тартыста, бәс тігілген сәттерде мерейі үстем шыққан немесе бастаған ісі игі жалғасын тапқан азаматтарға қарата: «Асығы алшысынан түсті» деп те қолданылады [29].

Ақсүйек ойыны – қазақтың ұлттық ойындарының бірі. Жігіттер мен қыздар жиналып, жаздың айлы түнінде ашық далада ойнайды. Ақсүйек ойынына малдың ақсөңкелеп қураған жілігі немесе қабығы аршылған, ұзындығы екі қарыстай жұмыр ақ таяқша пайдаланылады. Жиналғандар екі топқа бөлінеді. Ойынды бастау жеребе тастау арқылы анықталады. Содан кейін ойын бастаушы ақсүйекті бар пәрменімен алысқа лақтырады. Жастар таяқты іздеуге кіріседі. Оны тапқан ойыншы өз серіктеріне дыбыс беріп, сөреге қарай жүгіре жөнеледі. Серіктері оның тосқауылға тап болмауына көмектеседі. Қарсыластары қалайда ақсүйекті тартып алудың амалын жасап бағады. Ақсүйекті тартып алса, өздері де біріне-бірі қол жалғап, сөреге жетуге ұмтылады. Бұл тартыста ақсүйекті сөреге жеткізген топ жеңген саналады. Ойын шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулиды [29].

Кеңестік жоспарлы экономика күйреп, нарықтық экономика басталған бұл кезенді «тоқырау жылдары» деп атаймыз. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ауылдағы мәдениет, спорт, қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық қызмет көрсету саласы сын көтермейтін жағдайда болды.

Ауыл тұрғындарының демалысымен шұғылданған аудандық мәдениет бөлімдері таратылған. Мәдениет объектілері жекешелендірілген немесе жабылған, кітапханалардың кітап қоры жоғалтылған. Мәдениет мекемелері бейімделмеген үй-жайларда - мектептерде, әкімдіктерде орналасқан. Мемлекеттік желідегі 1822 ауылдық клуб мекемелерінің тек қана 519-ның Мәдениет үйлері мен клубтарының типтік ғимараттары бар, 1303-і бейімделген үй-жайларда орналасқан, 600-ден астам клубтарға күрделі жөндеу талап етіледі, 130-ы апаттық жағдайда, 172 клуб мекемелері қыста мүлде жылытылмайды.

Ауылдық елді мекендерде 2976 кітапхана жұмыс істейді, 27 кітапхананың типтік ғимараттары бар, 51 кітапхана - апатты ғимараттарда, 300-нен астамына күрделі жөндеу, 1184 - ағымдағы ремонт талап етіледі, кітап қорларын сақтау және оқырмандарға қызмет көрсету үшін жағдай жасалмаған. Кітапханалардың көпшілігінің ақпараттық жүйелерге қол жетімділігі жоқ.

Кинотеатрлардың саны 944-дан 64-ке дейін (соның ішінде мемлекеттік - 43), киноқондырғылар саны 2320-дан 543-ке дейін, облыстардың бірқатар ауылдық аудандарында 60-85%-ға азайған.

Ауыл тұрғындары арасында дене мәдениеті мен спортты дамытудың жай-күйі нашарлады. Республика ауылдарында 17134 спорт ғимараттары, соның ішінде 1500 орыннан кем емес 113 стадион, 23 жүзу бассейні, 3886 спорт залдары, 12 теннис корттары, 10619 жазықтықтағы құрылыстар бар. Спорт ғимараттары негізінен жұмыс істемейді. Республикалық селолық «Қайрат» спорт қоғамы өз қызметін тоқтатты. Ауылдық аудандардың 37,7%-ның ғана дене мәдениеті және спорт жөніндегі комитеттері бар, қалғандарында спорт мәселелерімен әкімдіктің ішкі саясат бөліміндегі бір маман айналысады.

Ауылдық елді мекендерде құқық тәртібі толығымен қамтамасыз етілмейді. Қылмыстардың елеулі саны маскүнемдік негізінде жасалады, мал ұрлау тараған. Құқық бұзушылықтардың алдын алу және «Қоғамдық тәртіпті нығайту және ішкі істер органдары уәкілетті учаскелік қызметкерлерінің құқық бұзушылықтарды болдырмау мен алдын алудағы рөлін арттыру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 желтоқсандағы және 2001 жылғы 23 желтоқсандағы № 701 қаулыларын іске асыру қойылған талаптарға жауап бермейді.

Учаскелік инспекторларды қызметтік автокөлікпен және байланыс құралдармен қамтамасыз етуде күрделі ахуал байқалады. Олардың 18,8%-ы ғана автокөлікпен және 30%-ы байланыс құралдармен жарақталған. Учаскелік милиционерлердің елеулі бөлігі бір-бірінен ондаған километр қашықтықта және аудан орталығынан едәуір шалғай орналасқан бірнеше ауылдық елді мекендерде қызмет көрсетеді [29].

Елбасының сан-саланы қамтыған реформалары осындай қиындықтан алып шықты.

Бүгінде қазақстандықтардың саны 18,3 миллионға жетті. Қазір қазақ қоғамы сөз жоқ, жаңа тарихи кезеңге аяқ басып отыр. Қазақ мәдениетін, ұлттық құндылықтарды әлем жұртшылығына паш етудеміз.

Қазақстанның әлемдік деңгейді бағындырған жекелеген өз тұлғалары аз емес, әрине. Жыл сайын өтетін халықаралық өнер байқауларында олжа салмайтын қазақтың баласы кемде-кем. Мысалы, тау бұлағындай сыңғырлаған әсем үнімен әлемді дүр сілкіндірген әнші Димаш Құдайбергенов ұлттық брендке айналды. Таза таланттың жеңісі тек қазақтың ғана мерейі емес, адамзат баласының бәріне ортақ қуанышқа айналды. Таңдай қақты. Бұл ең алдымен, қазақ өнерінің өрлеуі, жемісі еді. «Бізде де әлем мойындайтын мынадай тамаша жас тұлғалар бар екен-ау» деген ел ішіндегі асқақ сезімді оятып, болашаққа сенімді нығайтқан жеңіс еді [29].

Димаш сияқты Қазақстанды өздерінің жетістіктерімен дүние жүзіне танытып жүрген спорт, өнер жұлдыздары көп. Олардың қатарына спорт әлеміндегі боксшы Г.Головкин, зілтемірші И.Ильин, мәнерлеп сырғанаушы Д.Тен, шаңғышы А.Полторанин, суда жүзуші Д.Баландин және әнші М.Мудрякты жатқызуға болады. Бұл күндері ұлттар бірегейлігі туралы сөз қозғағанда боксшы Геннадий Головкиннің қанатты сөзі еріксіз ойымызға

оралады. «Менің әкем-орыс, шешем-кәріс, өзім қазақпын» деген болатын даңқты боксшы Елбасымен кездесу сәтінде. Міне осындай тұлғалардың өскен ортасы, ұлттар достығы туралы түсінігі жас ұрпаққа тәлімді тәрбие береді.

Бүгінде қазақстандық бірегей мәдениет қалыптасып келеді. Әрбір азамат өзінің білімін, еңбегін елінің өркендеуіне, дамуына қосатынын біледі.

4 «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Айналаға қара» шешуші бағытын іске асыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдамалар

Бүгінгі заман адамның әлеуметтік-мәдени өмірлік іс-әрекетінің дамуына өзгерістер енгізіп отыр. Бұл өзгерістер мемлекеттер, ұлттар, барлық саяси, әлеуметтік және мәдени қоғамдастықтарға әсер ететін ішкі және сыртқы қайшылықтар мен қарсылықтарды сипаттайтын, уақытты жылдамдатумен, жаңғыртумен, өнеркәсіптік революциямен, технологияны дамытумен байланысты әлемдік жаһандану факторымен қамтамасыз етілген. Қазіргі таңдағы Қазақстан әлемдік жаһандану процесі, күрделі геосаяси қозғалыстар және жаңа қарсылықтар, жылдам экономикалық және технологиялық өзгерістер жағдайында дамып келеді.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында ұлттық код, бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, эволюциялық даму, сананың ашықтығы сияқты қағидалар негізінде стратегиялық бағдарлар мен жаңа міндеттер анықталған. Ғасырлар бойы бабаларымыз туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді. Өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу өте маңызды [1].

Қазақстандық қоғамның қазіргі замандағы даму кезеңінде, қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында, өзіміздің ұлттық кодымызды, мәдениетіміз бен ұлттық бірегейлігімізді сақтау аса маңызды болып отыр. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы дәл осыған бағытталған.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының:

– «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасы мақсаты – білім беру мен ұлттық тәрбие жүйесін дамытуда отбасы мен қоғамды жұмылдыра отырып ХХІ ғасыр тұлғасын қалыптастыру;

– «Атамекен» кіші бағдарламасының мақсаты – өңірлердің өзекті мәселелерін анықтау мен халықтық ынталандыру, өңірлік жобаларды қолдау және іске асыруға мемлекеттік органдарды, бизнес-құрылымдарды үкіметтік емес ұйымдарды, еріктілер, кіші Отанын дамытуға, азаматтардың бойында туған өлкесіне деген жауапкершілік сезімін және әлеуметтік белсенділігін арттыру;

– «Рухани қазына» – Қазақстан халқының тарихи санасын дамыту арқылы ұлттық-мәдени біртектілікті сақтау, Қазақстанның қасиетті мәдени-географиялық белдеуін зерттеу, қазіргі заманғы қазақстандық мәдениетті насихаттау;

– «Ақпарат толқыны» деп аталатын төртінші кіші бағдарламаның жүзеге асырылуы халықты ақпараттандыру, ақпараттық инфрақұрылым құру болып табылатын бағыттардан тұрады [30].

«Тәрбие және білім» кіші бағдарламасы бойынша:

- «Өлкетану»;
- «Отаным – тағдырым»;
- «Саналы Азамат» жобаларын жүзеге асыру қолға алынды.

«Өлкетану» базалық жобасының мақсаты – елімізді, оның тарихын, табиғатын, шаруашылығын, халықтың мәдениеті мен тұрмысын жан-жақты және жоспарлы түрде танып-білу, өлкеміздің тарихы мен табиғатын танып, зерттей келе, нақты және мақсатты түрде тарихи-мәдени ескерткіштерді, флора мен фаунаны, табиғат қорларын қорғау іс-шараларын іске асыру болып табылады. Өлкетану – белгілі бір жердің өткені мен бүгінгі күнін зерттеу, жекеден жалпыға, ортақ белгілері мен өзіндік ерекшеліктерін айқындайтын, түрлі ғылыми пәндер мен ғылыми-зерттеушілік тәсілдерге және пәнаралық байланыстарға сүйенетін танымдық әдіске негізделген ғылыми, әрі ғылыми-көпшілікке таратылатын қызмет.

«Өлкетану» базалық жобасы бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Рухани-құндылық және практикалық бағдар беруде білім алушылардың оқу пәндері арқылы жүзеге асырылады, сондай-ақ әр түрлі сабақтан тыс факультативті сабақтар, үйірме жұмыстары өлкені тануға ықпал етеді [31].

Туған жердің әрбір сайы мен қыркасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар, өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс. «Туған өлке тарихы» білім беру ұйымдарында факультативтер, арнайы курстар, үйірмелер бойынша мұражайларға, мәдени-тарихи өлкеге экскурсиялар ұйымдастыру басты жоспарда болуы қажет.

«Отаным – тағдырым» базалық жобаның басты мақсаты жастардың бойында азаматтықты, патриоттықты дамытуға, рухани-адамгершілік және әлеуметтік құндылықтарын қалыптастыруға, кәсіби маңызды қасиеттерді және дағдыларды, жұртшылықтың өмір, қоғам, әртүрлі салаларында белсенді ат салысуға көмектесу болып табылады. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектептерде туған жердің тарихын танытудан басталады. Қоғамның басты рөлін тәрбиенің үздіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету, тәрбие мен оқыту және білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде түсінуге көмектеседі.

«Саналы Азамат» базалық жобасы даму перспективаларын және еңбек нарығы мүмкіндіктерін, білім алушылардың қабілеттері мен талаптарын ескере отырып, оларға болашақ мамандығы аясын тандау еркіндігін бере отырып өзін-өзі кәсіби анықтауға бағытталған.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Айналаға қара» шешуші бағытын іске асыру жұмыстарын ұйымдастыру барысында мектеп әкімшілігі тәрбие бағыттарын түгелдей қамту жолдарын қарастырулары тиіс. Осы орайда *мектеп ұжымына арналған ұсыныстар*:

- директордың оқу ісі жөнінен орынбасары: пән мұғалімдерінің оқу жоспарында аймақтық компоненттің болуын қадағалау;

- директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары: мектепте «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жалпы мектептік іс-шараларды жоспарлау;

- мектеп мұғалімдері: сабақ тақырыбына байланысты аймақтық компонент енгізу;

- сынып жетекшілері: сыныптар бойынша тақырыпқа сәйкес іс-шаралар, шағын жобалық іс-әрекеттер жоспарлау.

«Айналаға қара» шешуші бағыты бойынша адамгершілік, рухани және гуманистік құндылықты тәрбиелеуге көңіл аудару арқылы эмоционалдық қарым-қатынасты дамытатын келесі тақырыптарда жұмыстар жүргізу ұсынылады, мысалы: «Бір апта ауылда» атты ерекше жоба бойынша, әсіресе ауылды жерде ата-әжесінің бауырында жазғы демалыста болмаған қала балалары үшін көптеген қызықты іс-шаралар өткізуге болады. Аталған жобаға қатысты ауылда болатын бір аптаның әр күнін алдын-ала жоспарлау қажет. Ол үшін ең алдымен балалардың жататын орнын анықтау керек. Ауылда өтетін жеті күнді табиғат аясына саяхатпен де ұштастыруға болады, яғни балалар осы күндері шатырда өмір сүріп, тамақты өздері пісіруге машықтанады.

«Шатыр және тамақ әзірлейтін ошақ орнату».

Ауылдың маңынан лагерьге лайықты, яғни шатырлы лагерь тігуге қолайлы болатын жер іздеу өте маңызды және оның бірнеше факторларын қарастыру қажет болып табылады. Шатыр орнатуға таңдаған орын заңды және қолжетімді болуы тиіс. Егер сіздер мемлекеттік немесе ұлттық саябақтың аумағында болсаңыздар, онда шатырды рұқсат етілген жерге орнатқандарыңызға көз жеткізіңіздер.

- Мұндай орындарда нөмірленген темір тақташалар, тамақ ішуге арналған үстелдер және от жағуға әзірленген орындар болады, кей жағдайларда жақын маңда су көзі де болуы мүмкін.

- Егер ауылдан алшақ жерде тоқтайтын болсаңыздар, онда саябақта немесе қорықта, табиғат аясында шатыр орнату ережелерін сақтаңыздар. Саябақтардың талаптары шатырды суға немесе сүрлеу жолға жақын орнатуға байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

- Шатырлы лагерьдің орнын орманның маңайынан таңдаңыз, өйткені орманның маңайына қарағанда орманның ішінде және өзеннің жағалауында сары маса көп болады. Сонымен қатар өзеннің маңында таңертең салқын.

- Құмырсқа илеуінің болмауына көңіл аудару қажет, өйткені олар өздері жүретін жолдарын ауыстырмайды да жолындағы шатырды бірден жаулап алуы ықтимал.

- Шатырды орнатуға жазық немесе дөңесті жерді таңдаңыз, жаңбыр болған жағдайда судың астында қалмайтындай және егер кішкене болсын төбе болатын болса басты сол төбеге қарай жіберіңіз, ұйықтауға ыңғайлы болады.

- Мүмкіндігінше шатырды көлеңкелі жерге қойған жөн, бұл шатырды қатты қызып кетуден сақтайды.

- Шатырды орнатардың алдында алаңқайды бүршіктерден, бұтақтардан тазарту керек, олардың үстінде ұйықтау өте қолайсыз.

- Егер саяхат жылдың салқын мезгілінде болса, онда шатырдың астына құрғақ жапырақтар немесе шөп салып барып орнатқан жөн, бұл жерден келетін сыздан қорғайды.

- Шатырды оттан алысырақ, оттың ұшқындары жетпейтін қашықтықта орнату қажет. Шатыр жаққа түтін келмес үшін желдің бағытын анықтап алу керек.

- Қазықтарды жерге 45^0 бұрышпен қағу керек және қазықтың үштен төрт бөлігі жерге кіруі тиіс.

- Тамақ пісіруге арналған отты ағаштан, орманнан, тұрғын үйден 1,5 - 3 м қашықтықта жағу. Егер оттың бұрынғы орны болса, жаңа орын бастамау. От жағатын алаңқайды кепкен бұтақтардан, жапырақтардан тазарту керек және шөп өспейтін тақыр жерді таңдаған дұрыс. Отты аз уақытқа болса да қараусыз қалдыруға болмайды. Үйге кетердің алдында оттың орнына су құю. Тамақ пісіруге арналып жағылған оттан өрт шығу қаупі шыққан жағдайда оттың үстіне үлкен зат (мысалы көрпе) жаба салу керек, содан кейін үстінен су құю керек. Оттан шыққан қара түтінмен демалмауға тырыс. Қою түтін шыққан жағдайда мұрынды және ауызды ылғалды шүберекпен орап алған дұрыс. Отты шетінен бастап ортаға қарай сөндіру керек.

- Егер шатырды ауыл аумағында тігетін болсаңыздар, онда жеке меншік иелерінің рұқсатын алыңыздар [32].

«Ауыл шаруашылығымен танысу».

Ауыл шаруашылығы – материалдық өндірістің маңызды түрлерінің бірі болып табылады. Ауыл шаруашылығы халықты азық-түлікпен қамтамасыз ететін және бір-бірімен өте тығыз байланысты екі салаға: өсімдік және мал шаруашылығына бөлінеді, оның құрамына балық аулау, аңшылық және омарта шаруашылықтары да кіреді. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы жергілікті жердің табиғат жағдайына тәуелді болатын сала.

Ауылда болған бір аптада қала балаларын *мал шаруашылығымен* таныстыру мақсатында келесі іс-шараларды ұйымдастыруды ұсынамыз.

Малды фермада немесе үй жағдайында ұстау үшін жасалатын жайлы жағдайлармен таныстыру:

- таза, жылы, жарық және желдетіліп отыратын қора;
- жылдың кез келген мезгілінде демалуы үшін жұмсақ, құрғақ және таза еден;
- малдың жүнін тазалауға арналған қатты щетка;
- сиырды сауардың алдында және сауын аяқталғаннан кейін желінін жуып-шаю;
- жылдың жылы мезгілінде малды шомылдыру;
- тұяқ күтімі.

- Жылдың жылы мезгіліндегі мал жайылымымен, ашық жазғы шарбақпен және суық мезгілде тұратын қорамен, қосымша азығымен, суатпен таныстыру.

Жазда малды жабық қорадан жазғы ашық алаңға – жем-су беруге ыңғайлы, Күннің көзі мен жауын-шашыннан қорғайтын қалқан-шатырдың астына шағарады.

Жайылым кезінде малдың жылу соққысын алуын болдырмау үшін, ыстық және тура түскен Күн көзінің астында ұзақ болмауларын бақылау қажет. Сондықтан оларды көлеңке және су нысандарына жақын жерлерде бағады.

Жаздыкүні мал жасыл, нәрлі шөпке жайылғанымен, оларға қосымша жарма (жем), ұсатылған көкөністер мен жеміс-жидектер: қызылша, алма, асқабақ және т.б. береді.

Жазда малды жақсы суару қажет, су мұздай суық болмауы және таза болуы тиіс. Қойларды су қоймасына жақын жерде баққан дұрыс, себебі бір ересек қой тәулігіне 10 литрге жуық су ішеді.

Жылқы – ет және қымыз өндіру, салт міну, арбаға не шанаға жегу, әскери және спорттық бағыттарда өсіріледі. Қазіргі кезде әлемде екі жүз елуге жуық жылқы тұқымы бар, соның ішінде Қазақстандағы тұқымдардың атаулары мен өсірілетін аймақтары туралы мәліметтер төмендегі кестеде берілген (1-кесте).

1-кесте – Қазақстандағы жылқы тұқымдары

Атауы	Өсірілетін аймақтары
Қазақы жылқы	Көлік малы ретінде және еті мен сүті үшін Атырау, Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Ақмола аймақтарында өсіріледі
Адай жылқысы	Жергілікті халық «дала көркі» деп дәріптейтін бұл тұқым Қазақстанның батыс аймақтарында өсіріледі.
Көшім жылқысы	Батыс Қазақстан аймағында шығарылған тұқым
Қостанай жылқысы	Қостанай және Ресейдің Челябин аймақтарында өсіріледі
Мұғалжар тұқымы	Қазақстанның батыс өңірінде шығарылған. Жылына 3000 литрдей сүт беретін, етті және сүтті бағытта өсіріледі
Қазақстанда жон, желғор, қарабайыр, буденный, түрікменнің ахалтекесі жылқылары да өсіріледі	

Жылқыны ердің қанатына теңеген қазақ халқында төрт тұяғын тең басқан тұлпарлар аз болмаған. Солардың ішінде Ақан серінің жан серігі болған тұлпар – Құлагердің орны ерекше. «Астана – Көкшетау» тас жолының бойында орнатылған ескерткішті тамашалау барысында Ақан серінің «Құлагер» өлеңін оқып, серінің өмірінен, өлеңнің шығу тарихынан мәліметтер беруді ұсынамыз.

Жылқы тұқымдарымен таныстыру барысында Жамбыл облысының Тұрар Рысқұлов ауданындағы Абсент жылқысына орнатылған ескерткішті тамашалау кезінде, «XX ғасырдың ең жұлдызды жылқысы» немесе үш мәрте Олимпиада жүлдегері» атанған сәйгүліктің өмірбаянымен таныстыруды ұсынамыз.

Абсент 1960 жылы өткен 27 Рим олимпиада ойындарында КСРО құрама командасы атынан жарысқа қатысып (шабандоз С. Филатов), бас жүлдені жеңіп алған. 1964 жылы Токио олимпиадасында командалық есеп бойынша күміс медальға ие болған [33].

- Жылқы малының атауларымен таныстыру.

Құлын – бір жасқа дейінгі жабағысы көтерілмеген жас төл.

Жабағы – бір жасқа толмаған, алты айдан асқан құлын жүні түспеген төл.

Тай – бір жастан асқан жылқы.

Құнажын байтал – екі жастан асқан.

Құнан – үш жасар жылқы (дөнежін шығар, байтал деп те атайды).

Дөнежін байтал – үш жастан асқан жылқы.

Дөнен – төрт жасар жылқы.

Бесті – бес жастағы жылқы.

Бие – бес жасқа келген құлындайтын жылқы.

Байтал – екі жастан бес жасқа дейінгі ұрғашы жылқы.

Қасабалы бие – жеті-сегіз жастағы бие.

Кәртамыс бие – он бір-он төрт жастағы бие.

Жасаған бие – жиырма жастан асқан бие.

- Сүтіне қарай биелерді:

Мама бие – өте сүтті бие.

Мәнерсіз бие – сүті аз бие.

Ақтандыр бие – сүті жоқ, сүт шықпайтын бие.

Исінкеш бие – сауар алдында құлынына жанасып, исінген сүтін ағызып жіберетін бие.

- Қымыз жасау

Қымыз – биенің сүтінен дайындалатын денсаулыққа шипалы сусын, қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі ең құрметті дастархан дәмінің бірі. Сары қымыз – дертке шипа, денеге күш.

Қымыз негізінен жылқы терісінен тігіліп, тобылғы түтінінің ысы әбден сіңген сабада не болмаса ағаш күбіде ашытылады. Қымыздың ашытқысы «қор» деп аталады. Дәкеге түйген қорды сабаға не күбіге салып тастайды. Қор езіліп, саумалға толық тарағанда саумалдың дәмі қышқылданады. Жаңа қор осылайша жасалады. Жаңа қордың үстіне салқындатылған саумал құйып, әр саумалды құйған сайын ыдыстың ішіне қойдың сүр құйрығын немесе жылқының сүр қазысы мен жаясын салып жіберсе, қымыз майлы әрі дәмді болады. Әдетте қымыздың өзінен де май шығады.

Қымыз дайындау шеберлігіне, сүттің тегіне, уақыт мезгіліне қарай бірнеше түрге бөлінеді. Осыған орай оның аталуы да алуан түрлі. Оның ең бастылары төмендегідей:

■ уыз қымыз – биені алғаш байлағанда ашытылатын қымыз, кейде бие бау деп те атайды;

■ бал қымыз – әбден пісілген және бойына жылқының не қойдың майы сіңген бапты жұмсақ қымыз. Мұндай қымыздың өңі әдеттегі қымызға қарағанда сары қою болады;

■ басты қымыз – төрт күн асып, ашуы мейлінше жеткен қымыз;

■ дөнен қымыз – үш түн түнегеннен кейін қотарылатын, ашуы мейлінше жеткен қымыз;

■ жуас қымыз – үстіне саумал қосып жұмсартылатын қымыз, қымыз ашып кеткенше ішуге қолайлы болу үшін осылай істейді;

■ құнан қымыз – екі түн түнегеннен кейін қотарылатын қымыз, түнеме қымызға қарағанда күшті болады;

■ қысырақ қымыз – бірнеше рет құлындаған биенің сүтінен ашытылатын қымыз. Жылда саулып жүрген мама билердің сүтіне қарағанда әлдеқайда қуатты болады. Қысырақ қымызды әдетте «ту қымыз» деп те атайды.

■ қысырдың қымызы – бие ағытылып кеткеннен кейін, жем, шөбі дайын адамдар қысыр биелерді іріктеп алып қалып, қыстай қолда ұстап сауады. Сондықтан, бұл қымызды «қысырдың қымызы» деп атайды;

■ сары қымыз – шөп пісіп, биенің сүті қойылған кезде ашытылатын қымыз. Бұл жазды күнгі қымызға қарағанда қою әрі сары болады;

■ сірге жияр қымыз – бие ағытылар кездегі ең соңғы қымыз. Бие алғаш байланып уыз қымыз ішер уақытта бір той болса, бие ағытылып, сірге қымызды ішер уақытта да бір той болады;

■ түнеме қымыз – ескі қымыздың үстіне саумал құйылып, келесі күні қотарылған қымыз [33].

Қымыздың дәмі оны пісу технологиясына да байланысты болады. қазіргі кезде қымыз дайындауға арналған түрлі қондырғылар бар, алайда ауылды жерлерде ерте заманнан сақталып келе жатқан дәстүр – қымызды ағаш күбіде пісу немесе сабау арқылы әзірлеу жолы кең тараған.

Мал шаруашылығының келесі саласы – ірі қара мал (сиыр) өсіру. Сиыр өсіру келесі бағыттарға бөлінеді: ет тұқымдастарын, сүт тұқымдастарын, ет-сүт тұқымдастарын және сатуға арналған жас төлдер өсіру.

Келесі кестеде Қазақстанда кең тараған ірі қара малдың тұқым түрлері берілген (2-кесте).

2-кесте – Ірі қара малдың тұқымдары

Атауы	Сипаттамасы, өсірілетін аймақтары
Далалық қызыл сиыр	Қазақстанда кең тараған сүтті сиырдың түрі. Олар төзімділігі мен түрлі ауа райына, табиғи климаттық жағдайларға шыдамдылығы арқасында кеңінен танымал. Қазақстанның оңтүстігінде далалық қуаң аймақтарда өсіріледі.
Қазақы ақбас сиыр	Сиырдың ең көп тараған етті тұқымының түрі. Бұл тұқым түрі аптап ыстық пен аязға төзімділігімен, майды тез жинауымен ерекшеленеді. Сиырдың бұл түрі Батыс Қазақстан өңірінде көбірек өсіріледі
Әулиеата тұқымы	Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда облыстарында өсірілетін бұл тұқым тұлғасы жағынан голланд сиырына ұқсайды. Түсі қара-ала болып келеді, қарнында, желінінде, кеудесінде,

	аяқтарында ақ таңбалары болады.
Әулиекөл сиыры	Етті бағытта шығарылған сиырдың жаңа тұқымы. Негізінен Қостанай облысында көп тараған
Алатау сиыры	Сүтті, етті бағытта өсірілетін тұқымға жатады. Алматы, Жамбыл, Шығыс Қазақстанның таулы аймақтарында өсіріледі

- Сиыр атауларымен таныстыру.

Бұзау – сиырдың бір жасқа дейінгі төлі.

Торпақ-тана – бір жастан асқан төл.

Баспақ – күзге қарайғы бұзау.

Қашар – бір жастағы ұрғашы сиыр.

Құнажын – екі жастағы төл беретін сиыр.

Дөнежін – табынға түскен ұрғашы сиыр.

Бесті сиыр – бірнеше рет бұзаулаған сиыр.

Кенже тайынша – жас сиырдың атауы.

Бұқаша – бір жасқа еркін толмаған тайынша.

Тайынша бұқа – бір жасар еркек мал.

Дөнен бұқа – табынға түскеніне үш жыл болған мал.

Құнан бұқа – екі жасар кезі [33].

- Сиыр сауу. Сиырды арнайы орынға байлайды, желінін жылы сумен жуып, шберекпен сүртеді, қай жағынан (көп жағдайда сол жағынан) отыруға болатынын ескеру қажет, кей адамдар жүрелеп отырып, ал кей адамдар орындыққа отырып сауады. Арнайы сауын аппаратының жұмысымен де таныстыруға болады.

- Сүттен қаймақ айыру жолдарымен таныстыру.

1) Сиырдың, қойдың, ешкінің пісірілген сүтін бетін ашып, салқын жерге қойса бетіне қабыршықтанып қаймақ жиналады. Қаймақтың қоюлығы сүттің құнарлылығына да байланысты болады.

2) Сүтті сепаратордан өткізгенде барабанның қаймақ бөлетін тетігін майлылығы бар кілегей алатындай етіп бұрап қою қажет.

3) Жаңа сауылған сүтті салқын жерге қою арқылы «шикі қаймақ» алуға болады.

- Қаймақтан май былғау

Ірі қараның немесе серкенің терісінен тігілген торсықта немесе ағаштан жасалған күбіде дайындау түрімен таныстыру.

- «Балқаймақ» әзірлеу

Шұңғыл ыдысқа қаймақ (кей жерлерде кілегей дейді) құйып, баяу жанып жатқан отқа қойып, араластырып отырып бетіне майы шыққанша пісіреді, әбден қайнаған кезде құмшекер, аздап бал, себелеп ұн қосып тағы қайнатады. Әбден дайын болған балқаймақты шыны ыдысқа құйып дастарқанға беруге болады.

- «Ақ ірімшік» дайындау

Майлы шикі сүтке айран қосып, ірі бастаған сүтті отқа қойып, баппен қайнатады. Сүт қайнай бастаған кезде, бетіне ірімшігі қалқып шыққанша үздіксіз былғап тұру керек. Сары су мен ірімшік бөлінгеннен кейін ірімшікті сүзіп алып, сығады.

- «Қоспа» дайындау

Ақ ірімшікті екі-үш сағат баяу отта қайнатса, ірімшіктің сары суы әбден шығып, қызғылт-қоңыр түске ие болады. Осы ірімшіктен қоспа әзірленеді. Қоспа дайындауға қажетті азық-түліктер: сары ірімшік, сары май, құмшекер, печенье және талғам бойынша мейіз қосуға болады. Қоспа жасаудың жолдары:

- сары ірімшікті ет тартқыштан өткізу;
- печеньеі де ет тартқыштан өткізу;
- сары ірімшікті, печеньеі және қантты қосып жақсылап араластыру;
- сары майды еріту;
- ерітілген сары майды қоспаға құйып араластыру;
- талғам бойынша мейіз қосып тағы да араластыру.

Аталған сүт тағамдарын әзірлеу барысына білім алушыларды қатыстыруға болады.

- Қой атауларымен таныстыру.

Арамза – қыста туған қозы.

Көбдік – тоқты болған арамза.

Көрпеш немесе көрпей – мезгілінен кешірек туған қозы.

Марқа – жарты жастағы қозы.

Тоқты – бір жасқа толғаны.

Ісек – екі жасқа толған ұрғашы қой.

Саулық – қоздаған қой.

Ту қой – қоздамаған қой.

Қошқар – тұқымдыққа жіберілген еркек қой [33].

Қой шаруашылығы – қазақ халқының ежелден келе жатқан тарихи дәстүрлі мал шаруашылығының саласы. Халқымыздың тұрмыс тіршілігі, күнкөріс көзі қой шаруашылығымен тікелей тамырласып жатыр. «Мал өсірсең қой өсір, өнімі оның көл-көсір» деген сөздерде терең ұғым бар. Мүшел жыл санауда қой 8-жыл. Қой да киелі түліктің бірі. Оның пірі – «Шопан ата» (кейде «Қошқар ата») деп аталады. Сондықтан Шопан атадан тілеу тілегенде «малды берсең, қойды бер» деп өтінген. «Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақжаулық, үшінші байлық – он саулық» деген ұғым қойға қатысты. Он саулықтың басын құрайтын кәсіптің иесі – қойшы (шопан) [34].

Қой шаруашылығы Қазақстанның барлық аймағында дамыған, сондықтан ауылдағы бір аптада қала балаларын еліміздің шаруашылығының бұл түрімен таныстыру қажет.

- Қой қырку. Адамдар қойдың етін азық-түлік ретінде, жүні (қолғаптар, шұлықтар, жылы жейделер, кілем, көрпелер) мен терісін (әсем киім, тұрмыста қолданылатын заттар) тоқыма өнеркәсібінде қолданады, осылайша қойдан екі пайда көреді. Биязы және биязылау жүнді қойларды жылына бір рет көктемде, ал ұяң не қылшық жүнді қойларды екі рет, яғни көктемде (жабағы) және күзде (күзем) қырқады.

- Қой тұқымдары және өсірілетін аймақтары туралы деректерді төмендегі кестеден көруге болады (3-кесте).

3-кесте – Қой тұқымдары және өсірілетін аймақтары

Атауы	Өсірілетін аймақтары
Арқар, меринос тұқымы	Алматы, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарында
Оңтүстік қазақ меринос қойы	Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында жүнді-етті бағыттағы тұқымдары
Солтүстік қазақ меринос қойы	Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарында
Жартылай биязы жүнді тұқым: дегерес, гемпшир және кросбред болып бөлінеді	Дегерес қойы – етті-жүнді, әрі етті-майлы (құйрықты) бағытта шөл-шөлейтті жерлерде, Орталық және Оңтүстік Қазақстан өңірінде
Ұяң жүнді құйрықты тұқымдар: қарғалы және саралжын болып бөлінеді	Әрі етті, әрі жүнді қарғалы қойы Қарағанды өңірінде өсіріледі. Жібек тәрізді түсі ақ жүнді саралжын қойы Ақтөбе алқабындағы шөлейтті жерлерде өсіріледі
Қылшық жүнді құйрықты тұқым: еділбай, қазақтың қылшық жүнді және қаракөл қойлары болып бөлінеді	Еті дәмді, жүні мол, шөл-шөлейтті жерлерге бейімделген, ірі денелі еділбай қойы Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қарағанды өңірлерінде өсіріледі. Қазақтың құйрықты қылшық жүнді қойы Ақмола, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарында өсіріледі.
Қаракөл қойы	Әдемі және қымбат бағалы елтірісі арқылы дүние жүзіне белгілі. Қатаң ауа райына шыдамды, тұлғасы берік, терісі жұқа, бірақ тығыз. Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Маңғыстау облыстарында өсіріледі.

Ауыл өмірінің келесі ажырамас саласы *өсімдік шаруашылығы*. Адамзатқа қажетті азық-түліктің көп бөлігі мен жеңіл өнеркәсіп үшін қажетті шикізатты өсімдік шаруашылығы береді. Оған дәнді дақылдар, техникалық және сергітпе дақылдар өсіру, бау-бақша шаруашылығы жатады [36].

Ауылдағы бір аптада қала балаларын өсімдік шаруашылығымен таныстыру мақсатында еліміздегі егіншіліктің басты саласы – дәнді дақылдар: бидай, арпа, жүгері, күріш, сұлы, қарақұмық, тары, қара бидай өсірумен және олардан алынатын нанның, үй жануарларына арналған жемнің немесе жарманың алыну жолдарымен таныстыруға болады. Сондай-ақ жылу және ылғал сүйгіш күрішті, жылу мен жарық сүйгіш жүгеріні өсірудің технологияларын көрсетуге болады. Мысалы:

- Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарының балаларын егіс далаларына апарып, өсіп тұрған бидайды көрсетумен шектелмей, бидайдан

ұн алу, ауылда үй жағдайында ұннан нан пісіру қалай жүзеге асатынын тәжірибелік жолмен көрсетуге болады.

- оңтүстіктің суармалы жерлерінде: Сырдарияның (Қызылорда облысы), Іле мен Қараталдың (Алматы облысы) аңғарларында өсірілетін күріш егістіктерімен;

- еліміздің шығыс және солтүстік өңірлерінің балаларын ыстыққа төзімсіз, ылғал сүйгіш өсімдік – сұлы далаларымен;

- батыс және солтүстік аймақтардың оқушыларын құрғақшылыққа төзімді тары егістіктерімен;

- шығыс аймақтың жеткіншектерін жылуды көп қажет етпейтін күздік бидай далаларымен таныстыруды жоспарлау ұсынылады.

Күздің басында бағалы талшық, тұқымынан май алынатын «ақ алтын» – мақта жинау науқаны басталады. Түркістан облысы және Шымкент қаласының балаларын бұл процеске қатыстыру мүмкіндіктерін қарастыруды ұсынамыз.

Еліміздегі қант алынатын шикізат – қант қызылшасы жылуды, ылғалдылықты, құнарлы топырақты және көп еңбекті қажет ететін дақыл. Ол алматы және Жамбыл облыстарында өсіріледі.

Азық-түлік те, мал азығы да, техникалық дақыл да боп саналатын – картоп еліміздің барлық дерлік аймақтарында өсетіндіктен, білім алушыларды жаз кезінде бұл өсімдікті күтуге (арам шөп жұлу, суару), күзде өнімін жинауға қатыстыруға болады.

Күздің молшылығын, еліміздің байлығы ауыл шаруашылығымен тікелей байланысты, осы орайда Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы «әл-Фараби» мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі Темірболатова Гүлнар Салаутовнаның өткізген «Нан – тамақтың атасы» атты сыныптан тыс іс-шарасын ұсынамыз.

Мұғалімнің кіріспе сөзі

Біздің күнделікті жеп отырған нанмыздың тарихы өте ерте заманнан басталады. Осыдан мыңдаған жылдар бұрын алғашқы адамдар тұқымдар жинап және олардан астық дақылдарын өсіруді үйренген, бірақ ол дақылдар қазіргі кездегілерден өзгеше болған. Адамдар жерге тасталған дәндердің мол болып өсіп шығатынын байқаған. Алғашқы адамдар шикі дәндерді азық қылған, соңынан дәндерді таспен немесе екі тастың арасына салып үгіткенде олардың ұнтаққа айналатынын байқаған, ұнтақты қайнаған суға салса ботқа болып пісетінін көрген. Дәндерді үгітетін тастар ең алғашқы диірмен болып саналады. Ал оларды үйкелеудің нәтижесінде алынған жарма алғашқы ұн болды. Сұйық ботқаға ұқсаған бірінші нан осылайша пайда болды. Кейінірек адамдар үстел мәзірін жасауды үйренді, олар үстелге кеберсіген нан үзімдерін қоятын болды, бұл нан тілімдері тәрелкенің орнына қолданылды. Кепкен нан ылғалды тартып алатындықтар, нан-тәрелкелер тамақтың соңында желінетін немесе басқа адамдарға азық-түлік ретінде берілетін болған.

Адамдар нанды өте құрметтейді. Біз әр күнді нанмен қарсы аламыз. Қарапайым таңғы ас болсын, той-думанға жайылған дастарқан болсын нансыз өтпейді.

- Балалар, бүгін таңертең сендер тамақ іштіндер ме? Әрине, таңғы асқа сендер нан жедіндер. Ал, біздің дастарқанымызға нанның қайдан келетіні туралы ойланып көрейікші. Ол үшін бізге таныс «Бауырсақ» ертегісін есімізге түсірейік. Біз өз өмірімізде сол бауырсақпен кездесіп жүреміз. Қайда кездесеміз?

- «Бауырсақ» дегеніміз не? (нан).

- «Бауырсақ» пен нанның арасында қандай ұқсастық бар екені туралы ойланып айтыңдаршы. (екеуі де қамырдан жасалған).

- Шынында да, нан да ертегідегі «Бауырсақ» сияқты саяхатшы. Нан біздің дастарқанымызға түскенге дейін көп жол жүруі тиіс. Бүгін біз: Нанды неліктен саяхатшы деп атайды? Нан қайдан келді? Оны кім жасайды? Нанның неше түрі бар? және басқа да сұрақтарға жауап береміз.

(Сыныпты 2-3 командаға бөліп алу керек).

I бөлім. *Сұрақтар* (командаларға сұрақтар кезекпен қойылады, бір жауап қана қабылданады, бір дұрыс жауап - 1 ұпай беріледі, жауап дұрыс болмаса сұрақ келесі командаға ауысады).

Далада үй өсіп шықты,

Үй дәндерге толы,

Қабырғалары алтынданған,

Қақпалары жабылған.

Жаңа үй алтын тұғырда тұр (бидай масағы).

Бек тұрған,

Белін буып,

Тек тұрған (бау бидай).

Нанның дүниеге келетін жері (егіс даласында).

Бидайды ұнға айналдыратын жер (диірмен, ұн тарту зауыты).

Ұн нанға айналатын жер (наубайхана, нан зауыты).

Біздің дастарханымызға нан қайдан келеді? (дүкеннен).

Наубайханадан нанды дүкенге немен жеткізеді? (нан таситын машинамен).

Ұнды бір қаладан екінші қалаға немен тасиды? (машинамен, поездбен).

Егін оратын ауыл шаруашылық машинасы қалай аталады? (комбайн).

Комбайннан бидай қайда түседі? (жүк таситын машинаға).

Егіс далатын жыртытын ауыл шаруашылық машинасы (трактор).

II бөлім. *Рет-ретімен* (командаларға іс-әрекеттерді ретімен қойып шығуға арналған текше карталар беріледі. Суреттердегі іс-әрекеттерге байланысты сөйлемдер құрастыру. Тапсырманы бірінші орындаған команда – 5 ұпай, екінші орындаған – 4 ұпай т.с.с.).

Мысалы: жер жырту – тұқым себу – егінді күтіп-баптау – егін орағы. Бидайды диірменде ұнтақтау – қамыр илеу – нан пісіру.

Көктемде қар ерігеннен кейін тракторшы егіс даласын жыртады және тұқым себеді. Күннің көзі жерді жылытты, жаңбыр жауды, бидайдың масағы жер бетіне шықты. Күздікүні егін піседі. Бидай да пісіп жетілді. Арнайы ауыл шаруашылығы машинасы – комбайнда комбайншы келіп бидай масақтарын орды. Жиналған масақтарды жүк машинасына салды. Машиналар мен поездар

бидайды ұн тартатын зауыттарға тасыды. Онда диірменші бидайдан ұн тартты. Наубайханашылар ұннан қамыр илеп, нан пісірді. Жүргізушілер нан таситын машиналармен нанды дүкендерге тасыды, ал дүкенші нанды сатты.

III бөлім. *Мамандықтар* (командалар 3 минуттың ішінде қағазға егін шаруашылығымен, нан дайындаумен байланысты мамандықтардың атауларын жазады. Әр мамандық (агроном, комбайншы, диірменші, тракторшы, наубайханашы, дүкенші) үшін 1 ұпай беріледі).

IV бөлім. *Мақалды жалғастыр*

- Жер тоймай, ... (Ел тоймайды).
- Арпа, бидай – ... (Ас екен).
Алтын, күміс – (Тас екен).
- Жемісті ағаштың басы ... (төмен).
- Берген алар, екен ... (орар).
- Шегірткеден қорыққан ... (егін екпес).
- Не ексең, ... (соны орарсың).
- Мәуелі ағаш – ... (майысқақ).
- Егін ырыс таңдамайды, ... таңдайды (еңбек).
- Ақ қар көп болса - ... (ақнан көп).
- Масақтың - ... (дәні тәтті).

V бөлім. *«Мен – зерттеушімін»*. Сабақты қорытындылау мақсатында білім алушыларға шағын жобалық жұмыс орындауды ұсыну.

Нанның түрлерін әзірлеуге арналған азық-түліктерден қажеттісін таңдап алып, нанның бір түрін әзірлеу (азық-түлік атаулары жазылған қағаздарды қолдану арқылы) және неліктен ол заттарды алғандарын түсіндіру.

- Бауырсақ әзірлеу.
- Тәтті тоқаш әзірлеу.
- Самса әзірлеу.

Әр топ өздері таңдаған нан түрін әзірлеу үшін қажетті азық-түлік аты жазылған қағаздарды алады. Мысалы: «Бауырсақ» тобы.

Қажетті заттар: ұн, сүт, су, тұз, жұмыртқа, ашытқы және сұйық май.

Бауырсақ қамырын әзірлеу жолын түсіндіреді, не себепті тұз қосылатынын, су немесе сүттің не үшін қажет екенін түсіндірулері тиіс.

VI бөлім. *Қорытынды бөлім*. Сабақтың соңында күз, егін туралы өлең оқу, ән салу.

«Ауыл кеші қызықты» іс-шараларын ұйымдастыру

Алтыбақан – қазақтың ұлттық ойыны. Жаздың тымық кешінде, айлы түнде, ауыл сыртында ойналады. Қыз бен жігіт қарама-қарсы орналасып, бел арқанның екі жақтауынан бекем ұстап, үшінші адамның демеуімен тербетіледі. Тербелушілер қосылып ән бастайды да оған тамашалаушылар қосылып, думандатып әкетеді [30].

Сақина тастау – бұл ойын жаздыкүні көгалды жерде, салқын кезде үлкен залда өткізіледі. Ойыншылардың саны 20-25 адамға дейін болады. Олар көгалды жерді қоршалана бір аяғын астына басып, енді бір аяғымен тізерлеп тұруға ыңғайланыш отырысады. Ойыншылардың аралары тым жақын болмауы керек.

Ойыншылар екі алақанын беттестіріп, қусырыңқырап, қолдарын алға соза отырады. Шеңбердің ортасына шыққан адам екі алақанын беттестіріп ойыншылардың алақандарының арасына сұғады. Ол бір шеттен бастап, басқаларға білдірместен отырған ойыншылардың біреуінің қолына сақина немесе сақина орнына алынған затты салып кетеді. Тегіс айналып өткен соң ортаға шығып, «Сақинам кімде?» деп дауыстап сұрайды. Сол уақытта қолында сақина қалған ойыншы жан-жағында отырғандарға білдірместен орнынан атып тұруы керек. Ал оның оң жағындағы ойыншының міндеті қасынан атып тұрған ойыншыны орнында ұстап қалу болып табылады.

Егер ұстап қалса, орнынан тұрушы жаза тартады. Көпшіліктің ұйғаруы бойынша ән, би, күй немес басқа бір білетін өнерін орындап береді. Берілген «жазаны» орындағаннан кейін ол алғашқы ойын бастаған адамның орнына тұрып, ойынды қайта жүргізеді. Ал егер ол ұстатпастан тұрып кетсе, онда ұстай алмай қалған ойыншы жоғарыдағыдай жазаға бұйырылады [38].

«Соқыр теке» – ұлттық ойын. Ойындыүйде де, далада да ұйымдастыруға болады. ойыншылар шеңбер құрып, дөңгелене тұрады, ортада көзі байланған бір ойыншы қалады. Ол – соқыр теке. Қалған ойыншылар соқыр текені қолымен түртіп қойып, одан айнала қашып жүреді. Ал соқыр теке сол түрткен адамды ұстап алып, тануы тиісті. Егер ол ұстаған кісіні таныса, оның көзін байлап, соңы соқыр теке жасайды. Өйтпеген жағдайда соқыр теке ойыны ары қарай жалғаса береді [38].

«Жаяу көкпар» – ұлттық ойын. Бұл ойын жазды күні, кең жазықта ойналады. Ойын өтетін жердің ұзындығы 50-60 метр, көлденеңі 25-30 метрден кем болмайды. Сол жазық алаңның бір шетіне шағын дөңгелек шеңбер сызылады да, ішіне құм түйілген ақ шүберек қойылады. Алаңның екінші шетінен де сондай сызық сызылып оны көмбе деп белгілейді. Ортадан сызық сызылады. Ойынға қатынасушылар екі топқа бөлінеді де сол ортадағы сызықта сан құрып тұрады. Ойынды жүргізу үшін екі топқа ортақ бір басқарушы тағайындалады. Орамал жатқан және көмбе етіп белгіленген жерде екі ойыншы бақылаушы болып тұрады. Басқарушының берген белгісі бойынша ойын басталады. Әр топтың ойыншысы құм түйілген шүберекке бұрын жетіп, оны көмбеге жеткізуге тырысады. Топтың қалған ойыншылары оған көмекке келеді. Ал қарсы топ, одан шүберекті алып, өздері апаруға тырысады. Қызу тартыс басталады. Ойынға қатысушылар айла-амал қолданып, алаңның ішінде бұлтартып қаша жүріп, өз тобының көмбеге бұрын әкелуін қарастырады. Бірақ белгіленген межелі жерден шығуға болмайды. Көмбеге белгіленген мерзімде жеткізген ойыншы ұпайды көбірек алады, Ойынға допты да пайдалануға болады.

Ойын жастардың дене күшін, жүгіру қабілетін жетілдіріп, денелерін шыңдап, денсаулықтарын жақсартып түседі [38].

Асық ойындары – қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі. Қазақ халқының ұлттық ойындарының көбі табиғи заттармен ойнауға негізделген. Шаруашылығы мал шаруашылығына негізделгендіктен қазақ халқының ұлт ойындары да осыған икемделеді. Әсіресе, қойды көп өсіргендіктен, балалар ойынының көбі қой асығымен байланысты болып келеді. Сондықтан асық

ойындары ұлт ойындарының ішіндегі ертеден келе жатқан көнелерінің бірі болып табылады. Асық ойыны баланың жастайынан жүйке жүйелерін шыңдап, оларды дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылыққа тәрбиелейді.

Асық ойындарының түрлері: алшы ойыны, омп, асықты тігіп ойнау, тас қала, хан, хан талапай, құмар.

Үй жануарларының жасына байланысты асықтардың атаулары мен жақтарының немесе түсуіне байланысты атаулары келесі кестеде берілген (4-кесте).

4-кесте – Асықтардың атаулары және түсуіне байланысты атаулары

Атауы	Сипаттамасы
Сақа	Асықтың үлкен әрі шымыр түрі. Ол серкенің немесе қошқардың жілігіндегі асық
Кеней	Көпшілік ойнауға арналған қарапайым асықтар
Шүкейт	Жас малдың асығы
Қойлық	Қойдың асығы
Ешкімек	Ешкінің асығы
Құлжа	Құлжа асығы
Көктабан	Қорғасын құйылған салмақты сақа асық
Топай	Сиырдың асығы
Жабай	Ірі асықты атайды
Түсуіне байланысты атаулары	
Алшы	Асықтың тәйкеге қарама-қарсы жағы, яғни алшы түсуі
Тәйке	Асықтың алшыға қарама-қарсы жағы
Бүге	Асықтың дөңес жағының жоғары қарап түсуі
Шіге	Асықтың қуыс жағының жоғары қарап түсуі
Омпы	Асықтың ашасы немесе мұртша жағының жоғары қарап түсуі немесе тік тұрып қалуы
Шоңқай	Асықтың омпға қарсы жағымен тік түсуі

«Алшы ойынын» ойнаушыларға шек қойылмайды. Ойын басталар алдында, ойын жүргізуші, ойыншылардың сақаларын жинап алып, ойында әркімнің кезегін белгілеу үшін сақаларды иіреді. Иірген кезде кімнің сақасы алшы түссе, сол бірінші, тәйке түссе екінші, бүк түссе үшінші, шік түссе одан кейін асық ататын болады. Атқан кезде сақасы мен асығы бір жақты түссе, атқан асығын алып, әрі қарай ата береді. Енді бірде асық атқан кезде сақасы алшы түсіп, асық кез келген жағында жатса да асықты алады, тағы атады, ал сақа мен асық екеуі екі түрлі түссе, онда алмайды. Ол атуды тоқтатып, кезекті келесі ойыншыға береді. Екінші ойыншы өз кезегінде сақасын иірген кезде тәйке түссе, онда өзінен кейін кезекте тұрған ойыншы көмбеде тұрып оның тәйке түскен сақасын атады, тигізсе, сақа иесі ойыннан шығып қалады, тигізе алмаса, өзі ойыннан шығады. Кезек алу үшін сақаларын иірген кезде бүк, шік түскен ойыншылар өз кезектерімен көнге тігілген асықты ата береді. Осы

ретпен көндегі асықты атып тауысқанға дейін ойнайды да, асықтарын қайта тігіп, ойынды жалғастыра береді.

Ақмола облысы Аршалы ауданы Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Жақсылық Күлшара Әзілханқызының «Асық ату ойыны – ұлттық рухани байлығымыздың асыл қазынасы» атты сыныптан тыс іс-шарасын ұсынамыз.

Кіріспе сөз: Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы қоғамды рухани жаңғыртудың басым идеялары оқушылар арасында кеңінен насихатталуда.

«Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғы шарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адаса бастайды. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» [1] - деп атап айтқандай бастауыш сыныптан бастап оқушылардың бойында ұлттық рухани байлығымыздың – асыл қазыналарының бірі асық ату ойыны арқылы қазіргі күнде жастар санасын улап жатқан түрлі интернет ойындарына қарағанда асық ойындарының жас ұрпақтың дамуы үшін аса пайдалы екендігін насихаттау, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, сақтай білуге үндеу.


Асық ойындарының денсаулық үшін пайдасы көп екендігін дәлелдеу. Еліміз ел болып елдігін алған тұста ұлттық құндылықтарымызбен де қайта қауыша бастадық. Солардың бірі – ұлттық ойындарымыз десек қателеспейміз.

Асық ойыны – балаларды нысананы дәл көздеуге, батылдыққа, ептілікке, қайсарлыққа, төзімділікке үйретеді. Қол, саусақ, аяқ буындарының дамуына ықпалы зор. Денсаулыққа зиянын тигізетін компьютерден гөрі қимыл-қозғалысы көп, таза ауада ойналатын асық ойыны балалар үшін өте пайдалы.

Тақырыбы	«Асық ату ойыны – ұлттық рухани байлығымыздың асыл қазынасы»	
Мақсаты	1. Ұлттық ойын арқылы «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» - деген мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының маңызын жете түсіну	
	2. Халық ойыны арқылы балаға көркемдік эстетикалық тәрбие беру. Рухани байлығын арттыру. Туған елдің мәдениетіне деген қызығушылық, сүйіспеншілік, сыйласымдық сезімдерін қалыптастыру	
	3. Ұлттық салт-дәстүрлерімізді кең түрде насихаттау	
Барлық оқушылар істей алады		Жаңа білімді меңгереді

Оқушылардың көпшілігі істей алады		Тақырыпты түсініп, тыңдап, жетекші сұрақтар арқылы талқылайды
Кейбір оқушылар істей алады		Асық ойыны ұлттық спорт ойыны екенін біледі және зерттеу жүргізе алады
Негізгі ұғым		Жауапкершілік сезімін ояту. Сыныптастарына түсінікпен қарау
Сыныптағы диалог үшін пайдалы тілдік бірліктер		Мәтінмен жұмыс, бейнежазбаға диалог құру, тақырыпты сурет арқылы сөйлету, өлең шумақ арнау
Талқылауға арналған сұрақтар		Алшы тұрған асыққа не үшін қуанады?
Сіз неліктен... екенін айта аласыз ба?		Асықтың жатысына қарай атауларын айта аласың ба?
Тыңдалым мен оқылым бойынша ұсыныстар		Асықпен ойналатын ойынды ұйымдастырып ойната ала ма?
Жетістік критерийлері		Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады. Нақты сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсете алады
Құндылықтарды дарыту		Ұлтымыздың құндылықтарын қастерлеуге баулу, қазақ халқының брендтерін сақтап әлемдік деңгейдегі спорттық ойындар қатарына қостыруға ой туғызу
Жұмыс кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеттері	Оқушының іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі 1. Психологиялық сәт. 2. Мақсаты: Жағымды ахуал қалыптастыру 2 минут	«Көңіл күйлеріңіз қалай? - Керемет! - Сабаққа дайындықтарыңыз қалай? - Тамаша! - Ынталарыңыз ше? - Ғажап! - Ендеше сабағымызды бастайық. Ұранымыз: Рухани жаңғыру – ұлт саулығының жаңғыруы . Рухани жаңғыру дегеніміз не? Деніміз сау болу үшін не істеуіміз қажет? Қандай спорттық ойын түрлерін білесіңдер?	Бір-біріне тілек айтады Сұрақтарға жауап береді. Ұлттық санамыздың, денсаулығымыздың нығаюы. Ойын түрлерін атайды
Жаңа мәліметпен танысу Бейнежазба: «Асықтан жасалған ат»	«Еуразия» ат мүсіні – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойына тарту ретінде асықтан жасалған аттың мүсіні. Мүсін авторлары – Нұрлан Әділхан,	Бейнежазбаны тамашалау. Жаңа мағлұматпен таныс болады.

7 минут 	Нұрлан Әбішев, дизайн және жүзеге асырған – Нұрлан Әбішев, көмекші – Қуаныш Матенов. Идеяны құптап, қолға алған Нұрлан Әбішев, ақалтеке тұқымдас тұлпардың келісті келбетін асықтан жасап шығарды. Бұл туынды Алматы қаласындағы «Мега», «Прайм» сынды заманауи ойынсауық кешендерінде қойылды. «Еуразия» ат мүсінінің ұзындығы 2 м 75 см, ені 58 см, биіктігі 1 м 95 см, жалпы салмағы 260 кг-ды құрайды. Ат мүсінін жасау үшін Қазақстанның түкпір-түкпірінен 9 мыңға жуық асық жиналған. Мүсінді жасау барысында ондағы асықтардың барлығының алшысынан түсуіне көңіл аударылған	 Асы_тан жасал_ан ат.mp4
Миға шабуыл. 5 минут	- Жылқы мүсіні неден жасалған? - Асық деген не? Оның қандай түрлері болады? - Асықпен ойналатын қандай ұлттық ойындарды білесіңдер? - Асықты жатысына қарай қалай атайды? <i>Алшы</i> – асықтың иірілгенде тегіс табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ойын кезінде оған бірінші дәрежелі мән беріледі. Ойын кезінде оған аса мән беріледі. <u>Ол - бірінші дәрежелі асық.</u> <i>Тәйке</i> – асықтың иірілгенде табаны үстіне қарап, тұрық түсуі. <u>Ол – екінші дәрежелі асық.</u> <i>Бүге</i> – асықтың иірілгенде дөңес жоны үстіне қарап, етпетінен жатық түсуі. <u>Ол үшінші дәрежелі мәнге ие.</u> <i>Шіге</i> – асықтың иірілгенде шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап, шалқасынан жатық түсуі. <u>Ол төртінші дәрежелі мәнге ие.</u> <i>Тұрық</i> – асықтың алшы не тәйке түсуі.	Оқушылар асықтың түрлері туралы білгендерімен бөліседі. Асықтың жатысына қарай аталуын айтады.  - алшы  - тәйке  -бүк  - шік

	<i>Омпы</i> – асықтың тұмсығымен жер тіреп, тік шаншылып түсуі. <i>Табан</i> – асықтың тәйке жағы. <i>Оңқай</i> – асықтың бүгесі алақанға қарап, тәйкесі оң қол бас бармағына басылып ыңғайлы ұсталуы. Оңқай асық малдың сол жақ аяғының тілерсегінде болады. <i>Солақай</i> – асықтың шігесі сыртқа қарап, алшысы оң қол бас бармағына басылып ыңғайлы ұсталуы. Солақай асық малдың оң жақ аяғының тілерсегінде болады. <i>Сақа</i> – қолдағы бар асықтың үлкенінен, ірісінен, салмақтысынан, оңқайынан белгіленеді. Сақа деп арқардың асығын атайды. <i>Құлжа</i> – арқардың аталығының асығы <i>Жабайт</i> – еліктің асығы. <i>Шүкімай</i> – қозы мен лақтың асығы.	
«Бірге ойнайық» 12 минут 	<u>«Бес асық» ойыны</u> Асық ойыны арқылы қыздар саусақтарына, қолына жаттығу жасайды. Шеберлікке, икемділікке, ұқыптылық пен ойлылыққа үйренеді. Ойын шарты: 1. Ойынға 2-3-4 қыз бала қатыса алады. 2. Сақаларын жеребе етіп, сақасы алшы түскені бастайды. 3. Ұпай саны қағып алған асықтың санымен есептеледі. Оннан жүзге дейін болуы мүмкін. 4. Айыпты өздері келісіп, алдын-ала белгілейді. Ән айту, би билеу, жұмбақ, жаңылтпаш айту т.б. Асық ойыны балаларды дәлдікке, намысқойлыққа, сөзінде тұруға, берген уәдені орындауға, ерлікке тәрбиелейді.	Ойын ережесіне сәйкес қыздар «Бес асық» ойынына қатысады. Ойын тәртібін сақтайды. Айыптарын өтейді. Ойын ережесін түсіне отырып ойынға қатысады.
	<u>«Хан талапай».</u> Ойынға 5-10 бала қатыса береді. Көп асықтың ішінде біреуін қызылға бояйды. Сол асық «хан» болады. Ойынды бастайтын бала	

	санамақ арқылы анықталады. Ол асықтың бәрін қос уысына жинап алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Балалар «ханның» қалай түскенін бақылап отырады. Егер «хан» бүк, шік не тәйке түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере ыршытып бір-біріне дәл тигізуі қажет. Тигізген асықтарды ол өзіне алады. «Ханды» жатысы «хандікіндей» ең соңғы асықпен ғана атып алады. Сондықтан асықтарды атқан кезде есепке, дәлдікке, мергендікке жүгінуге тура келеді. Ойын бастаушы баланың қолы басқа асыққа тисе, не асығы басқа асықтарға тисе ойынды келесі бала жүргізеді. Ал «хан» алшы түссе, балалар жарыса «хан талапай» деп шулап, «ханды» қолға түсіруге тырысады. «Хан» кімнің қолына түссе, сол бала жеңіске жеткен болып, сол бала ойынды бастайды.							
Топтық жұмыс (әр топ постерге өз ой-пікірлерін жазып, қорғайды) 3 минут	Асық ойындарының артықшылығы неде, зияны болса қандай? <table border="1"> <tr> <td>Артық шылығы</td><td>Зияны</td><td>Ойын туралы ұсыныстарың қандай?</td></tr> <tr> <td>1-топ</td><td>2-топ</td><td>3-топ</td></tr> </table>	Артық шылығы	Зияны	Ойын туралы ұсыныстарың қандай?	1-топ	2-топ	3-топ	Әр топ асық ойындарының пайдасы мен зияны жайлы пікірлерін білдіреді
Артық шылығы	Зияны	Ойын туралы ұсыныстарың қандай?						
1-топ	2-топ	3-топ						
Қосымша ақпарат	Асықтың түрлері мен атаулары Асық – төрт түлік малдың тілерсегінде болатын, қызметі аса күрделі, буынға біткен шымыр сүйек. Қой, ешкі, сиыр, түйе асығы үлкен-кішілігіне қарамастан бір пішіндес, мүсіндес келеді. Ал жылқы асығы басқа пішінде болады Асықпен ойналатын қандай ұлттық ойындарды білесіңдер?	Асықтың түрлері туралы қосымша ақпарат алады.						
Бейнежазба: «Асық –бабалар мұрасы» 7 минут		Бейнежазбадан асық ойындары туралы мағлұмат алады.						
Рефлексия 2 минут	Бүгінгі сынып сағатынан	Оқушылар кестені толтырады						

	Не білдім?	Не үйрендім?	Не білгім келеді?	
Кері байланыс «Бес саусақ» әдісімен 2 минут 	1. Бас бармақ – басты мәселе. Бүгінгі сынып сағатында ең құнды мәселе қандай болды? 2. Балалы үйрек – бірлесу. Мен топта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім? Кімге риза болдым? 3. Ортан терек – ойлау. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым? 4. Шылдыр шүмек – шынайылық. Бүгінгі сынып сағаты маған ұнады ма? Неліктен? 5. Кішкентай бөбек – көңіл-күй ахуалы. Мен өзімді жұмыс барысында қалай сезіндім?	Сұрақтарға жауап бере отырып,өзінің бүгінгі көңіл-күйін білдіреді		

«Тәрбие және білім» ішкі бағдарламасының «Айналаға қара» жобасын жүзеге асыру аясында «Бір апта қалада» іс-шарасы бойынша ауыл балаларын қала өмірімен таныстыру жүргізіледі. Жұмыстың бұл түрінің мақсаты – қаланың әлеуметтік-экономикалық, өндірістік, білім, мәдениет және спорт қызметімен таныстырумен қатар және оларды дамыту туралы білім алушылардың түсінігіне кеңейту болып табылады.

Міндеттері:

- білім алушылардың рухани-адамгершілік, патриоттық, эстетикалық бағытта тәрбиелеу;
- қоршаған орта, мәдени мұра нысандарына жауапкершілікпен қарау аспектілерін қалыптастыру;
- қаланың білім ұйымдарымен (техникалық және кәсіби білім беретін арнайы және жоғары оқу орындарымен) таныстыру арқылы болашақ мамандықтарын таңдауға ықпал ету;
- ірі өндірістік нысандардың қызметімен арқылы мамандықтардың түрлерімен таныстыру;
- аймақтың тарихи-мәдени мұра нысандарымен (музей, көрме залдары) таныстыру;
- қала мен ауыл арасындағы берік байланысты орнату.

Қаладағы күнді білім алушыларды жолда жүру ережелерін қайталаудан, яғни мектепте алған білімдерін тәжірибемен ұштастырудан бастау қажет.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің музейде болу ережелерімен таныстыру.

Музейде болу талаптары:

- Музей қызметкерлерінің нұсқаулықтарын орындау.
- Сыртқы киімдерін киім ілетін орынға ілу.

- Қол жүгін салуға арналған ұяшықтарға немесе киім ілетін орындарға (сөмкелер, жолдорбалар, қолшатырлар) тапсыру қажет. Ауқымды қол жүгімен музей аумағына өтуге тыйым салынады.

- Музейге «КІРУ» есігі арқылы кіріп, кешеннен «ШЫҒУ» есігі арқылы ғана шығуды жүзеге асыру.

- Көрме кешеніне келуге құқық беретін билетті бақылау пунктінде көрсетіп, турникет арқылы өту қажет.

- Макеттер мен витриналарды қолмен ұстауға, олардың үстіне кез келген затты қоюға; болмайды.

- Макет астындағы кеңістікке кіруге;

- Қоршау арқандарының арғы жағына өтуге, турникеттің, сүйеніштің, қоршаудың үстіне отыруға;

- Музей нысандарына және жабдықтарына залал келтіруге;

- Музейдің ішінде дауыстап сөйлеуге немесе өздерімен әкелген түрлі құрылғылардың дауысын қатты шығарып музыка тыңдауға болмайды.

Музейдің түрлері:

- тарихи музейлер (жалпы тарих, археологиялық, антропологиялық, этнографиялық т.б.);

- көркемөнер мұражайы (көркемөнер, мүсін, қолөнер, қолданбалы өнер, театр, кино т.б.);

- «жаратылыстану мұражайы» (биологиялық, зоологиялық, геологиялық, минералдық, палеонтологиялық т.б.);

- техникалық мұражайлар (авиация, автокөлік, так-у-кен ісі, өнеркәсіп, өндіріс өнімдері т.б.);

- «кешенді мұражай» (тарих, шаруашылық, жаратылыстану, т.б. бағыттарды біріктіріп, жұмыс істейтін кең профильді өлкетану мұражайы);

- мемориалдық мұражай (мемлекетке, өнерге, әдебиетке ғылымға еңбегі сіңген белгілі адамдардың жеке өнері мен қызметіне арналған мұражай) [39].

Музейлердің қызметімен алдын ала танысып алу қажет. Осыған байланысты Қазақстанның аймақтарындағы мұражайлардың қызмет бағыттары, өлкедегі ескерткіштер туралы ақпарат ұсынамыз (5-кесте).

5-кесте – Қазақстан аймақтарының музейлері мен ескерткіштері

№	Аймақ	Аймақтағы музейлер
1	Астана қаласы	- «Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешені»; - «Бейбітшілік және Келісім сарайы»; - «Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалдық-мұражай кешені»; - «Сәкен Сейфуллин мұражайы» [39]. «Сәкен Сейфуллин мұражайы» екі ғимаратта, біріншісі – көпес Казанцевтің әкімшілік үйі, Кеңес Одағы тұсында түрлі кеңселер, 1920 жылы С.Сейфуллин

		қызмет атқарған және екіншісі – дәрігер Благовещенскийдің үйі, соңынан бухгалтерлік мектеп болған ғимаратта орналасқан. Мұражайда жеті: - Мәжіліс залы; - Сәкеннің жатын бөлмесі; - Сәкеннің қоғамдық қызметіне арналған зал; - Сәкеннің педагогикалық қызметіне арналған зал; - «Ер есімі – ел есінде» залы; - Сәкен Сейфуллиннің жұмыс кабинеті залдарынан тұрады [40]. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің залдары: - «Астана» залы; - «Тәуелсіз Қазақстан»залы; - «Алтын» залы; - «Ежелгі және орта ғасыр тарихы» залы; - «Тарих» залы; - «Этнография» залы; - «Қазіргі заманғы өнер» залы. Ұлттық қазынаны зерделеу жөніндегі музей құрылымы ғылыми-зерттеу институтынан тұрады. Сондай-ақ балалар музейіне, балалар шығармашылығы орталығына, екі көрме залына, қалпына келтіру шеберханасына, зертханаларға, кәсіби қор сақтауға, оқу залы бар ғылыми кітапханаға, мәжіліс залы мен кәдесый дүңгіршектеріне арналған үй-жайлар көзделген [36].
2	Алматы қаласы	Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұражайы; Мемлекеттік Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайы; Алматы қаласының тарихи мұражайы; Саяси қуғын-сүргін тарихи мұражайы; Қазақстан Республикасы академиясының геология мұражайы; Қазақстан Республикасы Геология мұражайы; Қазақ ұлттық медицина мұражайы; Спорт және олимпиада даңқы мұражайы; Республикалық кітап мұражайы; М.Әуезов музей-йі; Дінмұхамед Қонаевтың музей-үйі; Ахмет және Ғазиза Жұбановалардың мұрасын зерттейтін орталық; Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтың мемлекеттік әдеби-мемориалдық мұражай кешені; Археология мұражайы;

		Ұйғыр мәдениетінің жеке мұражайы; Ж. Шарденов атындағы Ұмай өнер мұражайы; М. Әуезов атындағы академиялық театрдың мұражайы; Абай мұражайы; Алматы теміржол мұражайы; Ғылым ордасы: Табиғат мұражайы; Ғылым ордасы: Сирек кездесетін кітаптар мұражайы; Ғылым ордасы: Қазақстан ғылымының тарихы мұражайы [41]; Ықылас атындағы республикалық ұлттық аспаптар мұражайының ғимараты 1908 жылы салынған. Мұражайда 1000-нан астам мәдени құндылықтар сақтаулы. Солардың 50-ден астам түрлері музыкалық аспаптар. Бұл коллекциядағы атақы композиторлардың, күйші-әнші шеберлердің саз аспаптары қаншама... Тіпті XVII ғасырдың көне музыкалық саз аспаптары әлі күнге дейін сақтаулы
3	Ақмола облысы	Ақмола облысы мәдениет басқармасына қарасты мұражайлар тізімі: - «Көкшетау қаласының тарихи музейі»; - «Мәлік Ғабдуллин музейі»; - «Әдебиет және өнер музейі»; - «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану орталығы»; - «Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейі». Музей қорында 80 мыңнан артық жәдігер сақталған. Музейде: • Абылай хан залы; • Ежелгі тарих және ортағасыр; • XIX ғасырдағы Ақмола өлкесінің тарихы; • XX ғасырдағы Ақмола өлкесінің тарихы; • Заманауи Қазақстан тарих залы «Елбасы және Тәуелсіздік»; • Табиғатқа көзқарас экспозициялық залдары жұмыс істейді [32]. Мәлік Ғабдуллин музейі: - «Ауылым – алтын бесігім»; - «батырдың ержетіп, азамат ретінде қалыптасқан кезі»; - «1941-1945 жылдарғы Ұлы Отан соғысы»; - «Мәлік Ғабдуллиннің жұмыс кабинеті» экспозициялық залдарын тұрады [42]. Облыстық тарихи-өлкетану музейінің құрамына 7 аудандық филиал кіреді: 1. Атбасар тарихи-өлкетану музейі.

		2. I. Есенберлин әдеби музейі. 3. Маринов тарихи-өлкетану музейі. 4. Ерейментау тарихи-өлкетану музейі. 5. Степногор тарихи-өлкетану музейі. 6. Щучье тарихи-өлкетану музейі. 7. Бурабай кентінің тарихимузейі. Көкшетау қаласындағы ескерткіштер: - Абылай хан ескерткіші; - Азамат соғысына қатысушыларға арналған ескерткіш (1918-1921); - Ауғанстанда қайтыс болған жауынгерлерге арналған ескерткіш; - Мәлік Ғабдуллин ескерткіші; - Абылай хан мемориалдық-экспозициялық кешені (Бурабай ауылында)
4	Алматы облысы	«М.Тынышбаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану мұражайы». Мұхамеджан Тынышпаев – алаштың ірі қоғам қайраткері, тарихшы, ағартушы ғалым, қазақтан шыққан тұңғыш темір жол инженері. Мұражай қорында 25 мыңнан астам бірлік жиналған және сақталған. XVIII ғасырда өмір сүрген Балпық бидің дулығасы, сирек кездесетін оюлары бар былғары торсық, Максим жүйесіндегі пулемет, ҚазССР халық артисі Мұқан Төлебаевтың сыйға берген күйсандығы, белгілі жазушы Әнуар Әлімжановтың сыйға берген өз қолтаңбасы бар «Ұстаздың оралуы» романының қолжазбасы және басқалары. «Жетісудың табиғаты» залы – Жетісу табиғатына арналған. Бір күннің ішінде шөл даладан бастап, қары мәңгі ерімейтін түрлі ландшафты аймақтармен; «Жетісудың көне және ортағасырлық тарихы» залында Есік қорғанынан табылған «Алтын адамның» мүсінің көшірмесін, ортағасырлық қала мәдениетінің, көне қалалар ошақтарының диорамасын; «Қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысы» залында дәстүрлі қолөнер бұйымдары, сүйекпен безендірілген ағаш төсек, көне сырмақтар, түскиіздер, теріден, ағаштан дайындалған ыдыстар, ұлттық киімдер, зергерлік әшекейлер, т. б. халық шеберлерінің қолынан шыққан құнды тамашалуға болады. «Жетісу патшалық Ресей кезеңінде», «Жетісу Кеңес дәуірі кезеңінде» бөлімдерінде Мұхамеджан Тынышпаевтың өмірі мен қызметі туралы

		экспозициялық кешен орналасқан. «Тәуелсіз Қазақстан» және «Өлкенің соғыстан кейінгі жылдардағы даму кезеңі» атты бөлімдер бар [43]. Жамбыл ауданы Жамбыл ауылында орналасқан тарихи және мәдени мекеме – Жамбыл Жабаев мұражайы; Кеген ауылындағы көне сәулет ескерткіші, тарихи тұлға – Жандосов Ораз музейі; Ілияс Жансүгіров атындағы облыстық әдебиет музейі; «Көркемөнер галереясы»; «Ұста Дәркембай атындағы қолөнер музейі»; «Жауынгерлік Даңқ мұражайы»; Панфилов ауданында «Әбілхан Қастеевтің көркемсурет галереясы»; Алакөл ауданындағы Қабанбай батыр тарихи-этнографиялық мұражайы; Райымбек ауданы Қарасаз ауылында орналасқан Мұқағали Мақатаевтың әдеби-мемориалдық музейі.
5	Ақтөбе облысы	Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованың облыстық мемориалдық музейі; Ақтөбе облыстық өнер музейі; «Руханият» Ақтөбе облыстық музейі; «Қобыланды» мемориалдық кешен; Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі халқымыздың рухани асыл қазыналарын жинақтап, өлкенің өткені мен бүгінін жалғап отырған ғылыми зерттеу, мәдени-ағарту, насихаттау жөніндегі ірі мәдени ошақтың бірі. Музей қорында 100 мыңға жуық экспонат есепке алынған. Олар – минерология, палеонтология, ботаника, археология, тұрмыс пен этнография, қол өнері мен зергерлік бұйымдар, космонавтика, нумизматика, сирек кітаптар, деректі құжаттар, фотоматериалдар коллекциялары. Зергерлік өнердің өлкеге ғана тән қайталанбас өзіндік ерекшеліктері бар 29 туындысы Түркияда Анкара, Стамбул қалаларында өткен көрмелерге қойылған [44]. Әйтеке би аудандық «Халықтар достығы» музейі; Қарабұтақ ауылдық музейі; Байғанин аудандық музейі; Ырғыз аудандық музейі; Қарғалы аудандық тарихи-өлкетану музейі; Мәртек аудандық тарихи-өлкетану музейі; Темір аудандық музейі; Ш. Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі;

		Хромтау аудандық тарихи-өлкетану музейі; Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейі; Мұғалжар аудандық тарихи-өлкетану музейі; Мұғалжар ауданы ағайынды Жұбановтардың мемориалдық музейі [39].
	Атырау облысы	Атырау облыстық тарихи-өлкетану мұражайы; Атырау облыстық мұражай қорығы «Хан Ордалы - Сарайшық»; Шаймардан Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы сәндік өнер музейінің қорында 1669 дана жәдігер сақталған. Жәдігерлер графика жанрында, кенеп, майлы бояу, қолөнер бөлімінде сақталған. Музейдің 9 экспозициялық залдары бар: Ш.Сариев залы, Орталық залы, Сый топтамалар залы, Қолөнер залы, Графика залы, Махамбет залы, Қазақ хандығы залы, Көрме залы, Сарайшық залы [36]. Махамбет тарихи-өлкетану мұражайы; Қызылқоға тарихи-өлкетану мұражайы; Мақат тарихи-өлкетану мұражайы Атырау қаласындағы назар аударарлық жерлер: - Құрманғазы Сағырбайұлы ескерткіші; - Бейбарыс сұлтан ескерткіші; - Хиуаз Доспанова ескерткіші; - Исатай-Махамбет ескерткіші; - Иманғали мешіті; - Успен шіркеуі [45].
	Шығыс Қазақстан облысы	Шығыс Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафтық мұражай-қорығы; Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы; Шығыс Қазақстандық Өнер мұражайы; Невзоровтар отбасы атындағы бейнелеу өнері мұражайы; Ф.М.Достоевскийдің Семейдегі әдеби-мемориалдық мұражайы; Облыстық Семей тарихи-өлкетану мұражайы Зайсан тарихи-өлкетану мұражайы; Риддер тарихи-өлкетану мұражайы; Тарбағатай тарихи-өлкетану мұражайы; Шемонаиха тарихи-өлкетану мұражайы Өскемен қаласындағы ескерткіштер: - Мұса Жәлел ескерткіші; - Бағдат Шаяхметов ескерткіші; - Е.Славский ескерткіші; - Абай Құнанбаев ескерткіші; - А.С.Пушкин ескерткіші;

		- Р.Тагор ескерткіші; - С.М.Киров ескерткіші; - И.П.Лихарев ескерткіші (Өскемен қаласының негізін қалаушыларға мүсіндік композиция); - Я.В.Ушанов ескерткіші; - «Жеңіс» мемориалдық кешені; - С.Аманжолов ескерткіші; - Мүсін «Семсерден соқа соғайық!; - Мүсін «Жұлдыздарға»; - Кеңес өкіметі үшін күрескерлердің бауырластар зираты 1918-1989; - Интернационалист-жауынгерлерге арналған мемориалдық кешен; - В.Н.Потаниннің суреті бейнеленген Үлбі металлургиялық зауытының жұмысшыларына арналған сәндік монумент. Семей қаласындағы ескерткіштері: - Ямышев қақпасы; - Семейдің 250 жылдығына арналған стела; - Бір мұнаралы мешіт; - Екі мұнаралы мешіт; - Тыныбай Кәукенов мешіті; - Воскресенск православие мешіті; - Бұрынғы әйелдер гимназиясының ғимараты; - Ш.Уәлиханов пен Ф.Достоевскийдің жұптық ескерткіші ескерткіші; - Абай ескерткіші; - М.О.Әуезов ескерткіші; - Революция мен азамат соғысының батырларына арналған ескерткіш («ажал вагондары» тұрған жер); - Жауынгер-ауғандықтарға ескерткіш; - Қаурат Рысқұлбеков ескерткіші; - «Өлімнен де күшті» монумент; - Қабанбай батыр ескерткіші; - Шәкәрім ескерткіші; - Әміре Қашаубаев ескерткіші; - Аспалы көпір; - Қайым Мұхамедхановқа арналған ескерткіш; - Бейбітшілік стелласы [46].
	Жамбыл облысы	Облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорында көне дәуірден бүгінгі заманға дейінгі материалдық құндылықтар және халқымыз бен мемлекетіміздің өсіп-өркендеуі, әр кезеңдегі елеулі оқиғаларға қатысты тарихи заттар, еңбек, мәдениет, ғылым, қоғам қайраткерлері мен соғыс ардагерлерінің құжаттары мен

		заттары жинақталған, олардың жалпы саны 40 мыңға таяу. Музейде: - «Көне түркі тас мүсіндері және көне жазулар»; - «Тараз – 2000»; - «Суретші Л.В.Брюммер» көркемсурет залдары бар. Музейде: 1. Археология және этнография; 2. Қазіргі заман тарихы; 3. Қор және көрме залы бөлімдері жұмыс істейді
		- Сарысу аудандық тарихи-өлкетану музейі; - Шу аудандық тарихи-өлкетану музейі; - Бауыржан Момышұлы мемориалдық музейі (Жуалы ауданы); - Меркі аудандық тарихи-өлкетану музейі; - Мойымқұм аудандық Ж.Қуанышбаев атындағы музейі; - Талас аудандық тарихи-өлкетану музейі; - - Қордай аудандық К.Әзірбаев әдеби-мемориалдық музейі; - Ақтөбе қалашығы (ҮІ-ХІІІ ғ.) (Шу ауданында) [42].
		Тараз қаласының ескерткіштері: - Жамбыл Жабаев ескерткіші; - Мұхамед Хайдар Дулати ескерткіші; - Бауыржан Момышұлының ескерткіші; - Шығыс моншасы (Х-ХІІ ғ.); - Бәйдібек батыр ескерткіші
	Батыс Қазақстан облысы	Облыстық тарихи-өлкетану музейінің құрамына: қаланың көне тарихынан мәлімет беретін Е.Пугачевтің музей-үйі; суретші С.Ғұмаров музейі; орыс әдебиетінің классигі А.С.Пушкин музейі; Жәңгір хан атындағы тарихи-этнографиялық музейі; табиғат және экология музейі; С.Датұлы атындағы аудандық тарихи-өлкетану музейі (Сырым ауданы); Мұхит Мералиев атындағы аудандық тарихи-өлкетану музейі (Қаратөбе ауданы); Дина Нұрпейісова атындағы өнер музейі (Жаңақала ауданы); Көктерек ауылдық тарихи-өлкетану музейі (Казталовка ауданы); Ақпәтер ауылдық тарихи-өлкетану музейі (Казталовка

	ауданы); Кеңес Одағының Батыры М.Маметованың музей-үйі; М.Шолохов музей-кешені кіреді [47]. Музей қорында көптеген жәдігерлер жинақталған. Қазақ халқының қол өнер туындылары, тұрмыстық заттар, батырлардың ер-тұрмандары мен сауыт-саймандары, хандардың билік белгісі – асатаяқ, ханша Фатиманың камзолының көшірмесі, Кіші жүз хандарының портреттері бар. Музейде – археология, орта ғасырлық Алтын Орда кезеңінің және Жайық қалашығының пайда болу тарихы, Кіші жүз тарихы, Бөкей хандығының тарихы, Кеңес кезеңінің тарихы, Батыс Қазақстан облысының білім мен ғылым, өнер мен мәдениет салаларының даму тарихы, қазақ халқының этнографиясы, Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің тарихына арналған залдар бар
	Орал қаласындағы ескерткіштер: - бірінші әйелдер гимназиясының ғимараты, қазір Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің география факультеті орналасқан; - бұрынғы Штраус дәріханасы, қазір №1 дәріхана және саз мектебінің ғимараты; - итальян сәулетшісі Дельмединоның үйі; - Д.Фурманов және Б.Қаратаев тоқтаған үй, революцияға дейін «Россия» қонақ үйі болған; - Қызыл мешіт; - бірінші ерлер гимназиясының ғимараты, қазір Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледждің оқу корпусы; - татар демократиялық әдебиетінің негізін қалаушы зиялы отбасы Тухватуллиндердің үйі, қазір Ғ.Тоқай музейі; - революцияға дейін бастауыш Пушкин мектебі және әскери саз мектебі, 1919 жылы Орал қаласын қорғау штабы орналасқан, қазір қоршаған ортаны қорғау басқармасы; - А.Н.Островский атындағы драма театрының ғимараты; - көпес Ванюшиннің үйі, қазір №38 мектеп ғимараты; - облыстық қазақ драма театрының ғимараты; - Абай Құнанбаев ескерткіші және екі фонтан; - XIX ғасырда салынған, патша армиясының полковнигі Завьяловтың үйінің ғимараты;

		- бұрынғы Р.Ф.Функаның әмбебап дүкені, XIX ғ. аяғындағы құрылыс, қазір тіс емдеу емханасы; - Мемлекеттік Банк бөлімшесінің ғимараты (1912 ж.); - ерте кеңес архитектурасы стиліндегі «Орал» қонақүйі [48].
Қарағанды облысы	Облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Кіріспе» залында Қазақстан Республикасында қабылданған заңдар мен қаулылар көрсетілген. Музейде: Жерде тіршіліктің пайда болуы; Табиғат; Археология; Өнеркәсіптік Қазақстан ортағасырлық пен кейінгі ортағасырлық мәдениет және этнография; XX ғасырдың басындағы қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалыс; Облыстың мәдениеті; Қарағанды көмір бассейнінің құрылуы; Қарлақтың тарихы және Ұлы Отан соғысы; Қарағанды облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында; Қарағанды облысы Кеңес дәуірінде; Ғарыш; Тәуелсіздік Қазақстан кезіндегі Қарағанды облысының дамуы; Бабалар бейнелері залдары жұмыс істейді.	- Кеншілер мәдениет сарайы; - Қазыбек би ескерткіші; - Бұқар-Жырау Қалқаманұлы ескерткіші; - Абай Құнанбаев ескерткіші; - Қаныш Сәтбаев ескерткіші; - Евней Бөкетов ескерткіші [49].
Қызылорда облысы	- Айтбай мешіті (1878 ж.) Республикалық маңызы бар архитектуралық ескерткіш; - Теміржол милициясы ғимараты, қазіргі «Ақмешіт» музейі (1905 ж.); - Қаналы әулие мешіті (XIX ғ.); - Қорқыт Ата кітабының 1300 жылдығына арналған ескерткіш; - Құдай Анасы иконасының Әулие-Казаньдық шіркеуі (1855 ж.); - «Сыр-Ана» монументі; - «Сыр сүлейлері» аллеясы; - Жалаңтөс баһадүр ескерткіші; - Бұхарбай батыр Естекбайұлының ескерткіші;	

		- Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрының ғимараты (1985 ж.); - Жанқожа Нұрмұхамедұлы ескерткіші; - Жанқожа батыр кесенесі (Қазалы ауданы Әйтеке би кентінен батысқа қарай); - Қалжан ахун мешіт-медресесі (XIX-XX ғ.) Сырдария ауданы Қалжан ахун ауылынан батысқа қарай; - Қорқыт ата ескерткіш кешені (1980 ж.), - Қорасан ата кесенесі (XIX ғ.) Жаңақорған ауданы Жаңарық ауылының оңтүстік-батысында; - Сығанақ қалашығының орталық мешіт-медресесінің орны (XII-XV ғғ.); - Төлегетай-Қылышты ата кешенді-мазары (XI-XII ғ.); - Перовск Казанско-Богородный шіркеуі (1890-1895 ж.ж.)
	Қостанай облысы	Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейі: - «Өлкенің ежелгі тарихы» археология залы; - «Өткеннің тылсым тіршілігі» палеонтология залы; - «Қостанай облысының табиғат байлықтары»; - «Туған жер тарихы»; - «Өлке халықтарының мәдениеті мен тұрмысы»; - «Қостанай қаласының тарихы»; - «Қостанай облысының тарихы»; - «Қостанай облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында»; - «Қостанай жерінің мақтаныштары» залдарынан тұрады. Қостанай қаласының ескерткіштері: - Қазыбек би ескерткіші; - Тың игерушілер монументі; - «Красная стена – Қызыл қабырға» ескерткіші; - «Паровоз» ескерткіші
	Маңғыстау облысы	Облыстық тарихи-өлкетану музейі: - «Каспий теңізінің флорасы мен фаунасы»; - «Табиғат»; - «Археология»; - «Жаңа кезең тарихы» (XV-XIX ғғ. Маңғыстау тарихы); - «Мұнай өндісі»; - «Қазіргі Қазақстан»; - Халық жазушысы Ә:Кекілбаевтың шығармашылығы залдарынан тұрады

Павлодар облысы	Павел Васильевтің музей-үйі (XIX ғасырдың екінші жартысы). Мұнда 10 мыңнан астам экспонаттар жиыстырылған. Ол ақынға тиесілі қолжазбалар, кітаптар, суреттер, тұрмыс заттары, сондай-ақ XVIII ғ. басына қарасты жиһаздар жинағы. Бөренелі бесқабырғалының екі бөлмесінде уақыт тоқтап қалған тәрізді. Бұл жерде көпестің «төбешігі», веналық иілген орындықтар; ломбер үстелінің басында вольтерлік кресло; ұршық және минут сайын өлшеммен соғатын ескі сағат және т.б. заттар сақталған [Х34]. Шафердің музей-үйі; Г.Н.Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейі; Академик Қ.И.Сәтбаевтың Баянауыл мемориалдық мұражайы; Павлодар облыстық көркемсурет музейі; Өлкетанушы, Павлодар облысының фотошежірешісі – Д.П.Багаевтың мұражай-үйі (1884-1958); Майра Шамсутдинова атындағы ән шығармашылығы мұражай-үйі XIX ғасырдың басындағы архитектуралық ескерткіш болып табылатын Бастауыш ауылшаруашылық мектебінің ғимараты (1898 ж.); Архитектуралық және тарихи ескерткіш – Владимир училищесінің ғимараты; Жазушы А. Некрасовтың үйі (XX ғ. басы); Көпес Айтыкинның үйі (XX ғ. басы) – XX ғ. архитектуралық ескерткіші; Алексеев училищесі – XX ғ. басындағы архитектуралық ескерткіш; Ақынның мұражай-үйінің ауласында орыс ақыны П.Н. Васильевке қойылған мүсін Қазақтың демократ ақыны С. Торайғыров ескерткіші; Орыс драма театры алдындағы театралдық алаңда орыс жазушысы – драматург А.П. Чехов ескерткіші; Зейін Шашкин ескерткіші; Жауынгер-интернационалистер ескерткіші; Жеңіс алаңындағы Ұлы Отан Соғысы майданында қаза тапқан павлодарлық-жауынгерлерге даңқ монументі; Кеңес Одағының Батыры Қ. Қамзин мүсіні; Қалалық мәдениет және демалыс саябағындағы революционерлердің бауырластар зиратындағы ескерткіш; Ленин кентіндегі Ұлы Отан Соғысы жылдарында
------------------------	---

		майданда қаза тапқан жерлес-жауынгерлерге қойылған ескерткіш; Павлодар станциясындағы локомотив саябағында, Ұлы Отан Соғысындағы шайқастарда қаза болған депошы жауынгерлерге ескерткіш [50]
	Солтүстік Қазақстан облысы	Облыстық тарихи-өлкетану музейі: - «Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан»; - «Тәуелсіздік жылдарындағы Солтүстік Қазақстан облысы»; - «Қазақстан-Ресей қарым-қатынастары» залдары бар. Абылай хан резиденциясы: - Абылайдың балалық шағынан хан тағына отырғанға дейінгі өмірі; - Хандық құрған 10 жылы; - Тақ залы; - Абылай тарихына арналған коллаждар, картиналар, кітаптарға арналған залы. М.Жұмабаев ауданы Сарытомар ауылындағы М.Жұмабаевтың мемориалдық мұражайы Жамбыл ауданы Сәбит ауылындағы С.Мұқановтың әдеби-мемориалдық музей-үйі. Мұражайдың экспозициясы жазушы өмірінің негізгі кезеңдерін көрсетеді және оған қазақ халқының тұрмысы бойынша жалпы экспозиция кіреді. Бөлмелерде жазушының заттары мен кітаптары орналастырылған. Қорларда С. Мұқановтың әдеби шығармашылығына қатысты бірегей құжаттар сақталған. Жамбыл ауданы Пресновка ауылындағы И.П.Шуховтың әдеби-мемориалдық музей-үйі
		Тарих және мәдениет ескерткіштері: «Ат үстіндегі Абылай хан» ескерткіші; Қарасай және Ағынтай батырлардың ескерткіші Реальное училищесінің өндірістік ғимараты (XX ғ. басы); С. Мұқановтың бюсті; Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған монумент; «Абай және Пушкин» мүсін композициясы

Халқымыздың тереңге тартқан тарих қойнауынан атадан балаға, ғасырлардан ғасырларға мұра болып жеткен өшпес асыл қазынасы: тарихы, ескерткіштері, киелі жерлері, әдет-ғұрпы, салт дәстүрі, мәдениеті – рухани құндылығымыз, баға жетпес асыл қазынамыз [51].

Облыс аумағындағы тарихи орындарға, ескерткіштерге саяхат жасау барысында тарих, әдебиет сабақтарынан алған білімді тереңдетумен қатар, білім алушылардың бойында өз өлкесіне деген мақтаныш және сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру көзделеді.

Сонымен қатар, сабақта және сабақтан тыс уақыттарда білім алушыларға өз өлкесінің тарихы туралы терең білім беру мақсатында өңірдің тарихи орындарымен таныстыру жұмысын жүргізуді ұсынамыз. Жұмыстың бұл түрін жүзеге асыру үшін әр аймақтың тарихи орындары, қорғауға алынған жерлері, ескерткіштері, табиғаты аңызға айналған жерлер туралы қысқаша деректер бере отырып, білім алушылармен саяхат жасауды жоспарлауға арналған жерлердің қысқаша тізімін ұсынамыз.

Есіл өзенінің оң жақ жағасында, Күйгенжар ауылынан шығысқа қарай бес ірі қорымнан тұратын, Өз Тәуке ханның ордасы орналасқан деген болжам бар «патшалық» қорымы орналасқан. Қорымда болған оқиғалар арқылы қазақ жерінің тарихына үңілуді ұсынамыз.

Ағаш өнері құрылысының ерекше үлгісі болып саналатын Бұрынғы мұсылман мектебінің ғимаратының (XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында) тарихымен таныстыру арқылы балаларды еліміздің басты қаласының өмірімен ғана емес, сонымен қатар мамандықтар әлеміне (сәулет өнері, құрылыс т.б.) жетелеу мүмкіндігі пайда болады.

XIX ғасырдан сақталып қалған тарихи құнды ескерткіш, қаланың тарихи және мәдени ескерткіштерінің бірі – Константин-Елена шіркеуі [51].

Алматы қаласында Ғабит Мүсіреповтың әдеби-мемориалдық музейі бар. Музей әдеби және мемориалдық бөлімдерден тұрады.

Еліміздің Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен Алматы қаласының 1000 жылдығына орай ашылған – Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығы. Орталықта қазақ халқының ән-күй, ақын-жыраулық өнерін жасаушы және бүгінге жеткізуші өнер тұлғаларының аспап-мұралары орналасқан.

Зоология институтының мұражайы басты мақсаты – ежелгі геологиялық дәуірден біздің заманымызға дейінгі Қазақстанның жануарлар әлемін кеңінен таныстыру.

Белгілі қоғам қайраткері – Дінмұхамед Қонаевтың мемориалдық музей-үйінде балалық шағы, қызметте өсу баспалдағы, қоғам қайраткері ретінде қалыптасу жолы туралы деректер мен тарихи мағлұматтар және жеке заттары сақталған. Табиғат ескерткіштері нысаны болып табылатын Бас ботаника бағында жергілікті және басқа жерлерден әкелінген өсімдіктердің көптеген түрлері бар. Бақтағы аса бағалы, сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктердің жиынтығы еліміздің ұлттық байлығы болып саналады [42].

Еліміздің орталық бөлігінде орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлініс – Ақмола облысы. Ерейментау ауданының көптеген нысандары Бөгенбай батырдың атымен байланысты. Батырдың жерленген жері, стела және Бөгенбай атындағы тарихи музей облыстың киелі жерлері болып саналады.

Осы ауданның Қоржынкөл станциясынан 15 шақырым жерде Мыңшұңқыр қорымында дидактикалық поэзияның шебері – Үмбетай жырау

жерленген. Оның жырлары сол заманның қайраткерлері, саяси оқиғалары туралы мол мәлімет береді.

Еңбекшілер ауданы Степняк қаласында қазақтың ән атасы атанған әнші, ұлы композитор, суырыпсалма айтыс өнерінің аты аңызға айналған шебері – Біржан сал Қожанғұлұлына арналған кешен орналасқан.

Қазақтың халық композиторы, ат ойынының түрлі тәсілін меңгерген өнерпаз, жауырыны жерге тимеген балуан – Балуан Шолақ кешені Бұланды ауданының Тастыөзек ауылының маңындағы ормандардың арасында орналасқан.

Зеренді ауданының ерекше орындарының бірі Үлгілі ауылындағы – «Айдаһар үңгірі».

Белгілі қазақ жазушысы Ілияс Есенберлиннің туған жері – Атбасар қаласында әдеби мұражайы орналасқан. Экспонаттар жазушының балалық және жастық шағы, Ұлы Отан соғысына қатысуы, еңбек жолы, шығармашылығы туралы сыр шертеді.

Аршалы кенті мен Михайлов ауылының арасындағы жолда орналасқан табиғат ескерткіші – Жылан тас мүсіні туралы аңызды тыңдау балалар үшін қызықты болары сөзсіз [42].

Көп ғасырлық тарихы бар, табиғаты әсем және ғажайып өлке – Алматы облысының аумағын Жетісу жері деп те атайды.

Жетісу – тарихи, мәдени, археологиялық, этнографиялық, табиғи ескерткіштерге бай өлке. Қазақстан егемендігінің символы атанып кеткен «Алтын адам» облыстың аумағында табылған, табиғаттың жұмбағы – «Айқай құм», ерте палеолит дәуірінен қалған Шарын өзені арналарында орналасқан. Согдиан шаған ағаштарын да дәл осы жерден көруге болады.

Қызылорда қаласында ақын Сара ескерткішін, Қапал ауылындағы ақын Сара мұражайын, Кербұлақ ауданы аумағында орналасқан табиғат ескерткіші «Алтын Емел» Ұлттық табиғат паркін, Шамалған ауылының маңындағы төбе басында орнатылған Аңырақай шайқасына арналған ескерткішті, Райымбек ауданы Қарқара жайлауындағы тарихи орын – Ереуілтөбе ескерткіші, Алакөл ауданындағы Қабанбай батыр тарихи-этнографиялық мұражайы, орта ғасырдағы қазақ ғалымы – Қадырғали Жалаири ескерткіші т.б.

Ауылда болған аптада немесе арнайы саяхатта болған кезде білім алушыларды өлкенің тарихи-мәдени ескерткіштерімен, тарихи тұлғалардың өмірбаяндарымен таныстыруды ұсынамыз. Мысалы: Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Қыркеңсе ауылынан оңтүстікке қарай орналасқан Төлегетай-Қылышты атаның кесенесіне тоқтағанда ол кісінің өмірдерегімен және аңыз әңгімелермен таныстыруды ұсынамыз [52].

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Сырымбет ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 1822 жылдың күзінен бастап Сырымбет жері Шоқан Уәлихановтың әжесі, орта жүз ханы Уәлидің жесірі Айғанымның тұрақты қыстауы болған.

Ш.Уәлихановтың балалық, жастық шағы осы әжесінің қонысында өтті. Болашақ ұлы ғалымның қалыптасуына үйдегі шығармашылық орта оң әсерін

тигізді. Әжесінің арқасында қоныс тек қыстау ғана емес, сонымен қатар көрнекті ақындар, қызықты адамдар жиналатын орталыққа айналды.

Жамбыл облысының тарихи ескерткіштері мен аңыздары:

Қостөбе қалашығы (Байзақ ауданы);

Бектөбе қалашығы (Жамбыл ауданы);

Георгиевск қалашығы (Қордай ауданы);

Аспара қалашығы (Меркі ауданы);

Жазылбек Қуанышбаев ескерткіші (Мойынқұм ауданы);

Ықылас Дүкенұлы зираты (Сарысу ауданы);

Ақкесене бекінісі (Талас ауданы);

Ақкесене мен Көккесене туралы аңыз. Бірде Қарахан Таласта (Таразда) Бетпақтан (Бетпақ даладан) өтіп келген керуенбасыны қабылдапты. Ханға деген сый-сияпаттан берген кеурен басы: «Дат тақсыр» - депті, сонда хан тұрып: «Датың болса айт» - деген екен. Ханның аяғына жығылған керуен басы: «О, құдіреті күшті хан, мен жүрмеген жол, аспаған асу аз болар, бірақ Таластан терістіктегі құмнан (Мойынқұмнан - М.Е.) қатерлі де қауіпті жер көргенім жоқ. Үш күндік жолдың азабы үш айға бергісіз болды. Сол жолдың торабына, қараңғы түнде жол көрсететін Темірқазық жұлдызы сияқты белгі қойдырсаңыз, Сізге Алланың, нұры жауар еді» - депті. Көреген хан тараздық шеберге Ақкесене және Көккесене мұналарын салдырыпты [53].

Жайсаң ғұрыптық-мемориалдық кешені (Шу ауданы).

Маңғыстау облысының Шетпе ауылынан солтүстік бағытта орналасқан Айрақты тауының баурайы маңын зерттеушілер «дала симфониясы» деп атаған тастардағы шимайланып қалдырылған сурет-петроглифтерді көруге болады.

Ақтау қаласынан солтүстік-батыс бағытта орналасқан Саура сайы, Маңғыстау ауданы Шетпе ауылынан солтүстік-батыс бағытта орналасқан Самал сайы, Түпқараған ауданы Форт-Шевченко қаласынан шығыс бағытта орналасқан Тамшалы сай, Қарақия ауданы Сенек ауылынан солтүстік бағытта, Шопан ата қорымында орналасқан Ұлыкіндік кешені т.б. жерлерді тамашалап, пайда болу тарихына, географиясына үңілуге болады.

Қостанай облысы Торғай атырабындағы Сарытүбек ауылын қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың туған жері ретінде таныстыру арқылы қазақ тілі білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалымның өмірі туралы алған білімдерін тереңдету ұсынылады.

Жангелдин ауданы Қабырға өзенінің алқабында салынған Албарбөгетінің (Айса бөгеті) салыну тарихымен, Тәуіш ауылынан үш шақырым жерде болған Татыр шайқасымен таныстыру арқылы ел тарихына деген қызығушылық тудыру көзделеді.

Қарағанды облысы Қарқаралы тауына, Шайтанкөлге, Үшүңгір тауына, Едірей тауларына, Мәдидің қара үңгіріне, Кент, Боқты, Қу, Едірей тауларына саяхат жасау ел табиғатына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеуге негіз болары сөзсіз.

Едірей атауының шығуы қазақ тілінің едірею етістігімен байланысы жоқ атау, көне түрік тілінде еді («жеті») және әрей («арай») сөздерінен қалыптасқан

атау. Мәди Бәпиұлы патша үкіметінің қудалауына ұшырап, қашып жүргенде осы үңгірді паналаған. Қудалаушылардан қашып жүргенде үңгірге тығылған сәттерінде от жаққан пеш орны бар. ол пештің бір қасиеті, от жаққан кезде түтіні тұлытау ауданының ау жақпарларының арасымен кетіп, екі шақырым жерден шығады.

Ұлытау ауданының солтүстігіндегі Арғанаты тауының бауырындағы тас мүсіндер – ежелгі көне дәстүрдің жойылар алдындағы соңғы бой көрсетуінің бір үлгісі.

Сонымен қатар, аймақтың танысуға болатын қасиетті нысандарының қысқаша тізімін ұсынамыз.

Талды II қорымы, Қаражартас қорымы, Ақсу-Аюлы II қорымы, Байқоңыр петроглифтері, Ұлытаудағы Хан ордасы, Ақтау бекінісі, Кент қалашығы, Тайатқан – Шұнақ петроглифтері, Желтау петроглифтері, Тасарал қорымы, Қызылкеніш сарайы және т.б.

Батыс Қазақстан облысы Қоңыр ауылының маңында орналасқан Айдана қыраты туралы аңыз қазақ халқының бір ауыз сөзге тоқтайтын, қыз баланың орынды қыдылығын бағалай білетін көрегендігін көрсетеді.

Жоғарыда аталған өлкетануды сипаттайтын ерекшеліктерге сүйене отырып, мұғалімнің алдында тұрған маңызды мақсаттың бірі – баланы дамыту, оған халықаралық аренада өзінің туған мәдениетін таныта білу біліктілігімен негізделген патриоттық тәрбие беру болып табылады. Оқушыларды туған және басқа да мәдениет әлеміне кіргізу, олардың тіл құралы арқылы ойлау қабілеттерінің дамуына ықпал етеді, оқушылар туған халқының менталитетін түсінуге үйренеді. Жеке тұлғаның дүниетанымының қалыптасуы және мәдени дамуы оқушының туған өлкесінің мақтаныштары, киелі орындары, мәдениеті, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлері, тарихы, тұрмысы туралы білімінің кеңеюі барысында жүзеге асады. [4]. Осы айтылғандардан шығатын қорытынды, күтілетін нәтиже:

- өз Отанын сүйетін, оның тарихын, тілін, әдет-ғұрпын құрметтейтін тұлға тәрбиеленеді;
- білім алушылардың туған өлкеге деген қадір-құрметі оянады, сол арқылы туып-өскен өлкеге, Отанға деген сүйіспеншілік қалыптасады;
- білім алушылар мүмкін болғанша зерттеу жұмыстарына қатысады;
- білім алушыларда қоршаған ортаны бақылай алу білігі қалыптасады, олардың күнделікті қажетті істерге қатысу қабілеті дамиды;
- Отанымыздың тарихына жаңа беттер қосылады.

Осындай нәтижеге жету өзекті мәселе болып табылады. Еліміздің жарқын болашағының іргетасын қалайтын жастар, өскелең ұрпақ екені белгілі. Сол ұрпақтың саналы, көзі ашық, өткені мен болашағын айқын танитын болып қалыптасуы біздің қолымызда екенін ұмытпау қажет.

Қорытынды

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» мақаласында адами капитал сапасын арттырудың маңыздылығын өзектендіріп, жаһандану жағдайында дамудың даңғыл жолына түскен егемен еліміз үшін жаңа кәсіпті меңгерген, палиглот тұлғалардың пайдасы туралы пайымды парасат биігінен баяндайды.

«Қазақстанда барлық адам үшін жұмыс табылады. Барлық жерде бос жұмыс орындары болғандықтан, ешбір адам жұмыссыз жүрмеуі тиіс. Басты мәселе адамдардың белгілі бір кәсібі жоқтығында болып отыр. Осы адамдар кәсіби білім беретін оқу орындарына барып, маманға айналуы тиіс», - деді Назарбаев Астана қаласындағы Азаматтық қоғам пленарлы отырысы кезінде.

Елбасы айтып өткен басты мәселені мектеп қабырғасында шешуде «Айналаға қара» жобасының атқарар ролі зор. «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының «Саналы азамат» базалық бағыты шеңберінде жүргізілетін атаулы жоба аясында оқушылар ауыл мен қалаға экскурсияға шығып тыныс-тіршілігімен танысып, мәдени-экономикалық жаңалықтармен бөліседі. Өндірістегі жаңа технологиялардың тиімділігіне көз жеткізеді. Жаңа технологиялар алып келген жаңа мамандықтарды меңгеруге қызығушылығы оянады. Еңбек нарығында сұранысқа ие болашақ кәсіпті таңдауына дайындық, білім беру мазмұны арқылы жаңа тұрмысқа бейімдеу жұмыстарын жүргізеді.

Осы әдістемелік ұсынымдардың мазмұны оқытудың белгілі бір кезеңінде білім алушылардың іс-қимыл бағдарламасын құрылымдау үшін педагогтерде қажетті психологиялық-педагогикалық білімдерді де қалыптастыруға, кәсіптік іс-қимылда теоретикалық білімді нақты жағдайда қолдана білу білігін дамытуға бағытталған.

Әрбір оқушыда әмбебап тұлғаны көргісі және дамытқысы келетін мұғалім барлық оқушыларды бір уақытта әртүрлі мамандыққа бағыттауға байланысты күрделі педагогикалық мәселені шешуіне тура келеді. Бұл проблеманы табысты шешу үшін педагог білім берудің әртүрлі мағыналы нысандарын, технологияларын жақсы білуі және меңгеруі қажет.

Қорыта келгенде, жоба таяу болашақта ауыл және қала балаларын теңестіру, сәйкестендіру, ықпалдастыру үшін мектептен тыс кәсіптік бейімдеу жұмыстарында білім берудің көптеген өзекті мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Оның ішінде, төртінші өнеркәсіптік революция дәуірінде технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістермен таныстырады. Жаһандану жағдайында бәсекеге қабілетті заманауи қазақстандықтарды қалыптастыруға алғашқы қадамдар жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақала. 12 сәуір, 2017. <http://online.zakon.kz/>
2. Размышления о парадигме развития современного человека и общества: Статья М.В. Герман. Вестник томского государственного университета, № 354 2012г
3. Білім беру парадигмасының мәні және педагогикалық өркениет кезеңдері. <http://www.myshared.ru/slide/1358863/>
4. Парадигма. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
5. Родина, Ақмол, Сабынды ауылдарының тұрғындары зауыттардың жанында тұрудың артықшылықтары жайлы. <https://weproject.kz/kz/articles/detail/rodina-a-mol-sabyndy-auyldaryny-t-r-yndary-zauyttardy-zhanynda-t-rudy-arty-shyly-tary-zhayly/>
6. «Біздің Сауер» <https://egemen.kz/article/ozimizdin-ivan-adamovich!>
7. Клаус Швабек. Төртінші индустриялық революция. «Эксмо» 2016 ж.
8. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар
9. Цифрлы Қазақстан қандай болады? <https://aikyn.kz/2018/10/05/>
10. Еріктілер ауылдарға аттанды. <http://www.kostanaytany.kz>
11. Азат Үсен. Урбанизация және салт-дәстүр. <http://ushqiyan.kz>
12. Қазақстанда шағын қалалардың қалыптасуы. <http://e-history.kz/kz/publications/>
13. Қазақстан демографиясы. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
14. «Ақылды қалалар» «ақылды ұлттың» дамуы үшін керек <https://aikyn.kz/2018/01/21/39934.html>
15. «Город, который нам нужен 2.0». www.worldurbancampaign.org
16. Адами капиталдың заманауи қоғамдағы маңыздылығы <http://kzref.org/adami-kapitaldi-zamanaui-ofamdafii-maizdilifi.html>
17. Астанада IT білім алуға болады. inform.kz/kz/astanada-kasibi-it-bilim-aluga-bolady
18. Айгерім Саулетханқызы. <https://365info.kz/2018/10/etnicheskaya-kazashka-iz-mongolii-rabotaet-v-kompanii-apple-kazahskie-smi/>
19. «Цифрлы технология дәуірінің алыбы». - «Егемен Қазақстан», №161 27 тамыз. 2018 жыл.
20. Джек Ма. <https://www.zharar.com/kz/kenes/business/16362-alibaba.html>
21. Бердн М. Система профессиональной ориентации в Германии// Научные записки. Серия «Педагогика». — 2011. — № 3.
22. Отечественный и зарубежный опыт профессиональной ориентации школьников//Аккредитация в образовании [Электронный ресурс]. URL: http://www.akvobr.ru/opyt_proforientacii_shkolnikov.html

23. Фукуяма Сигэкадзу. Теоретические основы профессиональной ориентации / Под ред. Е. Н. Жильцова, Н.Н.Нечаева. – М. : Изд-во Моск.ун-та, 1992. – 108с.
24. Ауыл. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
25. Салт-дәстүрлер. <https://kk.wikipedia.org>
26. <https://ok.ru/yztrbieslt/topic/>
27. <http://100esim.el.kz/kz>
28. <http://zhasorken.kz/>
29. <https://www.google.kz/search?q>
30. <https://ppt-online.org/277592>
31. <http://zhangeldy.kostanay.gov.kz/>
32. Орта мектепте «Өлкетану» курсының оқытудың әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 43 б.
33. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә.Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998
34. Биология: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. Алматы: «Атамұра» баспасы, 2007
35. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: «Өнер», 1987. – 126 б.
36. https://kk.wikipedia.org/wiki/Өсімдік_шаруашылығы
37. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd». ЖІШС, 2005
38. Сағындықов Е. С. / Қазақтың ұлттық ойындары. — Алматы: «Рауан» баспасы, – 176 бет.
39. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V15ABW00897>
40. https://baq.kz/kk/news/ruhani_zhangiru/kieli_astana_kartasi_sseifullin
41. <http://bilim-all.kz/article/1941-Almaty-qalasynyn-murazhailary>
42. Қасиетті Қазақстан. Бірінші том. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2017. – 480 бет.
43. <http://e-history.kz/kz/publications/view/1302>
44. <http://e-history.kz/kz/map/view/146>
45. <https://readtiger.com/wkp/kk/> Атырау
46. http://semeylib.kz/?page_id=954&page=11
47. <http://olke.kz/index.php>
48. <http://bko.gov.kz/leumit-fat/culture/monuments.html>
49. <http://www.karlib.kz/index.php/kz/eskertkishter>
50. http://cbs-nl.zz.mu/Pamyatniki/3-heroy_kz.pdf
51. Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары. – Астана: Фолиант, 2017. – 504 б.
52. <http://kyzylorda-pamyatniki.kz/kz/monuments/kzo/ger92>
53. http://kymshagal.ucoz.net/news/a_kesene_a_yzy_kh_khii_kh_ii/2012-04-23-21

**«Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының «Айналаға қара»
жобасын жүзеге асыру барысында қолдануға ұсынылатын сынып
сағаттарының жоспарлары**

**«Мен елімнің ертеңімін»
атты сынып сағатының жоспары**

*Авторы: Хавдеш Фариза,
Волгодонов орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі,
Ақмола облысы Аршалы ауданы*

Сыныбы	3 «Б»			Күні	
Тақырыбы	«Мен елімнің ертеңімін» Рухани жаңғырудың жарқын жолы				
Мақсаты	Оқушыларды Отанды сүйе, өз елін, тарихын білуге, жалпыадамзаттық құндылықтар мен терең көзқарастарды сіңіру арқылы таным белсенділіктерін арттыруға бағыттау				
Оқушының қабілеті	Жалпыадамзаттық, мәдениетаралық білімдері мен сыни ойлау, зерттеушілік дағдылары дамыған, отансүйгіштілге				
Сабақта қамтылатын білім беру құндылықтары	Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік				
Сабақтың түрі	Аралас сабақ				
Сабақтың әдісі	Диалогтық, топтық				
Көрнекіліктер	Проектор, бейнебаян, түрлі-түсті шарлар, топтық жұмысқа арналған орталықтар, экспонаттар				
Сабақ кезеңдері	Мұғалімнің әрекеті			Оқушының әрекеті	Уақыты
Ұйымдастыру кезеңі	1. Сәлемдесу. Психологиялық дайындық. 2. «Шаңырақ» Аспаны ашық еліміздің, Көркі сұлу жеріміздің, Біз - бақытты баламыз! Ақпыз, қара, сарымыз, Ағайынбыз бәріміз!			Барлығы шеңбер бойымен тұрып, кезекпе-кезек тілек айтады Топқа бөліну	5 минут
	3 топқа бөлу 1-топ «Отаншыл» 2-топ «Намысшыл» 3-топ «Білімді»				
Негізгі бөлім Мағынаны тану	А) Тақырып ашу. Постер қорғау ----: отаншыл болу үшін ---- Патриот деген ол - Өскери міндетке жауапкершілікпен қарау. - Туған жерге деген ыстық сезім.				

	- Ата-баба өсиетіне адал болу. - Өз Отанын күшті, айбынды ету, гүлдендіруге ұмтылу. - Бойындағы күш-қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесі үшін жұмсау. - Ана тіліне деген құрмет. - Өз халқының әдет-ғұрпын және салт-дәстүрін құрметтеу. - Елдің тарихын білу және құрметтеу. - Қазақстанда мекен ететін халықтарға деген құрмет сезімі. - Өз халқының әлеуметтік, мәдени жеңістерін мақтан тұту. - Мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарау. - Заңға бағыну.		
	3. Сұрақ-жауап ойыны - ҚР елтаңбасында не бейнеленген? (<i>тұлпар, шаңырақ, жұлдызша. Күн</i>) - Қазақстан өз тәуелсіздігін қай жылы алды? (1991 жыл 16 желтоқсан) - «Отан қорғау» дегенді қалай түсінесің? - Әнұранның авторларын ата? (Ш.Қалдаяқов, Ж.Нәжмединов, Н.Назарбаев.) - ҚР тұңғыш президенті кім? (Н.Н.Әбішұлы) - ҚР неше облыс бар? (14 облыс) - Тұңғыш қазақ ғарышкері кім? (Токтар Әубәкіров) - Конституция күні? (30 тамыз)	Сұраққа жауап береу	10 минут
	4. «Туған жеріңе не бересің?» ойыны Біздің Отанымыздың табиғаты өте бай. Қарағайдың қандай пайдасы бар? Оқушылардың жауабы Ағаш – адамның күнкөрісіне қажет және рухани өмірде ерекше орын алатын табиғат нысаны. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы сендерсіңдер! Еліміздің көркейуіне, гүлденуіне «Туған жеріңе не бересің?» ойыны арқылы өз үлестеріңді қосыңдар. – Міне, сендерге қарағай ағашын дайындадым. – Ағашқа не жетіспейді? (жапырақтары). – Сендердің парталарыңда жапырақтар жатыр. Дайын тұрған жапыраққа «Туған жеріңе не бересің?» сұрағының жауабын жазып, оқып, қарағай бұтағына ілеміз. Мысалы: әдемі үй салу...). (Жұмыс аяқталған соң, жапырақтарды жинап, ағашқа әр бала жапырағын іледі)		
	- Оқушылар, қазір мен сендерге мазмұнды сурет көрсетемін. Зер салып қарап отырыңдар. - Сонымен суреттен не көрдіңіздер? - Бұл суреттер арқылы не айтуға болады? - Қандай болжам жасайсыздар? - Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Мен елімнің ертеңімін» деп аталады.		

	- Бұл тақырыпты алған себебім, Отанды сүйеге, өз елін, тарихын білуге, жалпыадамзаттық құндылықтар мен терең көзқарастарды сіңіру арқылы таным белсенділіктерін арттыруға бағыттау арқылы Елбасының «Болашаққа бағдар- рухани жаңғыру» мақаласымен таныстыру. - Ал, енді сіздер рухани жаңғыру дегенді естігендерің бар ма? - Рухани байлық деген не? - Мұның не екенін тағы да білу үшін білімімізді толықтырып, осы сұрақ төңірегінде ой өрбітеміз. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы қоғамды рухани жаңғыртудың басымдықты идеяларын кеңінен насихаттау болып табылады. Аталмыш мақала кіріспе, қорытынды және екі бөлімнен тұрады. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Қазір сіздердің назарларыңызға осы мақала туралы бейнероликті ұсынамын		
	Ә) Бейнеролик көрсетіледі. https://www.youtube.com/watch?v=... Елбасы неше құндылықты ұсынған екен?  Рухани жаңғыру жолынан не күтеміз? «Рухани жаңғыру» - дәуір талабына сай жаңғыру. «Рухани жаңғыру» - әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. «Рухани жаңғыру» – табысты ел болуымыздың кепілі. Бәрі: - Біз өз Отанымыздың патриотымыз. - Мы патриоты нашей старны. - We are patriots of our countries Жақсылық – рефлексия (Балаларды ортаға шақырып, шеңбер құрастырады)	Бейне ролик тамаша лайды	15 минут

	– Менің қолымда ақ түсті бір шүйке жіп. Қазір мен оны шеңбер бойы жіберемін. Қолға түскен жіпті саусаққа орап, алысқа жетелейтін армандарыңды тілендер (жіп мұғалімге келеді). – Бізбен жіп не істеді? – Қалай ойлайсыңдар, бұл жақсылықтың белгісі ме? (Балалардың пікірі). – Дұрыс, жіп бізді біріктірді. Әрқашанда бірге болуымыз, бір-бірімізге көмектесуіміз керек. Бір шаңырақ астында тату өмір сүруіміз керек. – Мектепте болып жатқан әр түрлі шаралардан қалыспауға, өзіміздің үлесімізді қосуға ұмтыламыз. – Қазақ халқының дәстүрін, тілін құрметтеп, еліміздің өсіп-өркендеуі жолында тынбай еңбек еткенде ғана, еліміз де көркейіп, гүлденеді.		
	Тапсырма 1-топ: «Отаншыл» «ЕХРО-дағы ғажайыптар» қабырға газетін шығару. 2-топ: «Намысшыл» «Болашақ Қазақстан» 10 жылдан кейін менің көзіммен. Жоба қорғау. 3-топ: «Білімді» «Ұлттық құндылықтарымызды қастерлейік» жарнамалау	Топтасу Еркін түрде Топпен жұмыстану, талқылау, кеңесу, қорғау Ойларын айтады	5 минут
	В) (Есік қағылады) Ішке Білім патшасы кіреді. - Оқушылар, бізге алыстан қонақ келген екен. - Төрлетіңіз! Білім патшасы: - Сәлеметсіздер ме, оқушылар! Мен Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі білім ордаларын аралап Рухани жаңғыруға байланысты жарғы таратып келемін. Сол себепті сіздерге сұрақ қойғым келіп тұр. - Патриот адам кім? - Ол өзін қалай көрсетуі керек? - Өздерің білетін ірі тұлғаларды атаңыздаршы? - Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар! * Әлемдік өркениетті елде еркін өмір сүру үшін өз ана тілінді қастерлей отырып, орыс, ағылшын тілдерін жетік меңгеріңдер! * Өз тарихыңды, ата-тегіңді ұмытпа! * Сен «қазақ» деген ұлы халықтың ұрпағысың! * Сен ең мықты болуға тиіссің! - Келесі кездескенше сау болыңыздар!	Диалог Прзентация /ағаш суреті/ Патриот ұғымының мәнін ашады, өз бойларында ғы және қоғамдағы патриот адамдардың образын жасайды Жарғыны оқиды 6 құндылық ты ажырату	
Қорытын ды бөлім	- Білім патшасы бізге не деп кетті? - Осыған байланысты өз ойымызды жинақтайықшы. Сөйлемді аяқта «Рухани жаңғыру ...» Кері байланыс: !,- өздерің таңдаған белгіге барып тұру. <u>Мұғалімнің қорытынды сөзі:</u> Алда әлі ұзақ жол, үлкен асулар бар. Сол асулар мен қиындықты жеңу	Сабакқа қорытынды жасайды. Кері байланыс өзі таңдаған тыныс белгісіне барып шоғырланады	5 минут

	үшін білектің күші мен найзаның ұшы керек емес. Оған тек жүрек пен білім, талант пен талап керек. Қазақ елінің абыройын асырып, мерейін үстем етер, әлем таңғалар, талай-талай жаңалық ашар білімділер керек. Тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын, бүгінгімізді ертеңіне жалғайтын, қазақ елінің ертеңі, болашағы үшін жауап беретін бүгінгі ұрпақ екенімізді сезінейік. «Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар қалан!» - деп ұлы ақын Абай атамyzдың сөзімен сынып сағатын аяқтаймын. Ұранымыз: • Әлемдік өркениетті елде еркін өмір сүру үшін өз ана тілімізді қастерлей отырып, орыс, ағылшын тілдерін жетік меңгереміз!		
--	---	--	--

A1 Қосымшасы

«Ұлттық ойындар» атты сынып сағатының жоспары

*Авторы: Жұлдызай Батырбековна Қасымханова,
И.Құтпанұлы атындағы орта мектептің
бастауыш сынып мұғалімі,
Жібек жолы ауылы
Ариалы ауданы Ақмола облысы*

Сабактың мақсаты: Рухани жаңғыруды сипаттау және патриоттық сананы ынталандыратын ұлттық құндылықтарды жаңғырту. Оқушылардың бойында ұлттық сананы туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру. Оқушыларға ұлттық ойынның адамның денсаулығына қаншалықты пайдалы екендігін түсіндіру.

Бағыттаушы сұрақтар:	Қазақ халқының ұлттық ойындары не себепті қан қыздырып, қызығушылықты шыңдай түседі?
Проблемалық сұрақтар:	Ұлттық ойынды қалай жандандыруға болады? Ұлттық ойынды қалай қолдауға болады? Неге қазір балалар Ұлттық ойынды ойнамайды?
Шаттық шеңбері:	Кел балалар тұрайық, Әдемі шеңбер құрайық. Уық болып иіліп, Кереге болып керіліп, Қазақ үйді құрайық.


Ұлттық ойындар қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауықтыудың бір түрі. Оның бастауы алғашқы қоғамдық қауымда шыққан. Ұлттық ойындар негізінде әр халық түрлі-түрлі жаттығылар жасау

жолымен дене шынықтыру ісінің негізін салды. Бұл адам денсаулығын жақсартуда пайдасы зор. Ұлттық ойындар ата-бабамыздан қалған байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан, үйренуде, күнделікті тұрмысқа пайдалануда, заманға сай ұрпақ тәрбиелеуде пайдасы орасан зор.

Ұлттық ойын ойнатудың негізгі мақсаты:

- 1) балалар денсаулығын нығайту;
- 2) денені шынықтыру;
- 3) мәдениетін қалыптастыру;
- 4) өзін-өзі тәрбиелеу және жетілдіру.

Ұлттық ойын – ойын ғана емес, халықтың өткені мен бүгінгісі. Яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз. Балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады, көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады.



Олай болса, зеректіктілікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін ойын – «Арқан тартыс» ұлттық ойынын өзіміз ойнап көрсетейікші.

Ойынның шарты: бұл екі топқа бөлінген балалармен ойналады, арқанның екі жағынан тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартса сол топ жеңіске жетеді.

Өте керемет. Сіздер арқан тартыс ойынын жақсы біледі екенсіңдер. Келесі кезекті «Орамал тастамақ» ойынына берелік. Қане кім шығады? Бәріміз шеңбер құрып отырайық.

Ойын шарты: балалар шеңбер жасап тұрады. Ойынды бастаушы бала, балаларды айналып жүгіріп, бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Ал, егер орамалдың тастағанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе би билеп беруі керек.

Халық әні «Елигай». Қабыл алыңыздар.

«Күш – атасын танымас» демекші осы сыныптағы жігіттеріміздің күштерін сынап көрейікші. Олай болса қазақтың ұлттық ойыны «Қол күрес». Кәне, кім өз күшін сынға салғысы келеді. Ортаға екі ер баланы шақырамын.

Ойын шарты: балаларды екі топқа бөліп, ортаға екі баладан шығарып, шынтақтарын үстел үстіне мықтап қойып, қолдарын айқастырып ұстатып, бар күштерімен екінші баланың қолын үстел үстіне жығу керек. Жыққан бала жеңімпаз болады.

Өте жақсы жарайсындар. Менің оқушыларымның келешекте ержүрек, батыл болатындарына сенемін.

Құлақтан кіріп бойды алар,

Әсем әнмен тәтті күй - демекші кезекті күйге береміз, «Адай» күйі.

Қазақтың ұлттық ойыны «Қыз қуу».

Ойын шарты: ойын үшін жігіттер мен қыздар іріктеліп, ұшқыр, жүйрік аттарға мініп шығады. Қашықтығы 300, ал ені 30-40 метрлік, топырағы жұмсақ, ашық алаң таңдалып алынады. Жарыстың басталатын жері – алаңның бір маңдайында қатысушылар орағытып өту үшін қарақшы қойылады.



Мың бұралған бишилерді ортаға шақырайық. Би: «Қаражорға». Жарайсындар, қыздар, өркендерін өссін! Болашақта сендерден зор үміт күтемін!

Балалар, ата-бабаларымыз ұлттық ойындар арқылы ұрпақтың береке-бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған. Әр ұлттық ойын оған қатысушыны өмір сүруге бейімдеп ғана қоймай, қиындықтан қорықпай, қарсы тұра білуге үйретеді.

Қорыта келгенде, ұрпақ тәрбиесі жайындағы озық ұлттық мұраны бүгінгі тәлім-тәрбие жұмысына пайдалана отырып, атадан балаға жалғасып келе жатқан әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді, тілімізді, дінімізді қадірлеуді балаға сәби кезінен қалыптастырған жөн. Мұның өзі қазақтың ұлттық ойындарының бала тәрбиесінде маңызы зор екендігін дәлелдейді.

Осымен біздің «Ұлттық ойындар» атты ашық тәрбие сағатымыз өз мәресіне жетті. Келген қонақтарымызға, оқушылар сіздерге жақсы атсалысқандарыңызға және әсерлі көңіл-күй сыйлағандарыңызға көп рахмет!!!

«Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының «Айналаға қара» жобасын жүзеге асыру барысында қолдануға ұсынылатын сабақтан тыс іс-шара жоспары

**«Мен үлгі тұтатын парасатты жан»
тақырыбындағы сабақтан тыс іс-шарасының жоспары**

*Авторлары: Ш.Қанбаева, Р.Атаулиева,
№ 201 мектеп-лицейінің мұғалімдері
Жалағаш ауданы Қызылорда облысы*

Формасы: Дөңгелек үстел

Мақсаттары:

- Оқушылардың сыбайлас жемқорлық туралы түсініктерін кеңейту;
- «Парасатты жан» ұғымын жан-жақты түсіндіру;
- Жалағаштық жас көшбасшысы, «Ең үздік мемлекеттік қызметкер» және ең жас басшы болған Қанбаев Абзал Болатұлының өмір жолын жас ұрпаққа үлгі ету;
- Адамгершілік, еңбекқорлық сынды адами қасиеттерді шәкірттердің бойына сіңіру;
- Еріншектікке бой алдырмайтын, өзінің маңдай терімен табысқа жететін парасатты адам болуға баулу.

Ресурстар: Интербелсенді тақта, «Сыбайлас жемқорлық» және «Парасатты жан» тақырыбындағы презентациялар, бейнероликтер.

Қатысушылар: «Таным» шаңырағының оқушылары

Өтетін орны: Ж.Жылқышиев атындағы математика кабинеті

Барысы:

I бөлім. Жемқорлықсыз ел – гүлденген ел.

II бөлім. Абзал Қанбаев – парасат иесі.

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті қонақтар, ұстаздар мен оқушылар!

Таным шаңырағының ұйымдастыруымен өткелі отырған «Мен үлгі тұтатын парасатты жан» дөңгелек үстеліне қош келдіңіздер!

Дөңгелек үстелімізді қос бөлім бойынша жоспарладық, ендеше уақыт созбай бірінші бөлімге кіріспе ретінде «Ой-талқыға» кезек берейік!

«Ой-талқыда» келесі сұрақтар тәңірегінде ой бөлісуге шақырамын:

- Сыбайлас жемқорлыққа қандай анықтама беруге болады?
- Сыбайлас жемқорлық бағытында ҚР Заңдарында не қарастылған, не көзделген?

- Сыбайлас жемқорлыққа не итермелейді деп ойлайсыздар?

I бөлім. Жемқорлықсыз ел – гүлденген ел.

Мұғалім сөзі:

Лауазымдық (қызметтік) өкілеттіліктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу болып табылады.

• Яғни !!!

• Жеке пайда табу мақсатында қызмет бабын теріс пайдалану.

• «Ережелерге сәйкес» сыбайлас жемқорлық – алушы заң бойынша жасауға міндетті бір істе басымдық көрсетілетін қызметті алу мақсатында пара берілетін жағдайдағы шарттылықты оңайлату үшін жасалатын заңсыз ынталандыру болып табылады.

Саралап келгенде «Сыбайлас» ұғымын былайша сипаттағанымыз абзал:

- С – СЕНІМСІЗ
- Ы – ЫЖДАҒАТСЫЗ
- Б – БАЙЛАНЫСҚАН
- А – АДАМДАРДЫҢ
- Й – ИЕК АРТҚАН
- Л – ЛАС ІСТЕРІ
- А – АЛДАМШЫ
- С – СИТУАЦИЯ

Сыбайлас жемқорлық фактілеріне куә болған жағдайда, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросына немесе тұрғылықты жер бойынша аймақтық департаменттерге хабарласуға болады. 1424 Call-центр номері.

ПАРА БЕРСЕҢ, ЖАЗАЛАНАСЫҢ ПАРА КЕЛЕСІ ТҮРДЕ БЕРІЛУІ МҮМКІН: • Ақша және сыйлықтар • Пайда және қызмет ұсыну • Сауық және басқа шығындарды төлеу  ПАРА БЕРУ 15 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ МЕРЗІМГЕ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУҒА ЖАЗАЛАНАДЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН КЕЛЕСІ ТҮЛҒАЛАР БОСАТЫЛАДЫ: • Пара беру туралы өз еркімен хабарлағандар • Қорқытып алу салдарынан пара бергендер  ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІ CALL center 1424	ПАРА БЕРСЕҢ, ЖАЗАЛАНАСЫҢ ПАРА БЕРУ 15 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ МЕРЗІМГЕ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУҒА ЖАЗАЛАНАДЫ Пара келесі түрде берілуі мүмкін: • Ақша • Үйлер (пәтерлер) • Қымбат бұйымдар • Тұрмыстық техника • Автомобильдер • Демалысқа жолдамалар • Сауықтарды төлеу • Жөндеу және құрылыс жұмыстары • Емдеу  ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН КЕЛЕСІ ТҮЛҒАЛАР БОСАТЫЛАДЫ: • Пара беру туралы өз еркімен хабарлағандар • Қорқытып алу салдарынан пара бергендер  ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІ CALL center 1424
---	---

II бөлім. Жас көшбасшы Абзал Қанбаев – парасат иесі.

Парасат деген не? Парасатты адам – ол кім?

(Оқушылар мен өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі А.Жаңашеваның пікірі)

Мұғалім. Француз философы Г.Мабли: «Біздің бойымызға біткен қасиеттердің ішіндегі ең маңыздысы және ең ізгісі – парасат», - дейді.

✓ Парасат – жеке тұлғаның қадір-қасиетін, кісілік кемелдігін білдіретін жиынтық ұғым.

✓ Парасатты адамға істейтін ісін, сөйлейтін сөзін, қабылдайтын шешімін алдымен ақыл таразысынан өткізіп алу, әдеп-инабат, адамгершілік жағынан кінәратсыздық, салихалық пен мейірімділік, ізгілік пен кең мінезділік тән.

Жүргізуші: Құрметті қауым! Жас достар! Мүмкін, Сіздер Абзал Қанбаев кім, біз неге оны үлгі тұтуымыз керек деп ойлап отырған боларсыздар?!

Бүгінгі таңда қыршын ғұмыр үзіліп, орны ортамызда ойсырап тұрған жас көшбасшы, жас та болса бас болып ауданда, облыста мемлекеттік қызметтерді атқарған, Жалағаш ауданының гүлденуіне ат салысып, Республикалық «Ең үздік мемлекеттік қызметкер» атағын иеленген Қанбаев Абзал Болатұлының өмір жолы өскелең ұрпаққа қашанда үлгі болатынына сеніміміз мол. Себебі, ол жеткен жетістіктерінің барлығына маңдай терімен, адал еңбегімен жете білген, ағып түскен жарық жұлдыз. Абзал Болатұлының өмір дерегімен танысу үшін экранға назар салыңыздар!

Қанбаев Абзал Болатұлы 1989 жылы 24 наурызда Жалағаш кентінде дүниеге келген. 1991-1996 жылдары Көкшетау облысы, Зеренді ауданы, Қарабұлақ ауылында тұрды. 1996 жылы Қарабұлақ ауылындағы мектептің 1-сыныбына оқуға барды. 1998-2000 жылдары Жалағаш жеріне қайта көшіп келуіне байланысты 2-3-сыныпты №201 мектепте оқып, 5-сыныптан бастап №123 мектепте білім алып, 2007 жылы 11-сыныпты аяқтап шығады. Абзал мектепте оқып жүргенде түрлі ғылыми-танымдық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленді.

Бірнеше рет география пәнінен мұғалімі Жәнібеков Беріктің жетекшілігімен аудандық, облыстық олимпиадаларға қатысып, жеңімпаз атанды. 2007 жылы А.Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университеті, экономика факультеті, ЭЕА-715 тобына студент қатарына қабылданды. Университет қабырғасында да қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Ол – студенттік ректорат мүшесі, 1-курста «Экономика» клубының төрағасы, 2-курстан бастап студенттік ректоратта қоғамдық құқықтық қатынастар проректоры, студенттік ректор кеңесшісі т.б қызметтер атқарды. Осындай түрлі қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүріп, Қазақстан студенттер альянсы, Түркістан – Кентау аймақтарының көшбасшысы болды.

Қоғамдық жұмыстарда белсенділік пен оқуда жетістікке жеткені үшін университет президенті Л.Тәшімов мырзаның «Ата-анаға Алғыс хаты» мен түрлі марапаттаулар, Түркістан қаласының әкімінің, Қызылорда қаласының әкімінің «Алғыс хаттарымен» бірнеше мәрте марапатталған. 2011 жылы Түркістан қаласындағы А. Яссауи атындағы қазақ-түрік университетін бітіріп шығады.

Еңбек жолын 2008 жылы Жалағаш ауданында «Темірқазық» қоғамдық бірлестігінің үйлестірушісі қызметінен бастап, біліктілігі арқылы сол бірлестіктің төрағасы болады. 2011 жылдан бастап Жалағаш аудандық ішкі

саясат бөлімінде жетекші маман, одан бас маман лауазымына дейін көтерілді. 2013 жылы облыстық ішкі саясат басқармасының бас маманы қызметіне кірісті.

Өзінің ұйымдастырушылық қабілеті мен еңбекке деген адалдығының барысында 2014 -2015жылы Жалағаш аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы қызметін абыроймен атқарды. Ол Қазақстан Республикасы жастар саясатын дамытуға қосқан үлесі үшін Білім және Ғылым министрінің «Алғыс хатымен» марапатталып, 2012 жылдың «Ең үздік мемлекеттік қызметші» атағын алды. Халқына адал, білім мен білікті қатар меңгерген талантты да талапты жас, Сыр елінің адал перзенті, жасындай жарқыраған аяулы азамат Қанбаев Абзал Болатұлы 2015 жылы науқастан арамыздан ерте кетті, қайтпас сапарға аттанды.

Бейнеролик «Абзал Қанбаев»

- Ортамызда Абзал Болатұлының апасы, мектебіміздің ұстазы Қанбаева Шолпан Қырғызбайқызына бірнеше сауалдар тізбегін қоюды жөн санап отырмыз:

- Шолпан апай, Абзалды Сізден артық ешкім білмес десек қателеспеген болар едік. Абзалдың балалық шағын бізге айтып беріңізші.

- Ол қандай жетістіктерге жетті?

- Оның бойында қандай адами қасиеттер ұшқыны байқалатын еді?

- Достарымен қарым-қатынасы, сыйласуы жөнінде не айта аласыз?

- «Жақсының аты өшпейді» дейді. Абзалды еске алуға арналған дәстүрлі турнирлер туралы айтып өтсеңіз.

- Оның бойындағы қандай қасиеттерді алдыңызда отырған шәкірттеріңізге үлгі етесіз?

Абзалға арнау.

Жүргізуші:

Қанбаев Абзал Болатұлы небәрі 26 жасында бұл фәнимен қоштасты. Оның қазасына күллі Сыр елі күңіренді. Ол – талант! Абзал жігерлі жас болатын ! Абзал – нағыз көшбасшы!

Бойындағы қарапайымдылық, адамгершілік ізгі қасиеттерін жоғалтпай, жастық жігерімен, маңдай терімен, қызметіне деген сүйіспеншілігімен, адалдығымен «Парасатты жан» болмысын бұзбай, жарқын бейнесін жүректерде жаңғыртты. Оның еңбекқорлығы мен ізденімпаздығы, шынайылығы мен шыдамдылығы жас ұрпаққа мәңгі мұра болып, көңілдерінде жатталсын деген ниетпен «Мен үлгі тұтатын парасатты жан» дөңгелек үстелімізді жабық деп жариялаймыз!

Келіп, қатысқандарыңыз үшін алғыс білдіреміз!

**«Айналаға қара» жобасы аясында аймақтық іс-шаралар өткізу
тәжірибесінен («Ауыл өмірі», «Қала өмірі») Ақмола облысы**

КЕЛІСІЛДІ

Ақмола облысы білім
басқарма басшысы

БЕКІТЕМІН

Ақмола облысы білім басқармасының
жанындағы облыстық балалар мен
жасөспірімдер туризмі, өлкетану және
экология орталығының директоры

**«Рухани жаңғыру» бағдарламаның
«Тәрбие және білім» қосымша бағдармасының
«Мамандар әлемі» қосымша жобасын іске асыру шеңберінде өткізілетін
«Бір апта ауылда» іс-шараның өткізілуінің**

ЕРЕЖЕСІ

1. Мақсаттар мен міндеттер

Ақмола облысының ауылдық секторын әлеуметтік және экономикалық, өнеркәсіптік, білім беру және демалыс саласының жүйесінде дамуын оқушыларға ұсынуы «Бір апта ауылда» іс-шараның мақсаты болып табылады.

Міндеттер:

- рухани-адамгершілік, патриоттық, эстетикалық тәрбиені дамыту, қоршаған ортаға, мәдени мұра объектілеріне ұқыпты қатынас қалыптастыру;
- ауыл тұрғындарының өмір сүру жағдайлары және өмір салтымен танысу, Ақмола облысының мәдени және тарихи мұра объектілерімен (мұражай, көрме залдары) танысу;
- қала мен ауыл арасындағы байланысты орнату.

2. Ұйымдастырушылар

Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі, өлкетану және экология орталығы» МКҚК

3. Өткізу уақыты мен орны

«Бір апта ауылда» әлеуметтік бастамалары 25.06.2018 ж. бастап 30.06.2018 ж. дейін Бурабай ауданында өткізіледі.

4. Жобаға қатысушылар

Ақмола облысы қалаларының 9-11 сынып оқушылары.

5. Әлеуметтік серіктестер мен стейкхолдерлер

«Қымызнай» ШҚ, «Круиз» ЖШС, «Бурабай» МҰТП, Бурабай ауданының мұражайлары.

6. Қаржыландыру

Жобаны іске асыру үшін, қатысушылардың тамақтандыруы, орналастыруы шығындары «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруға арналған бюджет қаражатынан жүргізіледі.

7. Өтініш беру мерзімі мен тәртібі.

АЖТ, туған күнін, сыныптың, мектептің белгілеуімен жіберетін ұйымның мөрімен расталған, жобаға қатысуға іс-сапарға жіберілгені туралы бұйрықтың үзінді көшірмесі бар өтініш Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі, өлкетану және экология орталығына 21 маусымға дейін келесі мекенжайға жіберіледі: Көкшетау қ., Елемесов көшесі, 45, тел./факс: 8 (716 2) 25 67 23. E-mail: astyr2005@mail.ru тел номері.

Делегация өкілінде келесі құжаттар болуы қажет: сенімхат, туу туралы куәлігінің немесе жеке куәлігінің көшірмелері, денсаулығы туралы медициналық анықтама, инфекциялық ауруларының болмауы туралы анықтамалыры (әр қатысушының).

**Ақмола облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі,
өлкетануы және экологиясы орталығының
«Бір апта ауылда» жобасы бойынша жүргізілген жұмыстарының
Есебі**

Тағы да «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында «Айналаға қара» республикалық ішкі жобасы іске асырылды. Дәл сондай «Бір апта ауылда» аталатын бірқатар іс-шараларды біз 2017 жылдың желтоқсанында өткізген болатынбыз, бірақ қыстың күні ол өте ыңғайсыз, суық және көктайғақ. Сондықтан осы іс-шараның жазғы нұсқасын мал фермасының қасында киіз үйде тұрып өткізіп көрейік дегенбіз. Алайда бір апта бойы жаңбыр жауып, Көкшетау, Степногорск, Ақкөл және Ерейментау қалаларынан келген 53 қатысушы маусымның 25-інен 30-ына дейін «Звездный» БСО-нда орналасты.

Іс-шаралардың мақсаты: ауыл өмірімен және тұрмысымен танысу, біздің өлкеміздің тарихы мен мәдениетін білу, шаруашылықтарға, оқу орындарына, еліміздің елордасы «Астана» қаласына бару.

Стейкхолдерлер: «Есіл-Агро» ЖШС, Щучинск қ. туризм және сервис индустриясы колледжі, Щучинск қ. жоғарғы колледжі, «Бурабай Даму» ЖШС, «Круиз» ЖШС, Ақмола облысының ІД.

Қатысушылардың келген күні қазақ музыкалық драма театрының актерлері «Опа-топа немесе Туған күн қайда?» қойылымын көрсетті, ал кешке қарай танысу кеші болды.

Отанды сүйу – Отаныңмен бір өмірді сүру және онда мереке болғанда қуану. Сол себептен, осы мерейтойлы жылда біз іс-шарамызды Астана қаласынан бастап, Қазақстан Республикасының қарулы күштер музейіне бардық.

Музей қоры сирек және ерекше жәдігерлерді қамтиды, соғыс тарихы туралы және халқымыздың ежелгі заманнан бергі бүгінгі күнге дейінгі мәдениетін баяндайды. Экспозиция залдары да өзгеше: Қарулы күштер залы, «Ежелден ХІХ заманға дейін» залы, ХХ ғасырдың соғыс тарихы залы, ХХ-ХХІ ғасырдың қару-жарақтары залы, бейнелеу өнері залы, «Қазақстанның әскери ісінің тарихы» атриумы. Аталған атриумда еліміздің қорғау қабілетінің дамуы өткен ғасырлардан бүгінге күнге дейін барельефтер қатарымен көрсетілген. Барельефтерде оған қоса әр түрлі тарихи кезеңдерде қолданған көшпенді жауынгерлердің қару-саймандары бейнеленген және қазіргі кездегі Қазақстанның қарулы күштерінің барлық әскер түрлері көрсетілген: жаяу әскер, ауа қорғаныс күштері, әскери-теңіз күштері.

Экскурсия барысында біз түрлі қарулармен таныстық: тапаншалар, автоматтар, граната атқыштар, пулеметтер, ХХ-ХХІ ғасырдың авиациялық ату құралдары. Сөрелерде тапаншаның көптеген түрлері, азаматтық соғыс кезінің тапаншалары, ҰОС кезінің тапаншалары, қазіргі кезде қолданылатын тапаншалар, спорттық қарулар, ату жарақтары, авиацмиялық снарядтар, жаяу әскерге қарсы қойылатын және танкқа қарсы қойылатын миналар болды.

Одан кейін Есіл өзенінің оң жағалауындағы Бейбітшілік және келісім сарайы мен «Қазақ елі» монументінің қасында орналасқан Хазрет Сұлтан мешітіне бардық. Бұл жер Қазақстан халқының бірлігінің, оның тарихының ұлылығының және рухани қазынасының нысаны.

Астана қаласының ерекше жерлерінің бірі «Нұр Әлем» павильонына да бардық. Ол екі шусыз істейтін жел генераторларымен жабдықталған дүние жүзінде жалғыз сфера пішіндес ғимарат.

«Нұр Әлем» - 8 қабатты болашақтың музейі: «Ұлттық павильон» (екі зонаға бөлінген: Қазақстанмен танысу және «Жасампаз энергия»), «Су энергиясы» (судан энергияны алу үрдісі көрсетілген), «Кинетикалық энергия» (онымен байланысты тарихи артефактілермен таныстырады), «Биомассалар энергиясы» (өсімдектер көрсетілген), «Жел энергиясы» (желдің әр түрлі жылдамдығы салыстырылған), «Күн энергиясы» (оны қолдану тәсілдерімен таныстырады), «Ғарыш энергиясы» (ғарыштан энергия алу жайында әр түрлі ойлар қарастырылған) және «Болашақ Астана» (Астана қаласының 2050 жылғы үлгісі көрсетілген). Болашақ музейінің экскурсиясы барлығына ұмытылмас әсер етті.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің кітапханасы да барлығына ұнады. Бұл Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қайталанбас ақпараттық-идеологиялық кешені. Осы ғимарат музей, кітапхана, мұрағат, аналитикалық, мәдениет пен білім беру және ғылыми орталықтың қызметін атқарады. Онда ерекше құнды материалдар бар, кітапхана заманауи технологиялармен жабдықталған. Тұңғыш Президент кітапханасы – ұлттық мәдени-тарихи мұра. Кітапхананың баспасөз қызметі менен сұхбат алды, ал Ким Камила және Кочаганов Даниял кітапхана жайында өз пікірлерімен бөлісті.

